

Жаһандық диалог

11.3

Жылына 3 рет бірнеше тілде шығады

Нэнси Фрейзермен
әлеуметтану жайлы әңгіме

Армин Турнхер

Теориялық
перспектива

Майкл Файн
Г. Гюнтер Восс

Жұмыс және еңбек

Рәфия Қазим, Крис Тилли,
Брижит Ауленбахер, Ванесса
Бенажа, Вероника Прилер,
Дженнифер Стайнер, Хелма Лутс,
Карин Швитер, Рут Кастел-Бранко,
Сара Кук, Ханна Даусон, Едвард
Уебстер, Сандисва Мапуката,
Шафи Верачия, Келли Хаусон,
Патрик Фойерштайн, Фонда
Устек-Спилда, Алессіо Бертолини,
Ханна Жонстон, Марк Грэм

Антропоцен:
Сыни айтыстар

Ариел Салле
Секо Йонейма
Гайа Жулиани
Улрих Бранд
Маркус Уиссен
Жейсон У. Мур

Мағриб әлеуметтануы

Мүнир Сайдани
Мұхаммад Елтобули
Хасан Ремаун

Ашық бағана

- > Covid аясындағы теңсіздікті жою
- > Кун философиясындағы Ибн Халдун парадигмасы
- > Әлеуметтік қиял және Бразилиядағы құқық әлеуметтануы


ЖУРНАЛ



БАСЫЛЫМ 11 / Шығарылым 3 / ЖЕЛТОҚСАН 2021
<https://globaldialogue.isa-sociology.org/>

GD

International
Sociological
Association
isa



> Редакциядан

Климаттың өзгеруі мен экологиялық апаттар, сенімсіз жұмыс, еңбек жағдайының нашарлығы мен қайыршылық, бүкіл әлемдегі экономикалық және әлеуметтік теңсіздік бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бір парасы ғана. Әлеуметтанулық пікірталастарда қазіргі заман мен капитализм туралы, сонымен қатар прогресс пен өсім идеяларымен қатар экономикалық жүйенің экологиялық және әлеуметтік ұдайы өндіріске қауіп төндіріп тұрғаны жайындағы терең пайымдарды байқаймыз. Жаһандық Диалогтың осы шығарылымында негізінен адам мен табиғат арасындағы өзара қарым-қатынастар және экономикалық принциптер, әлемнің шартарабындағы жұмыс пен еңбекке, сонымен қатар өмір сүру бейнесіне қатысты басым тұжырымдар түрткі болған мәселелерді талдауға назар аударылады. Кейбір мақалалар классиканы қозғайды, енді бірі жаңа құбылыстарды болашақтағы өзектілігі тұрғысынан талдауға тырысса, үшінші топ заманауи оқиғаларды сараптаудың маңызы төңірегінде ой тастайды.

Шығарылым белгілі аустриялық журналист Армин Турнхердің АҚШ-тағы ең танымал, әйгілі америкалық философ және сыни теоретик Нэнси Фрейзермен сұқбатынан басталады. Ол солшыл жеке тәжірибесін баяндай отырып, заманауи капитализмге өзіндік талдауын ұсынады және пандемияны өмірдің әлеуметтік және экологиялық негіздерін жоятын және құрдымға кетіретін экономиканың салдары ретінде қарастыру қажет екенін көрсетеді.

Теориялық бөлімде Майкл Файн күтім мен күту еңбегі қызметінің маркетизациясы жалғасып отырғанын, сонымен бірге тиісті басқару түрлері және олардың салдарын күтімді жеткілікті дәрежеде қамтамасыз ете алмау және еңбек жағдайының нашарлығы тұрғысынан сараптайды. Пандемия және, әсіресе сонымен байланысты қарттар үйіндегі өлім жағдайы осындай нарық қоғамның жойқын сипатын көрсетеді. Г.Гюнтер Восс классиктер мен философия, саясаттану, саяси және әлеуметтік ғылымдардың заманауи классиктеріне сүйене отырып, жұмыс пен еңбек хақында терең пікірталасқа түседі. Сонымен қатар оның мақаласы ақылы және ақысыз жұмыс пен еңбектің күрделі өзараықпалы және қоғамдық өмір үшін маңызын жария етеді.

Алғашқы топтама теориялық ой мен эмпириялық пайымдарды біріктіре отырып, жұмыс пен еңбек туралы пікірлерді жалғастырады. Әлемнің шартарабына саяхаттауға шақырып, жұмыс пен еңбектің алуан түрлерін зерттейді және тиісті еңбек жағдайларын талдайды. Рафия Қазим пандемияның Үндістандағы еңбек мигранттарына қалай ықпал етіп отырғанын көрсетсе, Крис Тилли тұрақсыз және

биресми жұмыстың жаһандық сипаты туралы ой қозғайды. Аустрия, Германия мен Швейцарияда жүргізілген салыстырмалы зерттеу үйде күтім жасау жағдайындағы дәрігерлік көмектің әртүрлі тәсілдерін суреттейді. Оңтүстік Африка мен Ұлыбритания ғалымдары цифрлық жұмысқа назар аударады, алгоритмдердің қызметі мен ықпалын, Жаһандық Оңтүстікте платформа жұмысының өзектілігін және болашақ мүмкіндіктерін, сондай-ақ онлайн-концерттер экономикасы мен «бүлтты жұмысшылар» деп аталатын топтың қауіпсіздігін талқылайды.

Екінші симпозиум антропоцен концепциясы төңірегіндегі сыни пікірталастарға арналған. Кейбір авторлар осы мәселе туралы көзқарастарына тың серпін беріп жатқан болса, басқалары аталмыш ұғымды неғұрлым сыни тұрғыда қарастыруды ұсынады. Барлық материалдар адамдар мен табиғат (адами емес) арасындағы иерархиялық қатынастар жөнінде сыни пайымдарды жария етеді және ағымдағы әлеуметтанулық пікірсайыстарда тақырыптардың кең ауқымын талқыға салады. Ариел Салле табиғаттың заманауи тұжырымы мен билеп-төструдің капиталистік және патриархаттық түрін әлеуметтік қозғалыстардың экосоциалистік, экофеминистік идеялары мен ұстанымдарына қарсы қоя отырып, сынайды. Ғылыми ізденістердің әртүрлі бағыты өкілдері Шоко Йонейма мен Гайа Жулиани шектеулерімен қоса адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынастарды қайта қараудың саналуан ұстанымдары мүмкіндіктерін талқылап, антропоценнің заманауи диагностикасына басымдық береді. Улрих Бранд пен Маркус Виссен «империялық өмір салты» және оған тән еңбек пен табиғатты қанау әдістерінің гегемондыққа ие болуы мүмкіндігін зерттейді. Осы көзқарасқа сәйкес, Жейсон У.Мурдың ойы антропоцен концепциясының идеологиялық екенін жоққа шығарады және оның орнына капиталоценнің геотарихи талдауды дұрыс деп табады.

Әлеуметтанудың дамуы үшін тың идеялардың маңызы зор. Мүнир Сайдани Мағриб әлеуметтанушыларының мақалаларын жинақтады. Алжир, Тунис пен Ливия көзқарастарын біріктіре отырып, олар аймақтағы ғылыми қауымдастық, зерттеу мен білім беру, кәсіби және көпшілік (емес) әлеуметтануды сипаттайды. Соңғы, бірақ маңызды нәрсе: «Ашық бағана» Замбияда бұқара халықтың пандемия кезіндегі әрекетіне талдауын, Ибн Халдунның жаңа ғылымы парадигмасын талқылауды және бразилиялық құқық әлеуметтануы аясында қиял концепциясы туралы пайымдарды ұсынады. ■

Бриджит Ауленбахер мен Клаус Дөрре,
Жаһандық Диалог редакторлары

> **Жаһандық Диалог бірнеше тілде [website](https://globaldialogue.isa@gmail.com) орналастырылған.**

> **Мақалаларды globaldialogue.isa@gmail.com жіберуге болады.**

isa International
Sociological
Association

**GLOBAL
DIALOGUE**



> Редакциялық алқа

Редакторлар: Бриджитт Ауленбахер, Клаус Дёрре.

Редакторлардың көмекшісі: Йоханна Грубнер, Уалид Ибрахим.

Редактордың орынбасары: Апарна Сундар.

Басқарушы редактор: Лола Бусуттил, Август Бага.

Кеңесші: Майкл Буравой.

Медиа кеңесшілер: Хуан Лейжарага

Редакциялық кеңес: Сари Ханафи, Джеффри Плейерс, Филомин Гуттиерес, Элоиза Мартин, Савако Ширахазе, Изабела Барлинска, Това Бенски, Чих-Жой Жай Чен, Ян Фриц, Коичи Хасегава, Хироши Ишида, Грейс Хуню, Элисон Локонто, Сюзан МакДаниель, Элина Ойнас, Лаура Осо Касас, Бандана Пуркаяшта, Рода Рэддок, Мунир Сайдани, Айше Сактанбер, Сели Скалон, Назанин Шахрокни.

Аймақтық редакторлар:

Араб әлемі: (Тунис) Мунир Сайдани, Фатима Радхуани, Хабиб Хадж Салем, (Алжир) Сурая Мүлүджи Гарруджи, (Марокко) Әбделхади әл Халхоули, (Ливан) Сари Ханафи.

Аргентина: Магдалена Лемус, Хуан Парсио, Мартин Уртасан.

Бангладеш: Хабидул Хондкер, Хайрул Чоудури, Мұхаммед Жасим Уддин, Бижой Кришна Баник, Себак Кумар Саха, Сабина Шармин, Абдур Рашид, М. Омар Фарух, Мұхаммед Жахирул Ислам, Саркер Сохел Рана, Шахидул Ислам, АА.В.М. Нажмус Сакиб, Иашрат Жаан Айемун, Хелал Уддин, Масудур Рахман, Сика Парвин, Ясмин Султана, Рума Парвин, Екрамүл Кабир Рана, Шармин Актер Шапла, м-р Шахин Актар

Бразилия: Густаво Танигутти, Анжела Мартинс Джуниор, Андреса Галли, Дмитри Чербончини Фернандеш, Густаво Диас, Хосе Гюардо Нето, Жессика Мазини Мендеш.

Франция/Испания: Лола Бусуттил.

Үндістан: Рашми Жаин, Ниди Бансал, Маниш Ядав, Сандип Мил.

Индонезия: Каманто Сунарто, Хари Нугрохо, Лусия Ратих Кусумадеви, Фина Итрия, Индера Ратна Иравати Паттинасарани, Бенедиктус Хари Жулиаван, Мұхаммад Шохибуддин, Домингус Элид Ли, Антониус Арио Сето Харджана, Диана Тереза Пакаси, Нурул Айни, Гегер Риянто, Адития Прадана Сетиади.

Иран: Рейханех Жавади, Нияеш Долати, Аббас Шахраби, Сайед Мұхаммад Муталлеби.

Қазақстан: Айгүл Забиров, Баян Смағамбет, Әділ Родионов, Алмаш Тілеспәева, Қуаныш Тел, Алмагүл Мүсина, Ақнұр Иманқұл, Мадияр Алдияров.

Румыния: Ралука Попеску, Райса-Габриела Замфиреску, Юлиан Габор, Моника Геореску, Иоана Джанус, Бианка Михайла, Мариа Стойсеску.

Ресей: Елена Здравомыслова, Анастасия Даур, Дария Холодова.

Тайвань: Ван-Ю Ли, Тао-Юн Лу, Цунг-Жен Хун, Ю-Чиа Чен, Ю-Вен Лиано, По-Шун Хоң, Керк Жи Хао, И Шио Ханг, Чунг-Вей Хуанг.


Түркия: Гүл Шарбаджоғлы, Ирмак Эврен.



Нэнси Фрейзер Армин Турнхермен сұқбатта солшыл тәжірибесі туралы пайымдайды, заманауи капитализмнің дербес сараптамасымен бөліседі және пандемияны өмірдің әлеуметтік және экологиялық негіздерін шірітетін және бүлдіретін экономиканың салдары екенін түсіндіреді.



Бұл топтама теориялық пайымдар мен эмпириялық нәтижелерді үйлестіре отырып, әлем бойынша жұмыс пен еңбектің саналуан түрлерінің талдауын ұсынады.



Белсенді талдауға түсіп отырған **антропоцен** тұжырымдамасы осы пікірталаста алдыңғы теориялық негіздемелер мен әртүрлі көзқарастар тұрғысынан сыни сараптау арқылы қарастырылады.



Жаһандық диалог SAGE Publications ұсынған риясыз грант негізінде жүзеге асып отыр.

> Осы шығарылымда

Редакциядан 2

> ЭЛЕУМЕТТАНУ ЖАЙЛЫ ӘҢГІМЕ

Пандемия – капиталистік иррационалдықтың мінсіз дауылы Нэнси Фрейзермен сұқбат
Армин Турнхер, Аустрия 5

> ТЕОРИЯЛЫҚ ПЕРСПЕКТИВА

Пандемия жағдайындағы қарттар үйіндегі өлім
Майкл Файн, Аустралия 9

Еңбекті заманауи теориялаудың бағыттары
Г. Гюнтер Восс, Германия 12

> ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЕҢБЕК

COVID-19 және үндістандық жұмысшы мигранттар
Рәфия Қазим, Үндістан 16

Бейресми және прекариаттық жұмыс жаһандық тұрғыда
Крис Тилли, АҚШ 18

Аустрия, Германия, Швейцариядағы күрмеулі күтім
Брижит Ауленбахер және **Вероника Прилер**, Аустрия;
Ванесса Бенажа және **Хелма Лутс**, Германия; **Карин Швитер** және **Дженифер Стейнер**, Швейцария 20

Цифрлық дәуірдегі жұмыстың болашағы
Рут Кастел-Бранко, **Сара Кук**, **Ханна Даусон** және **Едвард Уебстер**, Оңтүстік Африка 23

Алгоритмдік бақылауды декодтау
Сандисва Мапуката, **Шафи Верачия** және **Едвард Уебстер**, Оңтүстік Африка 25

Онлайн еңбек платформалары: есеп бермейтін билік?
Келли Хаусон, **Фунда Устек-Спилда**, **Алессио Бертолини** және **Марк Грэм**, ҰБ; **Патрик Фойерштайн**, Германия; **Ханна Жонстон**, АҚШ 27

> АНТРОПОЦЕН: СЫНИ АЙТЫСТАР

Ұстап қалу – еңбек және эпистемология
Ариел Салле, Оңтүстік Африка 29

Миязаки анимесі: антропоцен үшін анимизм
Шоко Йонейма, Аустралия 31

Антропоцен және оның наразылығы
Гайа Жулиани, Португалия 33

Империялық өмір сүру бейнесі және капиталистік гегемония
Улрих Бранд пен **Маркус Уиссен**, Германия 35

Антропоценге мән бермеу: капиталоцендегі адам және табиғат
Жейсон У. Мур, АҚШ 37

> МАҒРИБ ЭЛЕУМЕТТАНУЫ

Мағриб элеуметтануы: тарихы және болашағы
Мүнир Сайдани, Тунис 39

Ливиядағы элеуметтану
Мұхаммад Елтобули, Ливия 40

Алжирдегі элеуметтану: оқыту, қолдану және мәртебесі
Хасан Ремаун, Алжир 42

Тунис элеуметтануы: үштік дағдарыспен бетпе-бет
Мүнир Сайдани, Тунис 44

> АШЫҚ БАҒАНА

Covid аясындағы теңсіздікті жою
Уилма С. Ншито, Замбия 46

Кун философиясындағы Ибн Халдун парадигмасы
Махмұд Дауади, Тунис 48

Элеуметтік қиял және Бразилиядағы құқық элеуметтануы
Франсиско Беде және **Габриэл С. Серкейра**, Бразилия 50

“Тек қамқорлық, өзін күту және Жерді аялау ұштағаны арқылы ғана адами және адами емес пен жансыз өмір алдындағы адамның жауапкершілігі саяси құндылыққа айналады”

Гайа Жулиани

> Пандемия - капиталистік

иррационалдың мінсіз дауылы

Нэнси Фрейзермен сұқбат



Белсенді талдауға түсіп отырған антропоцен тұжырымдамасы осы пікірталаста алдыңғы теориялық негіздемелер мен әртүрлі көзқарастар тұрғысынан сыни сараптау арқылы қарастырылады.

2021 жылдың мамырында белгілі философ, сыни теоретик және әлеуметтік зерттеулер Жаңа мектебінде әлеуметтік және саяси ғылымдардың Генри А. және Луиза Лоеб профессоры **Нэнси Фрейзер** салмақты аустриялық апталық *Falter*-дің негізін қалаушы және басып шығарушы **Армин Турнхермен** ашық сұқбат құру үшін кездесті. Вена қаласы басшылығы, Орталық еуропалық университет, Вена университеті, Венаның экономика және бизнес университеті, Вена еңбек палатасы және Халықаралық Карл Поланьи қоғамы ұйымдастырған Карла Поланьиге бірінші рет шақырылған профессор ретінде Нэнси Фрейзер мен саяси журналист ретінде Армин Турнхер қазіргі заманның өзекті мәселелерін тілге тиек етеді. *Жаһандық Диалог* ұсынып отырған сұқбат Нэнси Фрейзердің солшыл көзқарастарының жеке тәжірибесін және оның капитализм мен пандемияны талдауын көрсетеді.

А.Т.: *Нэнси Фрейзер, америкалық саяси философ қалай социалист бола алады? Сіз 1968 жылдың ұрпағына жататын шығарсыз, бірақ ол ұрпақтан социалист болғандар некен-саяқ. Бұл қалай болды?*

Н.Ф.: Нәсілдік белгі бойынша қатаң жіктелген, сол кезде Джима Кроу деп аталатын Мэриленд штатындағы Балтиморда туып өстім. Бала кезімде маған ол жүйе қалыпты көрінетін, тіпті дұрыс емес сияқты көрінгенде

де бірдененің әйтеуір оң емес екенін сезетінмін. Бірақ азаматтық құқықтар үшін қозғалыс, жіктелуге қарсы күрес күтпеген жерден балалық шағымды және отбасылық жағдайды қайта зерделеуге итермеледі. Ата-анам Франклин Рузвельтті жақтаушы либералдар еді, бірақ олар уағыздаған ұстанымдарына сай әрекет еткен жоқ деген қорытынды жасадым. Өзімнің жасөспірімге тән күрескер рухымды саяси салаға бағыттадым – әуелі азаматтық құқықтар үшін күреске, кейін Вьетнамдағы соғысқа қарсы,

>>

одан әрі қарай ұрпағыма тән қалыпты жолға түсіп, SDS-қа (Студенттер демократиялық қоғам үшін), феминизмге және т.с.с. қосылдым.

Сізге қалай социалист болғаным туралы шағын анекдот айтып берейін. Вьетнамдағы соғысқа қарсылық қозғалысына қатыса бастадым. Біз жас америкалықтарды шақыру қағазын өртеп, әскерге барудан бас тартуға үндедік. Осындай аса радикалды жағдайда Вьетнамдағы буддизм монахтарының соғысқа қарсылық белгісі ретінде өздерін жағып жіберуі туралы хабарларға қатты ұйыдым. Сізге сол уақыттың қаншалықты ақылға сыйымсыз болғанын жәй түсіндіргім келеді, колледждің балаң студенті едім және «егер сіз соғысқа қарсы екеніңіз рас болса, онда өзіңізді неге өртемейтініңізді қалай ақтайсыз?» деп, айналшықтап жүрдім. Бақытыма орай, бір троцкистермен жолықтым және маған олар: басқа жол бар екеніне назар аудар, – деді (күлді). Осылайша социалист болдым және SDS-тың социалистік қанатына қосылдым.

Кейінірек Құрама Штаттарында қысқа уақытта социалистік революция болуы мүмкін деген бастапқы ойымның қиял екенін түсіндім. Дегенмен, содан бері Жаңа солшылдардың құндылықтары және рухы мен үшін аса маңызды. Басты адамгершілік интуициям мен саяси көзқарастарым түбегейлі өзгерген жоқ. Мен әбден сұңғыламын деген сенімдемін, және осындай интуиция мен көзқарастарды дамыту дегеннің не екені туралы көбірек білемін деп есептеймін. Бірақ 68-ші жыл мен үшін шешуші болып қалды..

А.Т.: Пір тұтар ұстаздарыңыз кім және академиялық ықпал қалай болды?

Н.Ф.: Әуелде классиканы, грек пен латынды үйрену үшін қыздарға арналған элитарлық Bryn Mawr College-де оқыдым. Ұстазым - ұлы ақын және «Илиаданы» аударған Ричмонд Латимор, колледжде сол кісіден білім алу мақсатында арнайы барғанмын. Содан кейін қатты қызықтырған философияға тез арада көңілім ауды, соған қарамастан бойымдағы лингвистикалық білімімді пайдалануды жалғастырдым. Бірақ алпысыншы жылдардың басында алған классикалық білімнің дәл сол кезең үшін қажет емес екенін сездім. Бойымдағы белсенді «мен» жеңіп шықты. Өзіме тән екі құмарлығыммен, яғни саяси және интеллектуалдықпен шынында күресуіме тура келді. Осы екеуін де қатар ұстау керектігін түсінуіме көмектескен ардақты ұстазым, қазір Жаңа мектептегі әріптесім Ричард Дж. Бернстайн еді. Ол мені Франкфурт мектебімен таныстырды. Осы дәстүр аясында жазылғандардан оқыған алғашқы кітабым Герберт Маркузенің «Бір шамадағы адамы» әлемді түсінудің қалыпты стереотиптері қоғамдық өмір туралы ойымның түсіндіруден гөрі, мистификацияға жақынырақ екенін көрсетті.

А.Т.: Карл Поланьи Сіздің өміріңізге қалай енді? Сізге ол тарихшы ретінде немесе көпшілік тіпті сезбейтін

үстем идеологиясы бар Хайекке ұқсастығымен қызық па?

Н.Ф.: Поланьимен алғашқы кездесуім Bryn Mawr-дегі студенттік жылдары болды. Сонда саясаттану курсынан «Ұлы трансформацияны» оқыдым. Бірақ сол кезде маған аса ұнамады, өйткені бар ынтам Марксте еді және онымен салыстырғанда Поланьи әсерсіз болды деп санаймын. Арада көп жыл өткеннен кейін ғана Поланьиді қайта оқығанда оның керемет ойшыл, кітаптың аса құнды қазына екенін түсіндім. Сонымен оны оқи бастадым. Қайта оқып, зерттей бастағанда маған зор ықпал етті. Содан өз көзқарасымды «қос Карлдың», әрқайсысы аса терең, бірақ сонымен қатар кейбір қара дақтары бар Маркс пен Поланьидің айналасында деп ойлай бастадым. Осылайша жобамды қос Карлдың идеяларын қара дақтарды еңсеруге мүмкіндік беретін ортақ, анағұрлым жалпылама құрылымға біріктіруші ретінде таныдым. Шынына келгенде олай емес. Менің назарымда – қос Карл ғана емес, «қос Карл плюс», бұл жерде «плюс» дегеніміз – Маркс пен Поланьи жеткілікті дәрежеде ешқайсысын дамыта алмаған феминистік теория, экологиялық теория, антиколониалдық және антиимпериялық теориялар.

А.Т.: Пандемия жайында айтайықшы. Пандемия туралы ойлағанда, ол бір табиғи апат, адам қолымен жасалмайтын күтілмеген нәрсе деп есептейміз. Болашақ кітабыңыздағы осы хақында жазбаны оқығаннан кейін мәселеге басқаша қарай бастадым. Толықтыруыңызды өтінемін.

Н.Ф.: *Cannibal Capitalism* [«Қанішер капитализм»] кітабының басым бөлігі Covid шықпай тұрып жазылған еді, бірақ кітапта «Капиталистік иррационалдық пен әділетсіздіктің мінсіз дауылы» деп аталатын соңғы сөз бар. Пандемияны капитализмнің бүкіл иррационалдығы мен әділетсіздігінің түйіскен нүктесі деп қабылдаймын. Әуелде мен де Сіз сияқты вирусқа табиғи апат ретінде қараған бастапқы көзқарасты жақтадым. Дегенмен, сол уақыттан бері эпидемиологтар адамдарға басқа түрлерден таралатынды зоонозды секіріс деп атайтынын білдім. COVID-19 таратқан вирус үңгірде тіршілік ететін, адамдардан қашықта орналасқан жарқанаттардан жұғады. Ұзақ уақыт бойы олар ешкімге қолайсыздық туғызбады. Бірақ бірнәрсе осы жарқанаттарды аралық немесе тасымалдаушы түрмен байланысқа түсіріп, осы түрдің бізге жақындауына алып келді. Осылайша вирусты жұқтырдық. Енді осы жерде сұрақ туады: бұрын бір-бірінен қашықта болған түрлердің жақындасуына не себеп болды? Бұл жерде екі нәрсе бар: жаһандық жылыну және тропикалық ормандардың жойылуы, екеуі де жойылып бара жатырған немесе жерсінбейтін түрлердің тіршілік етудің қолайлы жаңа орындарын іздеген жаппай миграциясын тудырып отыр. Нәтижесінде жаңа тіршілік ету алаңын іздеген көп ағзалар бұрын табиғатта ешқашан кездеспеген жаңа түрлермен байланысқа түседі. Міне нәтиже: жаңа зоонозды вирусты тарату басталды. Айтпақшы, корона вирусының бұрынғы SARS пен

MERS, сондай-ақ Эбола және ЖИТС сияқты түрлерінің таралуы да осындай динамикамен түсіндіріледі. SARS жарқанаттардан циветта мен адамдарға жұқты. MERS жарқанаттардан түйе мен адамға таралды. Ғылым әлі толық дәлелдемеді, дегенмен COVID-19 бізге кесірткелер немесе басқа тасымалдаушы түрлерден жұғуы әбден мүмкін. Тоқ етерін айтсақ, әр жағдайда қозғаушы күш жаһандық жылыну мен тропикалық ормандардың сиреуі. Сонымен, мұның артында не тұр? Капитализм. Жаһандық жылынуға парниктік газбен ауаны ыластау арқылы алып келген жүйе. Пайдалы жер қазбаларын өндіру және мүйізді ірі қара малды өсіру үшін сыңсыған орманды отаған да - осы жүйе. COVID-19 – капитализмнің шаранасы. Біз қашып құтылатын соңғы пандемия емес екені сөзсіз. Өйткені – негізгі себептері жойылған жоқ. Олай болса, пандемия – табиғи, бірақ сонымен бірге табиғи емес. Ол – капитализм тұрақсыздандырып отырған табиғат.

А.Т.: Сонымен бірге, таң қаларлық жәйт – капитализм вакцинаны жылдам дайындады. Дағдарыс арқылы ол креатив бола түсуде. Екінші жағынан бұл капитализмнің түйткілі емес пе?

Н.Ф.: Иә әрі жоқ. Біз жеке ұстаным тұрғысынан денсаулық туралы көбірек ойлаймыз. Алайда, оның инфрақұрылымдық жағы бар ғой және пандемия сол тұсқа назар аудартты. Бұл – жолдар, көпірлер және табиғи инфрақұрылымды күтуге тиісті екеніміз сияқты, денсаулық сақтау инфрақұрылымын қолдаудың маңызды екенін көрсетті. Қазіргі кезде жекеменшік фирмалар денсаулық сақтау саласындағы төтенше оқиғаларға дер кезінде жауап беру мүмкіндіктерінің басым бөлігін бақылап отыр: жұмыс күші мен шикізат, құрылғылар және өндірістік қуат, тасымалдау тізбектері және интеллектуалдық меншік. Дегенмен, олар қоғамдық игілікке мүдделі емес. Оларды таза пайда, өз пайдасы және акциялардың құны қызықтырады. Біз мұны вакцинаға интеллектуалдық меншік ретіндегі ағымдағы күрестен нақты көріп отырмыз, себебі ол вакцинаның қоғамдық игілік ретінде бүкіл әлемде қолжетімді болатынын айқындайды, егер біз вирусты бақылауға алғымыз келсе, солай болуы тиіс те. Мемлекеттік денсаулық сақтау саласын жекеменшікке өткізу осы шараларды жүзеге асыруға үлкен кедергі болып отыр.

Енді мен Сіздің капитализмді қорғауыңызға көшейін. Өлбетте, біріншіден, вакцинаны жылдам жасауға мүмкіндік берген жұмыстың басым бөлігі мемлекеттік секторда, яғни АҚШ денсаулық сақтау саласының Ұлттық институттарында (NIH) жүргізілді. Осы мәселенің америкалық тарабын ғана дәл білемін, бірақ басқа да елдер де - әрине, Куба, Қытай және Ресейде, сонымен қатар мүмкін басқа елдерде – қоғамдық көмек іске асты. Не болғанда да «Moderna» вакцинасын жасау мүмкіндігіне қол жеткізген дайындық жұмыстарының қомақты бөлігін NIH жүзеге асырды. Интернеттегі сияқты. АҚШ қорғаныс министрлігі – Интернеттегі пионер. Ол қоғамдық игілік

ретінде бастау алған еді. Кейін, әрине оны Google, Facebook, Microsoft, Apple және т.б жаулап алды. Екі жағдайда да технология әу бастан мемлекеттік секторда жасакталған еді. Сонымен, капитализм мадаққа тұрарлық па, әлбетте түсініксіз. Ғылым мақтауға тұрарлық және ғылым қоғамдық қолдау арқасында да жақсы дами алатынын жиі байқатып отыр.

А.Т.: Бірақ мемлекетте де қиындық бар, ол неолибералданудың құрбаны болды және мемлекет ешкімге ұнамайды. Қытай сияқты авторитарлық мемлекеттер (Аустралия және Жаңа Зеландия сияқты өздерін шектеп, қатаң шараларды қолдана алатын демократиялық мемлекеттер) пандемиямен күресте табысқа жеткені анық. Еуропада қоғамдық денсаулық сақтау шараларымен салыстырғанда, азаматтық бостандықтар үшін қауіпті тым асыра бағалау тенденциясы бар.

Н.Ф.: Әсіресе, бұл мәселе АҚШ-та тіпті нашар. Джо Байденнің президенттік сайлаудағы жеңісін жою немесе мерзімін кейінге шегеруге үміттеніп 6 қаңтар күні АҚШ-та Капитолий ғимаратына басып кірген адамдар Трамп қолдайтын «мықты мемлекет» деп аталатын теорияны ұстанады. Олар мемлекеттік бақылауды күшейтуге бағытталған өтірік деп климатты мойындамағаны сияқты Covid-ты да мойындамайтын аса қитұрқы және қауіпті астыртын әрекет теорияларына сенеді. Бұл идеялардың тамыры қатаң индивидуалистік және либертариандық сипаттағы саяси мәдениетіміздің тереңінде жатыр. Ертеректен бері мемлекетке осылайша күмәнмен қарау қазір кезде оңшыл трампистердің популистік эхожүйесінде шиеленісу шыңына жетті. Солшыл ретінде менің мемлекеттерге қарсы, ең алдымен АҚШ-тағы, біршама بازیнам бар, мысалы Иракқа басып кіру және басқа да адам шошытатын әрекеттер. Егер білікті және ұлы державалардан тәуелсіз болса, халықаралық агенттіктерге жүгінуді қалар едім. Өкінішке орай, олай емес; ХДСҰ әлсіз және мүмкін өз жұмысын жақсы атқара алмай отыр. Не болғанда да денсаулыққа қатысты қазіргідей мәселе пайда болды, біз қолдағы бар мемлекеттік өкілеттіліктерге ғана иек артуға тиіспіз. Табысқа жеткен елдер – мен де Сіз сияқты Қытайды қосар едім, – халқы салыстырмалы түрде мемлекеттік билікке позитивті қарайтын елдер. Олар анағұрлым демократиялық мемлекеттік билікті қалауы мүмкін, бірақ олар есінен адасқан либертариандық индивидуалистер емес. АҚШ барын салып нарықты емес, күшті орнатқысы келді. Елде жүз миллион адамға тез арада екпе салынды, бірақ вакцинаға қатысты күмән мен қарсылық істі баяулатты. Мұндай жағдайда вакцина паспорттарын енгізу қажет деп санаймын. Сіз баскетбол ойынына, театрға барғыңыз келеді – Сізге екпе салынғаны туралы дәлелді немесе екпе алуға болмайтынын дәлелдейтін медициналық анықтаманы көрсету керек. Мүмкін бұл жеке бостандыққа қол сұғу болар. Дегенмен, дұрыс ынталандыру жасауды қажет ететін жағдайлар бар. Егер мейрамханаларда шылым шегуге тыйым салса және қауіпсіздік белбеуін тақпағаны

>>>

үшін жүргізушіге айыппұл салса – қалыпты, сол сияқты екпеден бас тартатын тұлғаларды да ғимарат ішіндегі қоғамдық жиындарға жібермеу керек.

А.Т.: Бақыланбайтын, мемлекетке қарсы және қоғамға жат коммуникациялар жағдайында, басқаша айтсақ әлемдік күшке айналған жаңа әлеуметтік желілерде Сіз қалайша келісімнің орнына ашу-ыза немесе келіспеушілікті тудырасыз?

Н.Ф.: Мен біз ыза туғызып отырмыз деп айтпас едім. Мен ашу-ызаны капитализм тудырып отыр деуім әбден мүмкін. Көпөлшемді жойқын жаһандық дағдарыстың, қоғамдық құрылысымыздың жалпы дағдарысының тап қайнаған өзегінде тұрмыз. Covid – осының бір қыры, бірақ көптеген басқа қырлары бар: экономикалық, экологиялық, әлеуметтік және саяси. Қалыптасқан жағдайда біздің саяси жүйе мен саяси көсемдеріміз осалдығын көрсетті деген пікір кең тараған. Ашу-ыза барлық жерде – және бұл дұрыс. Осы келіспеушіліктің айқын себептері мен нақты шешімдеріне қатысты қатты қателесетініне қарамастан оңшыл, авторитарлық және ерекше популизм – оның бір көрінісі. Сонымен қатар, дұрысын айтсақ, келіспеушіліктің басқа да түрлері бар: келіспеушіліктің неғұрлым рационалды, сенімдірек, азат ету формалары солшыл популизм мен Берни Сандерстікі сияқты қозғалыстар. Ашу-ыза бары анық. Дегенмен, Сіз дұрыс айтасыз, ол әлеуметтік желілер алгоритмдері мен неолиберал ортодоксиядан кең ауқымда бас тартқан

секілді көрінетін кезеңде топтық ойлау мен тұтынушылық өмір сүру әдісін бекітетін беделді тұлғалар секілді процестердің барлық түрімен астасып жатыр. Тоқ етері, бұл – күрделі ахуал. Не болғанда да, мен теориядан басқа ештеңе ойлап таппаймын. Мен жасайтын теория әртүрлі жерде, халықтың әртүрлі топтары үшін әртүрлі формада өзіндік себептерімен, өзіндік жағдайда өзіндік қиындықтарымен соқтығыса отырып, қозғалысқа қатысып отырған адамдарға ахуалды түсінуге мүмкіндік береді деп сенемін. Көптеген адамдар шынында қозғалыста және ызалы. Олар өзгерісті қалайды және қандай өзгерістерді қалайтынын сипаттайтын балама көзқарастармен және оларды қалай жүзеге асыруға болатынының балама көзқарастарын тәжірибеде қолданады.

Мен олардың ашу-ызасын және белсенділігін тудыратын көптеген мәселелердің бәрі бір жерге барып тоғысады деп болжай отырып, осы процеске араласуға тырысамын: әлеуметтік формация ретінде капитализмнің мақсаты табиғатты құрту, халықтың нәсілдік топтарының байлығы мен еңбегін тонау, күтім бойынша жұмысты тегін қолдану және отбасымыз бен қауымдастықты қолдауға қажетті қуатты әлсірету, сондай-ақ түйткілдерімізді шешуге қажетті қоғамдық күштерді жою. Бұл – капитализм ДНК-сына сәйкес кездейсоқ жасайтын нәрсе емес. Сонымен, менің жолдауым мынадай: әлеуметтік жүйеміздің мына картасына көз салыңыз және сіздің ашу-ызаңыз үндесе ме және оның басқалардікімен үйлесетінін қараңыз. Төркіні бір ортақ жау екенін түсініңіз. Бірігіп күресейік. ■

Хаттарды Нэнси Фрейзерге <frasern@earthlink.net> жолдауға болады.

> Пандемия жағдайындағы қарттар үйіндегі өлім

Майкл Файн, Маккуари университеті, Аустралия, ХӘҚ қартаю әлеуметтануы бойынша зерттеу комитетінің (ЗК11) мүшесі және бұрынғы вице-президенті



COVID-19 шектеулеріне байланысты әйнекпен бөлінген қарттар үйіндегі әжесіне отбасы келіп тұр, 2021 жылдың сәуірі. Қоғамдық домен.

С OVID-19 пандемиясына қатысты әлеуметтік реакциялар үйдегі және виртуалды ортадағы тұлғааралық өзара әрекеттесудің микродеңгейінен бастап, күтім мен қарым-қатынас тәжірибесі елдің тұтас халқына және олардың трансұлттық алмасуларына ықпал ететін макродеңгейге дейін жалғасып отыр. Осы деңгейлердің әрқайсысындағы әрекеттерді күтім формалары деп түсіну керек.

Қамқорлықтың маңыздылығын мойындайтын теориялық идеялардың дамуы соңғы жылдары әлеуметтік теория мен әлеуметтанулық зерттеулер үшін маңызды бола түсті. 2020-2021 жылдардағы COVID-19 пандемиясы бойынша алынған мәліметтер ұлттық үкіметтер мен халықаралық институттардың мазасыз реакциясын көрсетіп отыр. Бірнеше елдегі қоғамдық денсаулық сақтау шаралары пандемияның ықпалын шектеу мүмкіндіктерін көрсеткенімен, елдердің басым бөлігі онымен күресуде.

Пандемиядан туындаған күйзеліс жағдайында мемлекет халықты қолдау мен қорғау, әрі оның әлауқатын әртүрлі дәрежеде сақтау міндетін, жалпы тұтас елге қамқорлық жасау үшін жауапкершілікті өз мойнына алды. Нарық жауап бере алмағандықтан, оның үстіне ол толығымен құлдырау қаупіне ұшырағандықтан, сол кезде

импровизацияланған және кейінгі оқиғаларды басқаруда ішінара сәтті болған саяси көшбасшылардың реакциясы мемлекеттік механизмді құрайтын конституциялық өкілеттіктер, институттар мен конвенциялар негізінде құрылды.

Соңғы екі жарым ғасырда, қазіргі әлемді тудырған феодализм мен дәстүрден бастап жаһандық капитализмге дейінгі әлеуметтік қайта құру дәуірінде, Поланьи «нарықтық қоғамдар» деп атаған кезеңде, медициналық көмек көрсету үшін әлеуметтік институттардың күрделі жиынтығы қалыптасты. Қазіргі әлеуметтік капитализмді қайта құрылымдаудың соңғы кезеңінде дамыған экономикасы бар көптеген елдердегі мемлекет қызмет көрсету нарықтарын дамыту арқылы медициналық көмекті барынша өзгеру үшін өз өкілеттіктерін пайдаланды. Бұл нарықтар мен квази-нарықтардың, бала күтімі мен білім беруден бастап, мүгедектерге күтім мен өмір бойы медициналық қызмет көрсету, қарт адамдарға және баспанаға күтім жасауға дейінгі әр түрлі формада жұмыс істеуі – заманауи өмірді айшықтауға және қалыптастырудағы рөлі арта түсті.

Бұл процесте анықталған әлеуметтік теорияның маңызды сын-қатерлерінің бірі – дамыған капиталистік экономикалардың көпшілігіне белгілі, әсіресе Батыс

Еуропа мен Солтүстік Америка елдеріне, салыстырмалы түрде тиімсіз жауап. Әдетте өмір сүру деңгейі жоғары халықтың жаһандық тізімдерді бастап тұратын мұндай ауқатты, дамыған елдер, тиімді реттеу жүйелері және денсаулық сақтау мен әлеуметтік қамсыздандыру жүйелері жақсы жұмыс істейтін елдер тым осал болып шықты.

Әуелі 2020 жылы вирустың таралуынан, содан кейін медициналық көмекке қол жетімділіктен зардап шеккен дамыған капиталистік экономика үкіметтерінің басым бөлігі инфекцияны тиімді бақылауға ала алмады.

Бірқатар әсіре консервативті конспирологиялық қозғалыстар мен табиғи денсаулық пен өзін жақсы сезінетін қарапайым аузы ашық сенгіш топ жандандырған вакцинацияға қарсы кең тараған өшпенділік және күдікпен қатар жүрген 2021 жылғы вакцинацияны жеткізу мен қамту көптеген жалпыға бірдей игілікті бай капиталистік мемлекеттерінің алғашқы күрделі қадамдарын қайталағандай болды.

Пандемия айқындаған әлеуметтік реттеу және басқару мәселелері саналуан формада көрініс тапты, дегенмен олардың ешқайсысы ЭЫДҰ-дағы қарттар үйінің жүздеген мың тұрғындарының шамадан тыс өліміне қарағанда, өткір және қайғылы емес еді. Бұл тұрғыда қарттар үйлері жергілікті, ұлттық және жаһандық деңгейде медициналық көмек көрсету мен реттеудің кең жүйелерінде пандемия жарыққа шығарған біршама мәселелерді анықтауға және белгілеуге мысал бола алатын микроәлем сияқты.

Күтім теориясына сүйене отырып, мұнда Поланьидің нарықтық қоғам құру туралы талдауынан алынған екі ұсыныс бар, олар күтімнің саяси және экономикалық аспектілерін теориялық тұрғыдан түсінуге атсалысу және пандемияға қарсы шаралар туралы халықаралық зерттеулерді ақпараттандыруға бағытталған. Біріншісі, медициналық көмектің нарықтануына байланысты туындайтын басқару мәселелерін анықтайды; екіншісі, мемлекеттік медициналық көмекті коммерцияландырудың салдары туралы, әсіресе медицина қызметкерлері мен басқа да алдыңғы шепте жұмыс жасап жүргендердің кепілсіз жұмысына қатысты.

> Қарттар үйіндегі өлім

2020 жылы алғашқы Covid толқыны кезінде өлім туралы ақпарат көбіне сенімсіздік туғызды және төмендетіп көрсетілді. Кейбір елдерде қарттар үйіндегі өлім ұлттық қорытынды көрсеткіштерде әуелі ескерілмеді. Ұзақ Мерзімді Күтім Саясатының Халықаралық Желісі 2021 жылдың ақпан айында жариялаған соңғы мәліметтер ([соңғы деректер](#)) пандемияның бірінші жылында сенімді деректер алынған 22 елде Covid-19 өлімінің орташа есеппен 41% қарттар үйлері тұрғындары арасында болғанын көрсетеді. Бұл көрсеткіш жалпы Covid-тен қайтқандардың Аустралиядағы 75%-нан Оңтүстік

Кореяда тіркелген 8%-на дейінгі аралықта болды. Деректері белгілі елдерде көрсеткіш - өте жоғары. Канадада жалпы Covid өлімінің 59% қарттар үйінде, Нидерландыда – 51%, Швецияда – 47%, Аустрияда – 44%. АҚШ-та қарттар үйінде 139 699 адам қайтыс болды, бұл пандемияның бірінші жылында елдегі өлімнің 39% құрайды.

Қарттар үйлері қолдауды қажет ететін егде жастағы адамдарды күту және қорғау үшін мемлекет тарапынан қаржыландырылып, реттеледі. Олар өз тұрғындары үшін ауру жұқтырып алмайтын баспана болып, қорғаныс ұсынуы керек. Оның орнына, ең осал жастағы топтардың арасында инфекцияның таралу ошағына айналып, мемлекеттік саясаттың қорғауды қамтамасыз ете алмайтынын көрсетеді. Үйдегі күтіммен салыстырғанда, қарттар үйлерінде инфекцияның таралуынан қорғану қабілетсіздігін олардың тұрғындарының жасы да, созылмалы аурулары да тұрғысынан түсіндіру мүмкін емес. Мұны жеке қызметкерлердің кемшіліктерімен де түсіндіруге болмайды. Инфекцияның әр эпизодында жергілікті жағдайларға байланысты көптеген нақты факторлар рөл атқарса да, мұндай өлімнің жаһандық сипаты, мемлекеттік көмек тиімсіздігінің артында тұрған жалпы элементтерді анықтайтын, теориялық тұрғыдан негізделген және әлеуметтанулық көзқарастың маңыздылығын көрсетеді.

Көптеген елдерде, соның ішінде Аустралияда да прогресшіл пікір, өлімді қарттар үйіндегі күтімге адамға емес, пайдаға басымдық беретін жеке бизнес деп қарайтын саясаттың нәтижесі деп санайды. Кейбір елдерде бұл дәйекті растайтын айтарлықтай жанама дәлелдер болса да, халықаралық салыстырулар пайдаға ұмтылу пен өлім арасындағы нақты байланыс каузалды да емес, универсалды да емес екенін көрсетіп отыр. Кейбір коммерциялық үйлерде өлім көп, ал кейбірінде бірде де бір өлім тіркелмеген. Сонымен қатар, кейбір коммерциялық емес үйлерде Covid-тен қайтқандардың саны жоғары екені хабарланды. Нидерланды және Швеция сияқты елдерде қарттар үйі иелерінің пайдаға құнығуына тіпті байланысты болуы мүмкін емес өлім өте көп тіркелді.

> Нарық және басқару

Алайда, нарықтық байланысты тыс қалдыруға болмас. Қарттар үйлеріне мемлекеттік қолдау нарықтардың тарихи құлдырауына жауап еді. Бірақ соңғы 20-30 жыл ішінде бай капиталистік мемлекеттерде күтім нарығы қайта енгізілді, меншіктің заңды мәртебесіне қарамастан барлық үйлер тиімділіктің кепілі ретінде бәсекелес нарықтың қысымында болды. Бұл процесс (маркетизация) XIX және XX ғасырдың басында нарықтық laissez-faire енгізу үшін Поланьи құжаттап кеткен процесті еске түсіреді және соған ұқсас. Әр дәуірде нарықтық жүйелерді үкімет мақсатты түрде құрған.

Маркетизация бүгінде күтім мен әлеуметтік қызметтер саласында барлық жүйенің заңдастырылған логикасы сияқты және оның құрамдас бөліктері мен олардың ішіндегі өзара әрекеттесуді қалыптастыратын жұмыс режимі де іспетті. Оның нәтижесі жүйені вертикалды бөлу, яғни иерархия мен бюрократиялық билік қатынастарын бұзу және горизонталды бөлу – жергілікті және аймақтық деңгейлерде, сондай-ақ қызметтер мен мекемелерде ынтымақтастықты бұзу және жою болды. Поланьи бұл терминді қолданбағанмен, «басқару» мәселелерін түсіну Covid-тен өлу мен нарық арасындағы байланысты түсіндіруге көмектесетін күшті гипотезаны ұсынады. Басқару тұжырымдамасы нарықпен бір уақытта пайда болғанын және іс жүзінде «Жаңа мемлекеттік басқару» сияқты идеологиялармен байланысты екенін атап өткен жөн.

Нарықтық бәсекелестік жағдайында өкілеттіктер корпоративтік басқару деңгейіне көбірек беріледі, мұнда құпиялылық пен тәуелсіздік ынтымақтастық пен жүйелік интеграциядан басым. Қарттар үйінде тұтынушылардың таңдауына нарықтық баға дәстүрлі медициналық гигиена міндеттерінен бас тартумен қатар жүрді, бұл басым жағдайларда кәсіби қызметкерлерге сұранысқа ықпал етті. Осылайша, күтім үйлері кең таралған инфекцияны бақылауға жарамсыз болып шықты. Осыған қарамастан, қарттар үйлері денсаулық сақтау шаралары негізінде шұғыл медициналық көмектің ауқымды жүйесінен, әсіресе ауруханалардан әдейі бөлек шығарылғандықтан, автономды бөлімшелер ретінде жұмыс істеуі керек еді. Автономды басқару оларды коронавирустың таралуына ерекше осал етеді деген болжам жасау орынды.

> Кепілсіз күтім қызметінің нәтижелері

Сондай-ақ, қарттар үйлерінің сенімсіз, жалақысы төмен жұмыс күшіне тәуелділігі нарықпен тығыз байланысты. Нарықтық қысым күтім инвестицияларының рентабелділігін қамтамасыз ете отырып, бюджет шығындарын шектеу мақсатында жалақы шығындарын азайту үшін кеңінен қолданылады. Covid-тің таралуына дейін негізінен күтуші қызметкерлер мен қарттар үйіндегі басқа да негізгі көмекші қызметкерлер есебінен жүзеге асырылып келген шығындардың азаюына себеп болды.

Көптеген эпидемиологиялық зерттеулер мен денсаулық сақтау органдарының есептері осы негізгі қызметкерлердің кепілсіз жұмысы және күтім үйлері ішінде әрі арасында инфекцияның таралуының өзара байланыстын көрсетеді. Бірнеше күтім үйлеріне жалдануға немесе күнкөріс минимумын табу үшін әртүрлі орындарда жұмыс істеуге мәжбүр болған уақытша қызметкерлердің таралуы пандемияның қарттарға күтім жасау мекемесіне енуіне ықпал етті. Демек, уақытша күтім көрсету жұмысының артуы күтім нарығының шегіне жеткенін көрсетеді, себебі күтім қызметтерін қолдау үшін қабылданған шаралар енді олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмай, ұзақ мерзімге тұралап қалды. Осылайша, күтімге нарықта саудаланатын тауар деп қарау – жақында Бриджит Ауленбахер мен оның әріптестері айтқандай, Поланьидің көзқарасы бойынша оны «жалған тауарға» айналдырды.

> Қорытынды

Қарттар үйіндегі күтім тұрғысынан пандемияның салдары өте жойқын. Бірақ олар сонымен бірге перверсивті – нарықтың шектеулерін көрсетіп, мемлекеттің әлеуметтік және саяси реттеу өзегіне қайта оралу қажеттілігі мен өзектілігі үшін жағдай жасауға қызмет етті. Сондай-ақ бұл Поланьидің қос қозғалыс тұжырымдамасына сәйкес ықтимал жауапты анықтайтын тарихи қадам ретінде терең өзгерістердің жаршысы ма?

Жаһандық пандемия дағдарысы және оның ұлттық салдары күтімді демократиялық әлеуметтік білімнің әрі қарай одан да гөрі төтенше қолданыс үшін жетілген экономикалық өнім ретінде емес, оның орнына маңызды әлеуметтік игілік ретінде қайта қарастыру мүмкіндігіне назар аударады. Дегенмен, вирус анықтаған кемшіліктерге жауап ретінде прогресшіл және танымал қоғамдық қозғалыс қалыптасады деп күтуге бола ма? Егер солай болса, оның сәттілігін қамтамасыз ету үшін қандай әлеуметтік жағдайлар қажет? Оның формалары қандай болмақ? Пандемияның алғашқы екі жылында – «конспирологиялық теориялар арқылы рухтанған және ұлттық саяси популизмнің барған сайын агрессиялық және шыдамсыз түрлерімен дем алып отырған» – антиваксерлер қозғалыстарының кеңеюі көрсеткендей, пандемия – әлеуметтік теория мен әлеуметтанулық зерттеулер үшін басты мәселе. ■

Хаттарды Майкл Файнге <michael.fine@mq.edu.au> жолдауға болады.

> Еңбекті заманауи теориялаудың бағыттары

Г. Гюнтер Восс, құрметті профессор, Хемница технологиялық университеті, Германия



Өнеркәсіптік капитализм кезінде еңбекке экономикалық қызмет ретінде тар көзқарас қалыптасты, сондай-ақ еңбектің басқа түрлері (мысалы, үйдегі жұмыс немесе отбасылық жұмыс) одан әрі маргиналданды және тіпті «көрінбейтін еңбекке» айналды. Ұсынған: (сол жақтағы сурет) Creative Commons; (оң жақтағы сурет) [ХЕҰ Азия-Тынықмұхит аймағы](#). Кейбір құқықтары қорғалған.

Әлеуметтанулық тұрғыдан алғанда, еңбекті дене күші мен психофизикалық дағдыларды қолдана отырып, адамның мақсатты әрекеті деп түсінеміз. Басқа критерийлер (күш, пайдалылық, құралдар, жалақы және т.б.) негізінен бастапқы аспектілер ретінде қосымша айтылуы осы категорияның нақты анықтамасының тіпті болмауын көрсетеді. Еңбекті жеке адамдар орындайтынына қарамастан, оны, кем дегенде, еңбек бөлінісіне (ынтымақтастық, ұйымдастыру және т.б.) негізделген жанама түрде әрдайым интеграцияланған, әрі үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік контекстер қалыптастырады.

> Еңбек дегеніміз не?

Басқа ұғымдар сияқты, еңбек ұғымы ғылыми тұрғыда да, әлеуметтік тәжірибеге қатысты тарихи өзгерістерге ұшырады. Жақын арада «еңбек, шындығында, не нәрсе және не болуы қажет?» сұрағы аясында қызу пікірталастар орын алды. Әрі қарай еңбекті неғұрлым нақты анықтау туралы бірнеше ой бар.

Ұзақ уақытқа созылған сұрақтардың бірі – жұмыс ең алдымен «ауыртпалық» па, әлде адамдардың жетістіктерге қол жеткізу сезімінің нәтижесі ретінде «ләззат» бере ала ма және өзін-өзі дамытудың маңызды мүмкіндіктерін ұсына ала ма? Бұл дифференциацияда екі түрлі көзқарас жасырылған. Еңбек адам өмірінің негізі деп қарастырылады, ол – тәжірибе алудың таптырмас мүмкіндігі, оның болмауы адамның негізгі қажеттіліктерін немесе тіпті адамның қадір-қасиетін шынайы теріске шығаруды білдіреді. Алайда, еңбектің нақты тарихи көріністері қоғамдағы көптеген топтар үшін ауыртпалық және қауіп-қатермен байланысты (және солай бола береді), ал ол күш-жігердің пайдасыздығының барлық жаңа формаларын тудырады. Аталған құбылыс, мысалы, латынның «labor» (еңбек) (ауыр жұмыс немесе қиындық) және «opus» (опус) (жасау; жасалған, туынды); ағылшын тіліндегі «labor» (еңбек) (оның ішінде, өмірге алып келу әктісі де) және «work» (еңбек), сонымен қатар неміс тілінде «arbeit» (еңбек) және аз қолданылатын неміс сөзі «Werk» (еңбек) ұғымдары арасындағы айырмашылықтан байқалады.

Әрине, Карл Маркс (сонымен бірге Адам Смит және тіпті Аристотель, соңғысы *oikonomia* (үнемдеу) және *chrematistics* (хрематистика) терминдерін қолданған) жасаған екі аспект арасындағы айырмашылық («жұмыс/еңбектің қосарланған сипаты») айтарлықтай кең танымал: бір жағынан «нақты» өнімді еңбек арқылы практикалық «тұтыну құнын» қалыптастыру, екінші жағынан «асбтрактілі» еңбек арқылы экономикалық «айырбастау құндылықтарын» жасау. Тұжырымдамада, осы екі қарама-қайшы ойды дамытуды капитализм жүйелі жеңілдеткенімен, неғұрлым елеулі әлеуметтік қарама-қайшылыққа негіз болады.

Дамыған қоғамдардағы еңбек етушілердің қызметі негізінен ақша табуға бағытталған («ақылы жұмыс») деген болжам ұзақ уақыт бойы күмән тудырмағанымен, бүгін де еңбектің неғұрлым кең түсінілген тұжырымдамасы еңбектің тарихи түрде тек мазмұны бойынша ғана емес, сонымен бірге оның әлеуметтік ұғынылуында да ерекшеленетін көптеген формаларды қабылдағанын көрсетеді. Сондай-ақ, еңбектің нақты формалары да әрқашан тұрақты өзгерістерге ұшырап отыратынын білдіреді. Табысқа бағытталған формалармен қатар (көпшілік үшін – тәуелді жалдамалы еңбектің көптеген түрі, ал азшылық үшін – өзін-өзі жұмыспен қамтудың алуан түрі), еңбектің басқа да керемет түрлері бар: «ерікті жұмыс» немесе «азаматтық белсенділік» (әдетте, ақша табу мақсатынсыз); «мандатқа негізделген» немесе «саяси жұмыс»; «үй жұмысы» (азық-түлік сатып алу, тамақ дайындау, тазалау және т.б.); «отбасы мен күтімге байланысты жұмыс» (бала тәрбиесі, мүмкіндігі шектеулі адамдарды бағу, қарт адамдарға күтім жасау және т.б.); «өз бетінше жұмыс» және «өмір сүру қаражатын қамтамасыз етуге бағытталған жұмыс» (тауарларды тікелей өндіру, оның ішінде өзін-өзі қамтамасыз ету үшін); «мәжбүрлі еңбек» (сотталғандар, әскерге шақырылғандар, құлдар және т.б. орындайтын).

Сол сияқты, ұзақ уақыт бойы еңбек негізінен тікелей материалдық «өнімді» қызмет деп қарастырылды, дегенмен, осы шынайылықтың дәл сипаттамасы болмады. Бірте-бірте, тіпті «өнімсіз» еңбек (мысалы, әкімшілік жұмыс, білімге негізделген жұмыс) және ұзақ уақыт бойы түсінілмеген «қызметтер» (мысалы, тікелей/жанама, жеке, ақпараттық, қаржылық және техникалық қызметтер) маңызды бола түсті.

Ең бастысы, нақты «қиратушы» (соғысқа байланысты жұмыс, зорлық-зомбылық, деструктивті модификация және /немесе табиғатты тікелей жою) жұмыстың бірнеше түрі бар екені еріксіз мойындалды. Соңғысы еңбек түрлерінің әрқашан тұрақты өзгеруін, яғни жаңа түрдің (мысалы, орындық) пайда болуы қолданыстағы түрдің (мысалы, ағаш) жойылуын білдіреді.

Сонымен қатар, жиі айтылған еңбектің «пайдалылығын» бағалау тиісті көзқарасқа қатысты айтарлықтай өзгеруі ықтимал: кейбір контексте пайдалы сияқты көрінетін

нәрсе басқаларында үлкен кемшілікке айналуы немесе қысқа мерзімде пайдаға жарар нәрсе ұзақ мерзімде ауқымды зиян келтіруі мүмкін.

Бүгінгі таңда жаңа деңгейге көтерілген мәселе – еңбек адамға тән қасиет пе, демек, «тіршілік түрлері» немесе *Gattungswesen* (Маркс) ретінде адамдардың эволюциялық тұрғыда ерекше басты белгісі ме немесе басқа тіршілік иелері де жұмыс істей ме деген сұрақтың қойылуы. Кейінгі этнологиялық зерттеулерге сүйенсек, еңбек қызметі, қарапайым құралдарды кездейсоқ оқшауланған түрде пайдалану және адамдар түгілі тіпті бала жолдасы бар кейбір түрлер – жануарларға да тән. Маркс іс жүзінде жануарлардың жұмыс істейтінін және тіпті құралдарды қолданатынын мойындады. Маркс бойынша, адам еңбегі, осылайша еңбек құралдарын жасаумен, ал, ең алдымен, сананы басқарумен сипатталады. Маркс қолданатын сипаттамаға жүгінсек, бұл «ең нашар сәулетшіні» «ең жақсы арадан» ерекшелейді. Бүгін: «Кешенді машиналар мен процестер жұмысты қаншалықты орындай алады (мысалы, икемді автоматика, роботтар, жасанды интеллект)?» – деген сұрақ (кейде аса аландатарлық) қоюымыз қажет.

> Еңбектің тарихи өзгермелі тұжырымдамалары

Тұжырымдамалық қарама-қайшылықтар өзгерістердің бүкіл тарихи процесінде еңбек туралы айтарлықтай әртүрлі идеялар әлеуметтанулық проблема екенін айқындайды. Мұны көрсету үшін тарихқа қысқаша шолу жасайық:

- Грек-рим ежелгі дәуірінде күнделікті тұрмыстық өмірге арналған тауарларды дене еңбегі арқылы өндіру (бүгінде «еңбек» деп түсініледі) ең алдымен еріксіз құлдар мен әйелдердің міндеті еді, ал толыққанды азаматқа (яғни, ер адамға) арналған іс-әрекет – саяси немесе философиялық зияткерлік жұмыс және белгілі бір дәрежеде әскери қызмет. Қолөнершілер жұмысы/қолөнері (техна) аралық сипатта болды.

- Еуропалық орта ғасырлардағы ертедегі христиан феодализмінде еңбектің жалпы ұғымы негізінен еріксіз адамдар орындайтын дене, әдетте ауылшаруашылық кәсібі болатын. Одан басқа элита (ақсүйектер, дінбасылар) айналысатын «еркін» қызмет түрлері де бар. Ең бастысы, адамның рахаттанғаны үшін Құдайдың жазасы деп тәптіштеу дене еңбегін үнемі теріс түсіндірді. Керісінше, нақты діни практика («ғибадат ету») жоғары бағаланды. Еңбек туралы мұндай түсінік біртіндеп практикалық дене еңбегіне деген оң көзқарасқа көшті, ол кейіннен рахаттану көрінісі, тіпті Құдайдың еркі секілді қарастырылды. Монастырьларда еңбек мәдениеті қалыптасты, онда өнімді еңбек әлі де діни қызметке тең болмаса да, нақты бағаланады (*ora et labora*).

- Қалалардың құрылуы аясында қолөнер мәдениетінің кеңеюі, аймақаралық сауда және технологиялық

>>>

жетістіктердің үйлесімі өнімді еңбек құндылығын жоғары бағалауға ғана емес, сонымен бірге «мүлде жойылған» табысқа бағыттауға ықпал етті. Лютер мен Реформация ақылы еңбекке Құдайдың қасиетті мәртебесін берді («үндеу» немесе *Berufung*). Макс Вебер мұны өзінің протестанттық этика тезисінде рухани таңдаулылық белгілерін іздеу үшін «қажырлы күш-жігерді» анықтай отырып, көрсетеді, кәсіби жетістікке ұмтылу арқылы батыс («Occidental») капитализмнің маңызды негізі күні бұрын анықталған калвиндік ілімге тән. Қайта өрлеу және ағарту дәуірі бір уақытта еңбек адамның тек табиғи құқығы ғана емес, жеке өзін-өзі жүзеге асырудың негізі ретінде маңыздылығын көрсетті.

- Индустриялық капитализмде еңбекті экономикалық қызмет деп түсінетін одан да тар көзқарас қалыптасты, ал оның басқа түрлері (мысалы, үй немесе отбасылық жұмыс) мәдени тұрғыдан оқшауланған, «көрінбейтін жұмысқа» айналды. Ресми танылған еңбек – тиісті дағдыларды мақсатты алу негізінде мамандандырылған қызмет. Халықтың көпшілігі (оның ішінде, кейбір аймақтарда әлі де сақталып отырған, балалар да) мамандандырылған нарықтарда («еңбек нарығы») өздерінің еңбек күшін ақшаға сату арқылы қазіргі уақытта өмір сүру үшін қажетті ақшалай қаражатқа сөзсіз тәуелді. Осы мүмкіндіктен шеттетілген немесе одан айырылған адамдар «жұмыссыз», «жұмысы жоқ» адамдар (егер, болмаса да) деп саналды.

Еңбектің нақты тарихы эволюциялық әлеуметтік тұжырымдамасымен қатар жүреді, бірақ бұл – бірдей емес. Әрбір жағдайда басым көзқарас әрқашан тиісті қызмет түрлерінің спектріне қысқаша шолу жасайды. Көп әлеуметтік маңызды міндеттер, керісінше, жүйелі еленбейді және осылайша құнсызданады. Сонымен қатар, нақты еңбек тарихы – әрқашан «құралдар» тарихы, сәйкесінше адамдардың «тіршілік иелері» ретінде олардың табиғи өмір сүру жағдайымен және «ішкі табиғатымен» өзара әрекеттесу тарихы (Маркс). Бұл тұрғыда еңбек тарихы, бір жағынан, адамның қабілеттері мен дағдыларының, технологиялық мүмкіндіктердің және табиғат әлеуетін пайдаланудың таңғажайып даму тарихы. Солай бола тұра, табиғи және мәдени құндылықтардың жойылу, адамдарды пайдалану және оқшаулану, сондай-ақ күш-жігердің пайдасыздығының үнемі қайталанатын формасы. Бұл бүгінгі күнге дейін жарамды тенденциялар және қазіргі заманғы капитализм орталықтарынан алыстаған сайын күшейіп отыр. Ол өмір сүру деңгейін сақтауға бағытталған адамдардың жергілікті және жаһандық деңгейде жұмыстан және жұмысбастылық мүмкіндіктерінен жүйелі айырылу тарихын ғана қамтымайды. Индустрияландырудың алғашқы жылдарында пайда болған жаппай кедейліктің жаңа түрлері кейбір аймақтарда (шектеулі) әлеуметтік қамсыздандыру жүйелерін құру арқылы жеңілдетілгендіктен, әлеуметтік қамсыздандыру жүйелері мен еңбек қатынастарын қайта реттеумен

байланысты қауіптер барлық жерде қайта артуда. Біраз адам үшін таң қаларлық болғанымен, еңбекпен байланысты аурулар тек дене аурулары ғана емес, сонымен қатар, тіпті барлығына бірдей игілікті Жаһандық Солтүстік жағдайында да, ауыр психологиялық салдардың орын алатындығы туралы дәлелдер көп.

> Еңбектің әлеуметтанулық теориясы

Әлеуметтану (негізінен, таңдамалы болса да) жұмыс тақырыбына қайта-қайта оралды. Осы процесте әлеуметтанушылар әртүрлі пәндердің тұжырымдамаларына сүйенді. Бірақ XX ғасырдың басында ғана әлеуметтанулық теорияның қалыптасу іргетасы нық орнықты. Мұны мысалдар көрсетеді:

- Джордж Ф. В. Гегель – идеалистік пәндік философиясымен – ерте жаңа дәуірдің еңбек саласындағы ең ықпалды теоретигі. Ол еңбекті адамзат болмысының интеллектуалды бағытталған «заттануы» (және сонымен бірге «өз-өзінен оқшаулануы») деп қарастырады, соңғысының негізі – өздерін өнімдерінен көру, әрі осы өнімдерді субъективті «иемдену» арқылы «өзін-өзі тануға» қол жеткізу.

- Карл Маркс Гегелге сүйенеді, бірақ еңбекті «таза интеллектуалды» емес, «сезімтал адами белсенділік» және негізінен экономикалық өнімді қызмет ретінде түсінеді. Ол алғашында еңбекке деген жалпы оң көзқарасынан бастайды, әрі қарай оны капиталистік әлеуметтік қатынастар жағдайында еңбекті жан-жақты талдау мен сынауға дейін жетілдіреді, капитализмдегі еңбектің жалпы формасын оқшауланған «жалдамалы жұмыс» деп атайды. Маркстің пікірінше, адамдар өздерінің «еңбек күшін», яғни еңбекке деген қабілеттілігін, тауар ретінде сатқан жағдайда ғана өмір сүре алады. Жұмыс орнының контекстінде бақыланатын және реттелетін процестерге интеграцияланған еңбек «қосымша құн» мен экономикалық «пайда» құру үшін экономикалық қанаудың негізін құрайды. Осылайша, антропологиялық тұрғыдан ықтимал тәуелсіз адами еңбек тәжірибесінің мүмкіндігі жүйелі түрде бұрмаланып, сайып келгенде бұзылады.

- Эмиль Дюркгейм өзінің алғашқы еңбектерінің бірінде әлеуметтік дифференциация моделін дамытады. Оның ойынша, «еңбек бөлінісі» – қоғамның мүмкіндіктерін мамандандырылған кәсіби функцияларға бөлу. Тарихи тұрғыдан ол функциялардың ұқсас әлеуметтік бірліктерге (ұжымдық құндылықтар арқылы қамтамасыз етілген «ынтымақтастық», «сегменттік еңбек бөлінісі») нашар дамыған «механикалық» бөлінуінен функциялардың әртүрлі бірліктерге сараланған «органикалық» бөлінуіне ауысуды көреді (функциялық тәуелділіктен туындайтын әлеуметтік бірлестіктің жаңа түрі).

- Ханна Арендт адами белсенділіктің іргелі формаларын ажыратады. Аристотелдің *poiesis* (жасау, өндіру)

және прахис (еркін адамдардың қызметі немесе жан) терминдеріне сүйене отырып, үш категорияны дамытады: еркін емес, тұрақты өмірдің абсолютті императивін білдіретін, түрлердің материалдық тіршілігінің жалғасуына қызмет ететін «еңбек». Адамдар – өздеріне жат деп қабылдайтын тұтас «жасанды» әлемнің пайда болуымен қатар жүретін, күнделікті өмірге арналған ұзақ қолданысқа ие дене өндірісі «жұмысқа» қарама-қайшы қойылады. «Әрекет» – үшінші категория деп қарастырылады, Арентс оны – Аристотелдің прахис-не ұқсас – түсіну арқылы әлеуметтік саналуандықты қалыптастыруға қатысты дейді. Адам «еңбек» немесе «жұмыс» жасамай өмір сүре алады, бірақ әлеуметтік болмыс ретінде ол саяси «әрекеттерге» тәуелді.

- Юрген Хабермас адами іс-әрекеттің екі түрін салыстырады: функциялық материалдық өндіріске бағытталған еңбек түріндегі «құралдық әрекет» және әлеуметтілікті өндіретін «коммуникациялық әрекет». Тарихи тұрғыдан алғанда, ол әлеуметтік «өмір әлеміндегі» ұғынуға бағытталған әлеуметтік қажетті іс-әрекеттерге құралдық әрекет қауіп төндіреді деп санайды, соңғысы

негізінен тиімділікке бағытталған «жүйелер» (экономика, қоғам) аясында жүзеге асырылады.

«Еңбек» (кең мағынада) адам іс-әрекетінің едәуір бөлігін сипаттайтынына қарамастан, адамзат тіршілігін тек сонымен ғана түсіндіру мүмкін емес. Адамзат (кейбіреулер әлі де осылай ойлайтынына қарамастан) ашкөз, «еңбекке бағытталған қоғамда» жұмыс істейтін тіршілік иелері емес. Мұндай көзқарас адам іс-әрекетіндегі басқа маңызды түрлер ерекшеліктерін ескеруге қауқарсыз. Кейде нақты анықтамаларды (мысалы, спорт пен ойынның жұмыс аспектілеріне қатысты) тұжырымдауда бірдей қиындықтарға тап бола отырып, «демалыс», «рекреация» немесе «спорт» сияқты категориялардың барлығы оны айтып отырған «басқаны» толықтырады. Жұмыс тұжырымдамасына қатысты міндет – ақиқаттың тұрақты тұжырымына негізделген екі жақты пікірді жеңу. Орындысы «еңбек» нақты іс-әрекет болатын нақты жолдарды анықтау үшін икемді параметрлерге негізделген салыстырмалы түсініктің болуы. Тек осылай ғана жоғарыда аталған қазіргі заманғы еңбек формалары мен ұғымдарының алуан түрлілігін толық түсіне аламыз. ■

Хаттарды Г. Понтер Восске <info@ggy-webinfo.de> жолдауға болады.

> COVID-19 және үндістандық жұмысшы мигранттар

Рәфия Қазим, LNM университеті, Үндістан, ХӘҚ Білім (04 ЗК), Тіл және қоғам (25 ЗК), Әйелдер, гендер және қоғам (32 ЗК) және Визуалды әлеуметтану (57 ЗК) зерттеу комитеттерінің мүшесі



2020 жылы 1.0 локдаун жарияланған соң өз ауылдарына қайтып бара жатырған жұмысшы-мигранттар Дели мен Раджастанның шекарасында. Ұсынған: Ибсар Хүсейін.

Үнді үкіметінің пандемияға немесе кез-келген денсаулық саласындағы дағдарысқа қарсы тұруға дайын еместігі 2020 жылдың 24 наурызына қараған түні COVID-19 пандемиясына байланысты кенеттен жарияланған карантин кезінде анықталды. Азаматтар тек төрт сағат қалғанда ғана бүкілхалықтық коменданттық сағат басталатынын біліп, абдырап қалды. Мемлекеттің мигранттар мен қаладағы кедейлерге немқұрайлығын айқын көрсеткен жәйт – аз уақыт аралығында апатты салдардың орын алатыны ескерілмей карантиннің енгізілуі күнделікті табысқа жұмыс жасайтындарға ықпалы.

Басым көпшілігінің жинаған қаражаты болмағандықтан және белгісіздік жағдайында аштық қаупі төнгендіктен, олар туған жерлеріне оралуға мәжбүр болды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, карантиннің бірінші аптасында 50,000-ға жуық мигрант Дели мен Мумбай сияқты мегаполистерден туған жерлеріне қайта бастады.

Бірнеше миль қашықтықты жаяу жүріп, үйіне жетуге асыққан еңбек мигранттарының өлімге ұшыраған жағдайлары олардың қаншалықты қауіпті ахуалға тап болғанын дәлелдей түсті. 8 мамырда Аурангабадтағы теміржолда ұйықтап жатқан 16 еңбек мигрантын жүк пойызы басып өтті. Жолда келе жатқандарды аяусыз ұрып-

соғып, мигранттарды баламалы және салыстырмалы түрде қиын жолмен жүруге мәжбүрлеген полицияны кінәлаудың орнына, үкімет мигранттарға теміржол рельстерінде ұйықтау үшін қаншалықты ақымақ болу керек деген кінә артты. Қайта оралған мигранттар транзиттік жолдарда, туған жерлерінен алыс жерде, COVID-19-ға шалдығу себебінен емес, үкіметтің немқұрайлылығының нәтижесінде қаза тапты.

«Жалпыға бірдей игілікті мемлекет» үшін кедей мигранттар қандай да бір «заңды азаматтық» сезімінен айырылған «мақсатты халық тобы» болып қала беруі – тағдыр тәлкегі дерсіз. Мемлекет оларға арнап бірнеше әлеуметтік қамсыздандыру бағдарламаларын әзірлейді, бірақ бағдарламалардан күтілетін саяси пайда жүзеге асқанда ғана орындалады.

> Әдеттегі азаматтар емес!

Мигранттардың өмірі қиындық пен күтпеген жағдайға толы. Тұрақсыздықтың себебі – мигранттарға жау ретінде қарайтын қала тұрғындарының шеттетуінен туындаған оқшаулану сезімі. Өздерін азаматтық қоғамның заңды азаматы деп санайтын қалалықтар үшін мигранттар – қаланы тазалауға, жол, көпір мен сауда орталықтарын салуға қажет болғанымен, қалалық көріністің әсемдігіне қауіп төндіретін демографиялық және эмпириялық

санаттағы «анонимді басқа» адамдар. Дәл осы мемлекет пен оның «занды азаматтарының» ұжымдық дұшпандық антипатиясы қалалық кедейлердің өмір сүруін тек табиғи апатқа байланысты төтенше жағдайлар кезінде ғана емес, қалыпты уақытта да қиындатады. Қалалық кеңістіктің шет жағында өмір сүретін «анонимді басқалар», яғни еңбек мигранттары қалаға тиесілік сезімін дамыта алмайды.

> Идентификация және тиесілік

Идентификация және тиесілік саясаты адамның кім екенін және бар-жоғын, яғни оның неге тиесілі екенін көрсетеді. «Үйі» туралы түсінік тиесілік пен идентификацияның өзара байланысынан туындайды және қарапайым кеңістік немесе уақыт шеңберінде анықталмайды. Ұзақ жылдар бойы қабылдаушы қалаларда жұмыс істегеннен кейін де, мигранттар туған жеріне оралғысы келеді. Осылайша, «тиесілік» сезімі әлеуметтік-экономикалық, мәдени, аймақтық және касталық шекаралардың құрылуын білдіреді. Мысалы, Делиде Бихардан қоныс аударушыға қатысты биһари, мигрант, жұмысшы, күнделікті жалақыға жұмыс жасайтын, қаланың лас ауданында тұратын мәдениетсіз, қалалық кеңістікке заңсыз кіруші адам сияқты шектеулердің пайда болуынан өзінің кім екенін және қайда екенін түсіне бастайды. «Делидің заңды азаматтары» оның аймақтық сәйкестігін (яғни, Бихариді) кез келген зорлық-зомбылықты, апатты, жазатайым оқиғаларды немесе қылмыстық әрекетті түсіндіру үшін пайдаланады; «заңды азаматтардың» пайымдауынша, олардың Делиге заңды меншік құқығы бар және оның қауіпсіздігі үшін жасалатын барлық әрекет заңды..

> Барлығы қайғылы өлім үшін бе?

Джудит Батлердің айтуынша, шағымдану кім адам болып есептелетініне, кімнің өмірі «өмір» деп танылатынына және кімнің өмірі қайғыруға тұрарлық екеніне байланысты жүзеге асады. «Анонимді басқалар» болғандықтан, жұмысшы мигранттар мен қалалық кедейлер іздеу салынбайтын белгісіз адамдар тобы сияқты. Сондықтан, олар өз үйінде (ол тиесілі жерде) өлсе шағымдану деңгейі жоғары болады деп ойлайды, себебі адам – өзі тиесілі жерде басқаларға бекітілген «әлеуметтік құрылған орган». Жоғалу трансформациямен бірге жүретіндіктен, жоғалу орын алғанда, кеткен жанмен байланыстылардың жоғалуды өзгерту ықпалы бар. Осылайша, жұмысшы мигранттар үшін қалай өлетіндерінен гөрі, қайда өлетіндері маңызды, қарапайым себебі – туған жерінде өлетін болса, «адам» сияқты құрметке ие болады, оларға аты-жөні, бет-жүзі, үй-күйі жоқ адам деп қарамайтындар олар үшін қайғырып, жоқтау айтады.

Бұл Үндістандағы жұмысшы мигранттардың сан мыңдаған қиындықтарға қарамай үйлеріне оралуға



Үндістанның ауылдық жерлерінен келген жұмысшы-мигранттардың Хайдарабадтың қалалық кеңістігіндегі локдауннан кейінгі ахуалы осындай. Олар үйсіздер сияқты жол жиегінде тұрады және тас қашайтын дәстүрлі кәсібімен айналысуды жалғастырып, құрылыста жұмыс істейді. Ұсынған: Рафия Қазим.

талпыныстарын ішінара түсіндіреді: COVID-19, аштық, жүдеу, полицейлердің қатыгездігі сынды қатерлерге дайын екендігін, жұмысшы мигранттардың қаржылық қауіпсіздіктен гөрі психологиялық және әлеуметтік қауіпсіздігіне көбірек алаңдайтынын анық көреміз.

Pardes-те, яғни бөтен жерде/қалада өлу туралы ойдың өзі еңбек мигранттары үшін психологиялық шыңырау. Кейбір мигранттар өлетін болса, қалада өлгеннен гөрі, «үйде» өлгенді жөн санайтынын айтты. Шынында да, Аржун Аппадурайдың сөзімен айтқанда, олар үшін «дәрменсіз және бишара адамдар» ретінде өлу – ең ауыр өлім.

> Қорытынды

Үндістандық еңбек мигранттарында ұжымдық беделінің болмауы оларды кез келген келіссөз жүргізу мүмкіндігінен айырады. Олардың алатын жалақылары – әлемдік стандарттарға сәйкес ең төменгі еңбекақы. Басым бөлігі күнделікті табатын мардымсыз қаражат есебінен күн көреді.

Мүдделі үкімет еңбек мигранттарына арналған кешенді жоспарлар құратын уақыт келді. Сонымен қатар, билік барлық еңбек мигранттарының ресми тіркелуін талап ете отырып, мәліметтер базасын құруы тиіс. Үкімет елдегі қалалық және ауылдық кедейлікке аса мұқият болуы және сәйкесінше ауылға бағытталған жобаларды енгізе және жүзеге асыра отырып, Үндістанның ауылды аудандарын қайта ретке келтіруге басымдық беруі қажет. Еңбек мигранттарының өмірі де маңызды! ■

Хаттарды Рафия Қазимға <rafiakazim@gmail.com> жолдауға болады.

> Бейресми және прекариаттық жұмыс жаһандық тұрғыда

Крис Тилли, Калифорния университеті, Лос-Анджелес, АҚШ, ХӘҚ Еңбек (30 ЗК), Еңбек қозғалысы (44 ЗК) және Әлеуметтік таптар мен әлеуметтік қозғалыстар (47 ЗК) зерттеу комитеттерінің мүшесі



«Еңбек шарты мен жақсы нәтижесіз жұмысым көрінбейді» Үй қызметкерлерінің Мехикодағы қарсылық шеруі. 2018 жыл. Суретке түсірген:Жорджина Рохас-Гарсия.

туралы заңдарды болдырмауға немесе бұзуға міндетті емес, бірақ, әдетте, бейресми жұмыспен қамту – сенім тудырмайды.

> Прекариаттық – кеністікте және уақытта тұрлаусыз

Прекариаттық жұмыс та, бейресми жұмыс та салыстырмалы терминмен анықталады, сондықтан оларды ұлттық контексте негіздеу өте маңызды. Он жыл бұрын өткен конференцияда мен ганалық еңбектанушы Акуа Бритвумның Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ) ресми өкілдерінің прекариаттық жұмыс туралы презентациясына берген жауабын естідім: «Сіздің прекариаттық жұмыс дегеніңіз біз Ганада жұмыс деп атайтын нәрсеге ұқсайды». Бірнеше жыл өткен соң, ХЕҰ-ның тағы бір қызметкері маған былай деді: «Неміс жұмысшылары прекариаттық деп шағымданатын жұмысты корейлық жұмысшылар орындағысы келеді. Корейлық жұмысшылар тұрақты емес деп шағымданатын жұмысты оңтүстікафрикалық жұмысшылар атқарғысы келеді».

Сонымен, осының барлығында қандай жаңа реңк бар? Бейресмилік пен сенімсіздіктің жаңа ұғымдар емес екені сөзсіз. Шын мәнінде, 1848 жылы Коммунистік манифестте Маркс пен Энгельс өндіріс жұмысшыларын қалай сипаттағаны бүгінгі бейресми жұмыстың сипаттамасына ұқсайды. Ол кезде барлық жұмыс бейресми болды деуге келмейді. Дүние жүзінің басым бөлігі алдын-ала ойластырылған ережелердің күрделі жиынтығымен реттелетін еріксіз еңбек формаларында жұмыс істеді: жылжымалы құлдық, жалдамалы еңбек, пионерлік қызмет, үлескер және т.б. Маркстің заманында прекариаттық бейресми жұмыспен қамтудың жаңа формалары пайда болды және дамыды деп айтқан дұрысырақ.

Осы тұрғыдан алғанда бейресми және прекариаттық жұмыс ешқайда жоғалып кетпеді. Мысалы, жапондық өмір бойы жұмыс істеудің әйгілі үлгісі әрқашан әйелдер, жас және қарт адамдар мен мигранттарды қоспағанда, жұмысшылардың аз бөлігін ғана қамтыды. Тіпті Солтүстік Еуропада, Америка Құрама Штаттарында және 1950-1960 жылдардағы ресми еңбектің «алтын ғасыры» кезеңіндегі британдық қоныстанушылардың басқа да бұрынғы колонияларында өте көп адам бейресми немесе прекариаттық жұмыстарда еңбек етті. Бұл, ең алдымен, әйелдерге, жас жұмысшылар мен мигранттарға қатысты еді. Мигранттарға трансшекаралық және ішкі мигранттар кірді: менің

>>>

Бейресми жұмыс – заңды, бірақ жұмыспен қамтудың стандартты заңдарына сәйкес келмейтін ақылы жұмыс. «Қол жетімсіз» – осы заңдармен реттелмейтін жұмысты білдіреді. Осы мағынада көшедегі сатушылар сияқты өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұмысшылар, сонымен қатар басқа адамдарға жалданып еңбек ететіндер – үй қызметшілері, ауылшаруашылық қызметкерлері, күндізгі жалдамалы жұмысшылар – әлемнің көп бөлігінде бейресми еңбек күші. «Түсінуден тыс» дегеніміз теория жүзінде заңның қолданылатынын білдіреді, бірақ іс жүзінде орындалмайды. Бұл шағын кәсіпорындардағы (мысалы, бөлшек сауда дүкендері немесе мейрамханалар) жұмысшыларды, сонымен қатар өте ірі кәсіпорындардағы кейбір жұмысшыларды қамтиды. Бейресми жұмыспен қамту тек қана ресми емес, сондай-ақ (бейресми кәсіппен/ заңсыз кәсіппен айналысатын адамдармен де шектелмейді. Мысалы, Мексикада бейресми жұмысшылардың көбі ресми кәсіпорындарда жұмыс істейді. Жаһандық Солтүстіктегі көптеген адамдар үшін бейресми жұмыс шектеулі қызығушылықтың маргиналды құбылысы болып көрінсе де, әлемдегі жұмысшылардың басым бөлігі бейресми жұмыс істейді, сондықтан бейресми жұмысқа және оны қалай жақсартуға болатынына назар аударатын уақыты келді.

«Прекариаттық жұмыс» терминінің танымал бола бастағанына көп уақыт болған жоқ. Негізгі заң талаптарына сәйкес келетін ресми жұмысты жиі сипаттайтын осы термин «стандартты еңбек қатынастары» нормативімен салыстырғанда жалақысы төмен және қауіпті жұмысты білдіреді. Осы екі тұжырымдама бір-біріне сәйкес: прекариаттық жұмыспен қамту жалпы жұмыспен қамту



Миртл Уитбуи 2011 жылы Үй қызметкерлерінің халықаралық федерациясы (IDWF) шарасында сөз сөйлеп тұр. Уитбу – Оңтүстік Африка үй қызметкерлерінің жетекшісі және бұрынғы үй қызметшісі, Федерацияның президенті. Ұсынған: IDWF

еліміде, Америка Құрама Штаттарында, сол онжылдықтарда мигранттардың ең үлкен тобы оңтүстіктен солтүстікке қоныс аударған алты миллион байырғы кара нәсілділер, сонымен бірге Мексикадан гастарбайтерлерді алып келген *bracero* бағдарламасы жүзеге асқан 22 жыл ішінде 4,6 миллион еңбекшарты жасалды.

Қазіргі жаңашылдық белгілі бір мағынада 1848 жылы жаңа болған нәрсені қайталайды: бейресми және прекариаттық жұмыспен қамту бұрын болмаған жерлерде және халық арасында таралады. Осыдан «бейресми және прекариаттық жұмыспен қамту белгілі бір «стандартты» жұмыспен қамту формасына қатысты анықталады. Ал «стандартты» жұмыс «стандартты» болудан қалатындай ерекше болса қайтеміз?» сұрақ туындайды. Осы сұрақ, әсіресе, бейресми еңбек, негізінен жұмыс күшінің көп бөлігін (Үндістанда 90% астам) қамтитын Жаһандық оңтүстік елдерінде өзекті. Нақты мәселе тұжырымдамалық емес, практикалық: бейресмиліктен және алдын-ала тәуелділіктен нашарлайтын жұмыс орындарының сапасын қалай қорғай аламыз?

> Прекариаттық жұмысшыларды ұйымдастыру

Жауаптың негізгі бөлігі – еңбекке тартылған жұмысшыларды ұйымдастыру. Маркстің заманында бейресми жұмысшыларды, әрине, кейбір жағдайларда осы күнге дейін жұмыс істеп жатқан кәсіподақтар құру арқылы ұйымдастырып отырды. Бүгінгі прекариаттық және бейресми жұмысшылар да заңды түрде кәсіподақтар, қауымдастықтар, кооперативтер және басқа топтар құра отырып ұйымдастырылады. Сонымен қатар, олар соңғы жылдары әлемдегі алып жұмысшы табының жеңістеріне қол жеткізді: мысалы, ХЕҰ-ның үй қызметшілерінің құқығын растайтын 189 Конвенцияны немесе жақында Үндістанның көше саудасын заңдастыру туралы заңды қабылдауы.

Прекариаттық бейресми жұмысшыларды ұйымдастыруда үш нәрсе қатты ерекшеленеді. Біріншіден, олардың капиталмен қарым-қатынасы күрделі екені мәлім. Шынайы жұмыс беруші бірнеше қосалқы мердігердің есебінен жасырына алады немесе жұмысшыларды, ең алдымен, ықпалды жеткізушілер немесе делдалдарды пайдаланады. Олардың көпшілігінде салыстырмалы түрде құрылымдық экономикалық тетік жоқтың қасы – ереуіл тиімсіз тактика болуы мүмкін. Көп жағдайда Үкімет бейресми жұмысшыларды қанауға қатысады, мысалы, АҚШ үкіметінің *bracero* бағдарламасына жағдай жасауы немесе полицияның көше сатушыларын қудалауы немесе қорқытуы. Осы себептерге байланысты прекариаттық және бейресми жұмысшылар жеңілдіктер мен қорғауды талап етіп, мемлекетке жиі шабуыл жасайды.

Екіншіден, бейресми және прекариаттық жұмыспен қамтуда тығыз шоғырланған топтар – басқа жолмен маргиналданғандар, әсіресе әйелдер, бағынышты нәсілдік немесе этникалық топтар және мигранттар. Осылайша, осы идентификациясының айналасында, жұмыс идентификациясы аясында қалай ұйымдастырылса, дәл осындай дәрежеде шоғырланады. Көп жағдайда олардың идентификациясы интерсекциялық және әртүрлі сәйкестенуді қамтиды.

Соңында, олар мемлекетті өз атынан әрекет етуге мәжбүрлейтіндігі және олардың әртүрлі және бір-бірімен қиылысатын идентификацияларының болуы осы жұмысшылар топтары негізінен әйелдер қозғалысы, иммигранттардың құқықтарын қорғайтын қозғалыстар, этникалық үгіт-насихат ұйымдары, сонымен қатар одақтар сияқты альянстар құру арқылы билігін күшейтетінін білдіреді.

Бейресми және прекариаттық жұмысшылардың құқықтарын қорғау – бүгін де бүкіл әлемдегі жұмысшылардың кездесетін ең үлкен мәселесі. Жұмысшылардың өздері бастама көтеруде. Қалғандарымыз – қызметкерлер, ғалымдар және азаматтар – күреске қосылуымыз қажет. ■

Хаттарды Крис Тиллиге <tilly@luskin.ucla.edu> жолдауға болады.



Пабло Алварардо (сол жақта шетте), АҚШ уақытша жұмысты ұйымдастыру Ұлттық желісінің қосарланған атқарушысы (NDLON), Пасаденадағы (Калифорния) жұмыспен қамтудың Қоғамдық орталығында (NDLON филиалы) жалдамалылар және олардың жақтастарымен бірге, 2017 ж. Суретті түсірген: Жұмыспен қамтудың Пасадена қоғамдық орталығы.

> Аустрия, Германия, Швейцариядағы күрмеулі күтім

Бриджит Ауленбахер, Иоганн Кеплер университеті, Аустрия, ХӘҚ Экономика және қоғам (02 ЗҚ), Кедейлік, әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік саясат (19 ЗҚ), Еңбек әлеуметтануы (30 ЗҚ) және Әйелдер, гендер және қоғам (32 ЗҚ) зерттеу комитеттерінің мүшесі, **Аранка Ванесса Бенажа**, Гете университеті **Хелма Лутс**, Гете университеті, Германия, ХӘҚ Әйелдер, гендер және қоғам (32 ЗҚ), Өмірбаян және қоғам (38 ЗҚ) зерттеу комитеттерінің мүшесі, сондай-ақ ХӘҚ Нәсілшілдік, ұлтшылдық, шығу тегі және этнос (05 ЗҚ) зерттеу комитетінің президенті, **Вероника Прилер**, Иоганн Кеплер университеті, Аустрия, **Карин Швитер** және **Дженифер Стейнер**, Цюрих университеті, Швейцария

Ұсынған: Ева Лангханс.



> Үйде қарт адамдарға күтім жасау: күтімнің нарықтағы жаңа түрлері және мигранттардың прекариаттық жұмысы

Басқа елдер сияқты Аустрия, Германия және Швейцария да «күтім саласындағы қиындықтарға» жиі тап болады. Олардың халқы қартайған сайын отбасыларда бейресми күтім жасау мүмкіндігі азаяды, себебі жалпыға бірдей игілікті мемлекет қазіргі кездегі ересек жұмысшылардың басым үлгісіне сәйкес қайта құрылуда. Сонымен қатар мемлекет әлеуметтік қызмет көрсетуден жиі бас тартып отыр, бұл үрдіс әсіресе қарт адамдарға ұзақ мерзімді күтім жасау саласында байқалады. Осы табылатын коммерциялық нарықтың пайда болуына алып келді: күтім Орталық және Шығыс Еуропадағы ЕО-қа жаңадан қосылған мүше елдерден келген циркулярлық мигранттарға (негізінен

әйелдерге) аутсорсингке беріледі. Осы жұмысшылар қарт адамдарға күтім жасайды және олармен бірге жеке үйлерінде бірнеше апта немесе ай бойы тұрады (олар бақылауда болады). Аталған медициналық қызметтердің тез дамып келе жатқан және бәсекеге қабілетті нарығында брокерлік агенттіктер рөлінің маңыздылығы күн санап артуда. Олар бұрын бейресми болған саланы белгілі бір дәрежеде рәсімдегенімен, еңбек жағдайының айтарлықтай жақсаруына алып келмеді: негізінен тұрғылықты жерде тұрып, күтім жасайтын қызметкерлер тәулік бойы кезекшілік етеді, ал олардың жалақысы жергілікті халықтың жалақысынан едәуір төмен. Үш елде де тұрғылықты жерде күтім жасау өте сенімсіз жұмыс саласына айналғанымен, оны сараланған реттеу қоғамдық пікірталастар мен сынға алу мүмкіндіктерін қалыптастырды.

>>

> Аустрия: өзін-өзі жұмыспен қамтыған күтім жасайтын жұмысшылар

Аустрияда бірге тұрып, күтім жасау өз бетінше жұмыспен қамту аясында реттеледі. Жұмыс уақыты мен жалақы ережелері күтім жасайтын қызметкерлерге қолданылмайды. Осы жүйе үй шаруашылықтары мен аустриялық жалпыға бірдей игілікті қоғамы үшін икемді және салыстырмалы түрде арзан шешім. Алайда, өзін-өзі жұмыспен қамту үлгісіне қатысты белгілі бір дау бар. Оның қарсыластарының пікірінше, нарықтың тәуелсіз агенттері ретіндегі күтім жасау бойынша жұмысшылардың идеалына қарамастан, агенттіктер еңбек жағдайларына едәуір ықпал етеді. Мысалы, олар бағаны, сондай-ақ жалақыны белгілейді. Қызметкерлердің өз бетінше ұйымдастырған бастамалары жалған өзін-өзі жұмыспен қамтуды жоюды талап етеді. Агенттіктерді де, жұмысшыларды да ресми түрде ұсынатын агенттіктер мен Сауда палатасы қолданыстағы үлгіні одан әрі рәсімдеуге және кәсібилендіруге шақырады. Агенттіктер ерікті түрде өтініш бере отырып, ие болатын Аустрияның ÖQZ-24 сапа белгісін агенттіктердің лоббистік жұмысы нәтижелерінің бірі деп қарастыруға болады. Бұл нарықтық бәсекелестікті минималды стандарттарды ұстанатын агенттіктердің пайдасына өзгерту әрекетін білдіреді. Сапа белгісі күтім сапасын жақсартуға бағытталғандықтан (жұмыс сапасын емес), еңбек жағдайларына жанама ықпал тигізеді және оларды жеке мәселе ретінде қарастырмайды. Соңғы жылдары кәсіподақтар мен медицина қызметкерлерінің еңбек жағдайларын жақсарту үшін күресі күшейе түсті, бірақ әлі күнге дейін қызмет саласына айтарлықтай ықпалын тигізген жоқ.

> Германия: күтім жасау үшін іс-сапарға жіберілген жұмысшылар

Германияда жалпы қолданыстағы заңнамадан тыс күтім жасаудың арнайы ережесі жоқ. Бұл агенттіктер сілтеме жасайтын көптеген құқықтық шектеулерде көрініс тапқан. Көп агенттіктер жайғастыру үлгісін қолданады: күтім жасайтын қызметкерлерді олардың әлеуметтік сақтандыру жарналарын төлеуі тиіс жіберуші елдердің агенттіктері жалдайды. Алайда, агенттіктер, әдетте бұл ережелер орындалмаса да, Германиядағы негізгі еңбек жағдайларын (ең төменгі жалақы және ең көп жұмыс уақыты сияқты) ұстануы қажет. Осы жұмыстың трансұлттық сипаты және жеке үйлерде орындалуы еңбек жағдайларын дұрыс бақылауды қиындатады. Сонымен қатар, кәсіподақ өкілдері және басқа да мүдделі тараптар нормативтік олқылықты және жұмысшыларды әлеуметтік қорғаудың жоқтығын айтып, сынға алады. VhBP іскерлік мүдделер қауымдастығы ұсынатын саланың орталық мақсаты – құқықтық ашықтыққа қол жеткізу. Сондай-ақ, агенттіктер Германияның ұзақ мерзімді күтім саласында

жаңа тірек болып ресми мойындалуы және өздерінің мүдделері үшін заңнама қалыптастыруға талпынады. Мұны секторды төменнен институттандыру әрекеті деп түсіндіруге болады. Күтім қызметкерлері үшін әлеуметтік желілер қарым-қатынас пен бейресми білім алмасудың маңызды құралына айналды, бірақ бүгінгі күні Германиядағы саяси өзін-өзі ұйымдастыру әлі де қалыптасу үстінде.

> Швейцария: күтім жасайтын қызметкерлер – жалдамалы жұмысшылар

Швейцарияда бірге тұрып, күтім жасау еңбек қатынастары шеңберінде ресми рәсімделген. Швейцариядағы штаб-пәтері бар агенттіктер ғана жұмысшыларды жеке үй шаруашылықтарына (қызметкерлерді жалдау) орналастыра алады немесе жұмысшыларды тікелей үй шаруашылықтары (қызметкерлерді жайғастыру) жалдаған жағдайда делдалдық ете алады. Аустрия және Германиядан айырмашылығы – өзін-өзі жұмыспен қамтуға немесе бос жұмыс орны туралы жарнама беруге заңды түрде тиым салынған. Сонымен қатар, бірге тұрып, күтім жасау ұзақ мерзімді күтім режимінің қосымша элементі ретінде бекітілмеген. Мемлекет тарапынан қаржылық қолдау медбикенің (медициналық) қызметімен шектеледі. Осылайша, адамдар тұру ақысын өз қалтасынан төлеуге мәжбүр. Еңбек заңнамасы тұрғысынан жеке үй шаруашылығындағы жұмыс Еңбек туралы федералды заңнан алынып тасталды. Бұл дегеніміз – күтім жасайтын адамдар басқа жұмысшылар сияқты қорғауды пайдаланбайды, мысалы, жұмыс уақытының максимум ұзақтығы немесе түнгі жұмыс уақыты бойынша шектеулер. Қолданыстағы заңнама ең төменгі сағаттық жалақыны анықтаса да, бұл айтарлықтай тиімсіз, өйткені шақырту бойынша кезекшілік реттелмейді. Соңғы жылдары реттеу және БАҚ саласындағы пікірталастар жалғасуда, олар осы саладағы сенімсіз еңбек жағдайларына күмән келтіреді. Басқа екі елден айырмашылығы, (өз-өздігімен) ұйымдасқан және кәсіподақтарға біріккен күтім қызметкерлері маңызды рөл атқарады.

> Қорытынды: отбасында бірге тұрып, күтім көрсету – ішкі қиындықтары бар үлгі

Осы үш елді салыстыра отырып, Германия мен Аустрияда брокерлік агенттіктер мен олардың ұйымдары ережелерді қалыптастыруда ықпалды ойыншыларға айналғанын айқын көрдік. Сонымен бірге, көп жағдайда мигранттар дауыстарын ешкім ескермейді. Швейцария жағдайында күтім көрсетуді ресми рәсімдеу еңбек қатынастары ретінде жұмысшылардың төменгі деңгейде ұйымдастырылуына және кәсіподақтардың өкілдігіне ықпал етті. Осы шара нәтижесінде жұмысшылар мәселелеріне халық назар аудару бастады.

Аталмыш айырмашылықтарға қарамастан, бірге тұрып, күтім көрсету үлгісі барлық үш елдегі циркулярлық жұмысшы мигранттардың өте сенімсіз еңбек жағдайларына негізделген және Орталық және Шығыс Еуропада қолжетімді күтім ресурстарын азайтады. Осы тұжырымдарға сүйене отырып, ұзақ мерзімді күтім режимінің негізі ретіндегі бірге тұрып,

күтім жасаудың одан әрі институттануына қарсымыз. Бұл тек жылдам түзету болуы мүмкін. «Күтімдегі олқылықтарды» тұрақты түрде жою қарт адамдарға күтім жасауды жергілікті деңгейде өмір сүруге жеткілікті ақша табатын нақты жұмысшылар қамтамасыз етуі үшін күтім жұмыстарын түбегейлі қайта бағалауды қажет етеді. ■

Хаттарды

Бриджит Ауленбахерге <brigitte.aulenbacher@jku.at>

Хелма Лутсқа <lutz@soz.uni-frankfurt.de>

Карин Швистерге <karin.schwiter@geo.uzh.ch> жолдауға болады.

> Цифрлық дәуірдегі жұмыстың болашағы

Рут Кастел-Бранко, Сара Кук, Ханна Даусон, Уитуотерсранд университеті, Оңтүстік Африка және **Едвард Уебстер,** Уитуотерсранд Университеті және ХӘҚ еңбек қозғалысы жөніндегі зерттеу комитетінің бұрынғы президенті (ЗКА4)



Курьерлердің Кампус-Сквердегі бейресми жұмысы алаңы, Йоханнесбург, 2020 ж., наурыз. Суретті түсірген: Фикиле Масикане.

Цифрлық еңбек платформаларының дамуы жұмыстың болашағын өзгертіп жатыр деген тұжырым кең таралған. Кейбіреулер қашықтықтан жұмыс жасайтын онлайн-платформалық жұмыс («жаппай жұмыс») және жергілікті жерде жұмыс жасау мүмкіндігін туғызатын «платформа экономикасын» еркіндік пен икемділік үшін мақтап жатса, зерттеулердің нәтижесі бойынша платформа экономикасы еңбектің терең казуализациялануы мен еңбекті қорғау және қауіпсіздік сияқты кейбір тәуекелдерді жұмысшылардың мойнына іліп қоюына алып келді.

Көптеген талқылаулардың қорытындыларына сәйкес цифрлық платформалар жұмыстың «жаңа» түрлерін қалыптастыруда. Алайда, бұл жұмыс түрлерінің көпшілігі бұрыннан бар: есептегіштері бар такси, мейрамханалардағы азық-түлік қызметтері және үй тазалағыштары. Сонда гиг-жұмыс аясында пайда болған жаңа жұмыс түрлерінің «жаңашылдығы» неде? Цифрлық платформалар ресми немесе бейресми жұмысшы болу дегеннің не екеніне қалай ықпал етеді?

> Жаһандық Оңтүстіктегі платформаның жұмысында не «жаңа»?

Жаһандық Оңтүстік экономикасына нағыз тән нәрсе – оның жоғары дәрежедегі бейресмилігі. Гиг-жұмыстың «жаңа» формалары бейресми жұмыс қатынастары нормаға айналған кезде пайда болады. ХЕҰ-ның цифрлық платформалардағы еңбек туралы есебі бойынша Африкада халықтың 80% астамы негізінен бейресми қызмет арқылы күн көреді.

Ресми жұмыспен қамтудан айырмашылығы, бейресми еңбек қатынастары стандартты келісімшартсыз, әлеуметтік жеңілдіктердің немесе қорғаудың, сондай-ақ ұжымдық ұйым мен өкілеттіліктің болмауымен ерекшеленетін кездейсоқ жұмыс түрі ретінде бұрыннан анықталған. Шын мәнінде, бейресми жұмыс әр түрлі жұмыс жағдайымен сипатталатын бірқатар қызмет түрлерін қамтиды. Чен оларды өндіріс құралдарына иелік ететін, өздігінен жұмыс істейтін және өз тауарларын тікелей нарыққа сататын жеке шоты бар операторлар; еңбек қатынастарына қатысатын, коммерциялық болып жасырын жұмыс жасайтын жеке шоты бар жұмысшылар; жұмыс берушінің жалтаруына байланысты еңбек және әлеуметтік қорғаудан айырылған жалдамалы жұмысшылар ретінде жіктейді. Бұл категорияларда гендерлік, нәсілдік және басқа да құрылымдық иерархиялар жиі көрініс табады: ерлер табысы жоғары жеке жұмыстарда басымдыққа ие болса, әйелдер керісінше негізінен табысы аз қызмет түрлерінде шоғырланған.

Платформадағы жұмыс осындай бейресми сипаттамалардың көпшілігін қайта қалыптастырып отырады. Платформа қызметкерлері көбінесе тәуелсіз мердігерлер ретінде қате жіктеледі, бұл оларды ақылы еңбек демалысына, жеңілдіктерге (жүктілік және босану бойынша жәрдемақыларды қоса), әлеуметтік қамсыздандыруға, кәсіби және медициналық сақтандыруға қол жетімділіктен айырады. Дегенмен, олар экономикалық тұрғыдан платформаға тәуелді және қосымшаны бақылай алмайды. Шынында да, Вебстер мен Масикане бойынша, жұмысшылар тапсырмаларды

>>

тағайындайтын, өнімділікті қадағалайтын, жалақыны анықтайтын және еңбек қатынасын біржақты тоқтата алатын қосымшаның «авторитарлық алгоритмдік бақылауына» бағынады.

Жергілікті жұмыс (мысалы, жеткізу) – негізінен ұзақ жұмыс күнімен және жеке байланыспен сипатталатын жас ерлердің жұмысы. Төмен жалақыға қарамастан, табысы әдетте балама табыс көздеріне қарағанда көбірек; сұраныс пен ұсыныс жергілікті деңгейде пайда болатындықтан, жұмысшыларды ұжымдық деңгейде ұйымдастыру оңайырақ. Керісінше, интернеттегі жұмыс (мысалы, редакциялау) Жаһандық Оңтүстікте көрінбейтін жұмысшылар көпшілігі Жаһандық Солтүстікте орналасқан клиенттер үшін жасайтын қызмет түрлерін қамтиды. Қысқа және икемді жұмыс кестесімен сипатталатын бұл қызмет түрлері жұмыс пен репродуктивті әрекетті біріктіруге мәжбүр әйелдер үшін тартымды.

Цифрлық платформалар, әртүрлілігіне қарамастан, жоғары шоғырлануымен ерекшеленеді: жоғарыда аталған ХЕҰ-ның 2021 жылғы есебі цифрлық платформалардан түскен кірістің 70% тек Америка Құрама Штаттары мен Қытайға тиесілі екенін көрсетеді. Гаутенгте (Оңтүстік Африка) Uber Eats жүргізушілері ұлттық негізде жеке өзара көмек қауымдастықтары ретінде пайда болған, бірақ аймақтық желіге айналған гибриді топтарға бірікті. WhatsApp арқылы қосыла отырып, олар жүйеден шығу арқылы оларды бірлесіп өшіруді қамтитын цифрлық тікелей әрекеттер жинағын әзірледі. Сонымен қатар, Колумбияда Rapri жеткізу қызметкерлері ҰЕҰ мен Орталық жұмысшылар кәсіподағының қолдауымен UNIDAPP кәсіподақ қосымшасын жасап, көпұлтты платформаға бағытталған трансұлттық тікелей іс-қимылдарға сәтті қатыса алды. Угандада Біріккен көлік және жалпы қызмет көрсету одағы boda-boda драйвері қосымшасының дамуына қолдау көрсету арқылы оның мүшелігін айтарлықтай кеңейтіп, курьерлік қызметті жақсартта алды.

Бейресми экономикадағы іс-шаралар көбінесе бизнесті дамытуға бағытталған болса, ХЕҰ №4 Конвенциясы ауыр жұмыстың таралуы мен бейресми сектор жұмысшыларын әлеуметтік қорғау сияқты мәселелер аясында туындаған консенсусқа басты назар аударады. Ұлыбританияда Жоғарғы Сот Uber жүргізушілері ақылы еңбек демалысын, ең төменгі жалақы мен зейнетақыны алуға құқылы деп шешсе, Оңтүстік Африкада Бәсеке жөніндегі комиссиясы платформалардың шағын және орта бизнеске әсерін тексеруді қолға алды.

> Ал болашақ не болмақ?

Екі негізгі траекторияны бөліп көрсетуге болады: әрекетін жаһандық немесе ұлттық келісімсіз анықтайтын шетелдік технологиялық алпауыттардың үстемдіктерінің артуы. Бұл кейбір бейресми жұмыс орындарының пайда болуына алып келеді, бірақ жұмысшылар ресми жұмыспен қамтудың кепілдіктері мен артықшылықтарыңыз аз жалақы төленетін күнделікті жұмысты орындауға мәжбүр болады. Ал пайда мен салықтың шетелге ағуын ескере отырып, мұны Жаһандық Оңтүстікті қайта отарлаудың бір түрі ретінде сипаттауға болады.

Бұған балама ретінде платформа қызметкерлері мен олардың ұйымдарының белсенді қатысуымен жасалған «цифрлық әлеуметтік келісімшарт» болуы мүмкін. Бұл дәйекті жаһандық және ұлттық саясатты, соның ішінде осы қызметкерлерді қорғауға арналған заңнаманы қажет етеді. Бұл оптимистік жол бейресми жұмысшыларға еңбек және әлеуметтік кепілдіктерді беру мүмкіндігін туғызады. ■

Хаттарды Рут Кастел-Бранкоға <Ruth.Castel-Branco@wits.ac.za> жолдауға болады.

1. М. Чен (2012) *Informal Economy: Definitions, theories and policies* [Бейресми экономика: анықтамалар, теориялар және саясат], Wiego жұмыс құжаты. 1.
2. Е. Уебстер және Ф. Масикане, 'I just want to survive': The case of food delivery couriers in Johannesburg." Southern Centre for Inequality Studies. [«Тірі қалғым келеді: Йоханнесбургте тамақ жеткізетін курьерлердің жағдайы. Теңсіздікті зерттеудің Оңтүстік орталығы].
3. В. Велес (2020) *Not a fairy tale: unicorns and social protection of gig workers in Colombia*. [«Ертегі емес: жалғыз мүйізділер мен Колумбияда гиг-жұмысшыларды әлеуметтік қорғау»] SCIS жұмыс құжаты, №7.

> Алгоритмдік бақылауды декодтау

Сандисва Мапуката, Шафи Верачиа, Уитуотерсранд университеті, Оңтүстік Африка. **Едвард Уебстер**, Уитуотерсранд Университеті және ХӘҚ еңбек қозғалысы жөніндегі зерттеу комитетінің бұрынғы президенті (ЗК44)



Арбу иллюстрациясы.

Әділдік лигасы – Бэтмен және Ғажайып әйел және одан басқа суперқаһармандардан құралған топ әдетте ойдан шығарылған әлемді суперзұлым Дарксайдтан аман сақтап қалуға тырысады. 2016 жылы негізі қаланған [Algorithmic Justice League](#) (AJL) та әділетті және тең құқылы әлемді орнатуға тырысады, әсіресе бұл арада жасанды интеллект (ЖИ) қалай қолданылатындығы маңызды мәнге ие. AJL алгоритмдік бақылаумен күресудің төрт негізгі қағидасын алға жылжытуға бағытталған, атап айтқанда: оң келісім, мәнді ашықтық, тұрақты бақылау және есеп беру және тиімді сын айту.

«Жасанды интеллект» деп аталғанымен, бұл – жасанды емес; Кейт Кроуфорд *The Atlas of AI* – да жазғандай, «ЖИ – бейнеленген және материалды». Дәл осы материалдық біз алгоритмдік бақылау ретінде анықтайтын бақылау формасы – жұмысшыларға қатысты бақылаудың орнауына алып келді. Осы мақалада алгоритмдік бақылауды концептуализациялау және оның жұмысшыларға қалай ықпал ететіндігі мен олардың бұл бақылауға қарсы тұра бастауын зерттейміз. Соңында жұмысшылардың

алгоритмдік бақылауға қарсы тұруы туралы кейбір ұсыныстармен қорытындылаймыз.

> Алгоритм дегеніміз не?

Бүкіл әлемде әртүрлі мүдделі тараптар (соның ішінде үкіметтер, ғалымдар мен белсенділер) алгоритмдік бақылау жүйелері әлемді қалай өзгертіп жатқандығын түсінуге тырысуда. Алгоритмге оның қызмет етуі мен қолданылуы материалдық салдарға ие болғанына қарамастан, материалдық емес форма тән. Алгоритм – есептеулер немесе басқа мәселелерді шешу операциялары кезінде, әсіресе компьютердің көмегімен орындалатын процесс немесе ережелер жиынтығы. Интернет арқылы есептеу қызметтерін (мысалы, Amazon Web Services) ұсынуға мүмкіндік беретін бұлтты есептеу сияқты технологиялардың дамуы ұйымдар мен бизнеске өз операцияларының белгілі бір аспектілерін автоматтандыру мүмкіндігін туғызды. Кейбіреулер алгоритмдердің бейтарап екенін айтады. Дегенмен, мәселеге деген назардың артуы (мысалы, Руха Бенджамин, *Race After Technology* [Технологиялар жарысы]) қараңыз) алгоритмдердің

практикада қалай біржақты және кемсітушілікке ие болуы мүмкін деген тұжырымның қалыптасуына әкелді, себебі алгоритм программистердің нормалар мен нұсқаулар негізінде кодтау арқылы жасап шығарылады. Егер алгоритм біржақты болса, онда бұл практикадағы дискриминация моделдерінің автоматтануына алып келеді. Бұл әсіресе ақ нәсілді адамдар басқаратын ірі технологиялық компаниялардың қазіргі экожүйесіне қатысты. Сафия Ноубл өзінің *Algorithms of Oppression* [«Қанау алгоритмдері»] еңбегінде Google алгоритмдерінің қара нәсілді әйелдер мен қыздарды қалай кемсіткендігі туралы айтады.

> Алгоритмдік бақылау – шынайылық

Алгоритм жұмысты бақылауды индустрияландыру тарихында бұрын-соңды болмаған дәрежеде тереңдете түсті. Ол еңбек процесінің негізінде жатқан алгоритм көмегі арқылы кірісті бақылау мен оны көбейтуді белгілейді. Бұл – Маркстің «басқарудағы валоризация» деп атағанының мысалы. Алгоритмдер жұмысшылардың тапсырманы орындау жылдамдығын өлшеуге арналған. Егер платформа қызметкерлері тапсырманы алгоритм стандарттарына сәйкес орындамаса, басшылық тапқан сыйақыны дереу өзгертуге және/немесе оларды платформадан шығаруға (белсенділігін жоюға немесе өшіруге) құқылы. 2020 жылдың желтоқсанында Оңтүстік Африканың Йоханнесбург қаласында Uber жүргізушілері Uber қосымшасын өшіріп, сапар сұрауларын қабылдамай наразылық акциясын бастаған болатын. Жүргізушілердің шағымдарының арасында олардың шоттарын бұғаттаудың түсініксіз себептері және жүргізушілер тапқан табыстарды біржақты бақылауға әдісі болды.

Едвард Уебстер өзінің *The Uberisation of Work* [Жұмысты уберизациялау] еңбегінде Uber сияқты компаниялар үшін алгоритмдер аутсорсинг технологиялары мен қосалқы мердігерлік тәжірибені пайдалану арқылы жалдаудың негізгі міндеттемелерінен құтылып, жоғары қосылған құнға назар аударуға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Бұл компаниялар монополистік тенденцияларды қалыптастырады және стандартты корпоративтік басқаруды, сондай-ақ стандартты жұмысқа орналастыру тәжірибесін елемейді.

Алгоритмдік бақылаудың айрықша ерекшелігі – оның көзге көрінбейтіндігі және қол жетімсіздігі. Әдетте, алгоритмнің бастапқы коды платформа жұмысшылары үшін қолжетімсіз. Халықаралық Еңбек Ұйымының (ХЕҰ) 2021 жылға арналған *World Employment and Social Outlook* [Әлемдік жұмыспен қамту және әлеуметтік болжам] есебінде алгоритмнің бастапқы кодына қол жеткізу алгоритмнің бәсекелестікке қарсы және/немесе кемсітушілік нәтижелер беретінін анықтаудың жалғыз жолы болып табылатындығы баяндалды. Дүниежүзілік

сауда ұйымы деңгейіндегі коммерциялық құпия туралы заңдар мен ияткерлік меншік ережелеріне байланысты бұл бастапқы кодқа қол жеткізу қиын. Бұдан әрі ХЕҰ ақпараттық асимметрия алгоритм иелері мен алгоритм субъектілері арасындағы билік теңгерімсіздігін арттырады деп мәлімдейді.

> Алгоритмдік бақылау – қарсыласу

Алгоритмдік бақылау өте қиын болып көрінгенімен, қызметкерлердің өздері жұмыс жағдайларын бақылау үшін алгоритмдерді қолданады. Келіссөздерден кейін Испания жүргізушілерді цифрлық платформалардың қызметкерлері деп танытын жүргізушілер туралы Заң қабылдады. Сонымен қатар, цифрлық платформалар олардың алгоритмдерінің жұмыс жағдайына қалай әсер ететіні туралы ашық болуы керек. Сондай-ақ, алгоритмдік бақылау және оған қарсыласу талқылағанда тұтынушыларды назарға алған жөн. Тұтынушылар да жеке деректерді интеллектуалды талдау алгоритмдер арқылы құндылық өндірушілерге айналды. Big Tech тұтынушысы әртүрлі платформаларды пайдалану кезінде ақы төленбейтін жұмысты орындайды деп айтуға болады. Бұл тұтынушылардың жағдайын ірі технологиялық компаниялардың менеджерлерінің жағдайына қарағанда, жұмысшылардың жағдайына жақын етіп көрсетеді.

Зерттеушілер сонымен қатар ірі технологиялық компаниялардың алгоритмдік бақылау осы әртүрлі көріністеріне қарсы тұруға байланысты эксперименттерді талдау кезінде кеңістіктің маңыздылығын да ескеруі керек. Алгоритмдік бақылау жүйелерінің әртүрлі кеңістіктік контекстерде өзіндік сипаттамалары бар. Бұл ерекшеліктерді ұлттық деңгейден тыс ескеру маңызды. Жаһандық Солтүстік пен жаһандық Оңтүстік арасындағы тұрақты теңсіздікті ескере отырып, екі контекст алгоритмдік бақылаудың әртүрлі формаларына қарсы тұру туралы мәселелерді қозғауды одан есе тереңдететін маңызды ерекшеліктерді алға тартады. Корпорациядан гөрі қызметкерге басымдық берілетін болашақ жұмыс тұжырымдамасын қалай құру керектігі туралы ойланғанда, мұны ескеру өте маңызды. Кэти О’ Нил өзінің *Weapons of Math Destruction* [Математикалық жою қарулары] жұмысында мынадай жақсы сипаттама берді:

«Үлкен деректерді өңдеу процестері тек өткен шақты кодтайды. Олар болашақты ойлап таппайды. Бұл үшін адамгершілік қиял қажет, ал бұны тек адамдар ғана бере алады. Біз этикалық қағидаларды ұстанатын үлкен деректер моделдерін құру арқылы алгоритмдерге ең жақсы құндылықтарды нақты енгізуіміз керек. Бұл кейде әділдік пайдадан гөрі маңыздырақ дегенді білдіреді».

Хаттарды Сандисва Мапуката <sandiswa.mapukata@wits.ac.za>

Шафи Вераchia <mohammed.verachia@wits.ac.za>

және Едвард Уебстерге <Edward.Webster@wits.ac.za> жолдауға болады.

> Онлайн еңбек платформалары: есеп бермейтін билік?

Келле Хаусон, Оксфорд университеті, Ұлыбритания, **Патрик Фейерштейн**, Әлеуметтік ғылымдардың Берлин зерттеу орталығы, Германия, **Фунда Устек-Спилда**, Оксфорд университеті, Ұлыбритания, **Алессіо Бертолини**, Оксфорд университеті, Ұлыбритания, **Ханна Жонстон**, Солтүстік-Шығыс университеті, АҚШ және **Марк Грэм**, Оксфорд университеті, Ұлыбритания



Онлайн гиг-қызметкерлер немесе «бұлтты жұмыскерлер» транзакциялардан рента алатын платформа интерфейсі арқылы тұтынушыларға қосылады және еңбек процесін бақылаудың жоғары деңгейін жиі қамтамасыз етеді. Ұсынған: Fairwork Project.

СОVID-19 пандемиясы цифрлық құралдар саласындағы ілесіп жетістіктердің (бейне-конференция, алгоритмдік басқару және тапсырмаларды бөлу, сондай-ақ қызметкерлерді бақылау) көмегі арқылы ой еңбегі жұмысшылары үшін олардың қашықтықтан жұмыс жасауын қалыпты жағдайға айналдырды. Пандемия еңбек нарығындағы бұрыннан қалыптасқан теңсіздіктердің көпшілігін айқындап, оларды одан әрі тереңдетті. Қашықтан жұмыс істеуге оңай ауыса алатын кәсіптер мен қашықтан жұмыс істеуге болмайтын, жалақысы төмен қызмет көрсету жұмыстары арасында айтарлықтай бөліну байқалды, екіншісінде жұмысшылар [екі есе қауіпке](#) тап болды: вирус жұқтыру және карантин немесе оқшаулау кезінде кірісті жоғалту.

Еңбек нарығындағы ашықтықтан жұмыс жасай алатын мен

жеке жұмыс түрлерімен айналысатындардың арасындағы әділетсіз жіктелу пандемия басталғаннан бері айқынырақ болғанымен, қашықтағы жұмысшылардың барлығы салыстырмалы қауіпсіздікке ие емес екендігі аз талқыланды. Шын мәнінде, онлайн гиг-экономика COVID-19 пайда болғаннан бері даму үстінде. Бұл еңбек формалары көптеген адамдардың күнделікті өміріне ыңғайлық әкелгенімен, олар аз байқалады.

> Бұлтты ортада еңбекті бақылау

Онлайн гиг-жұмыс такси шақыру, тамақ жеткізу және клининг сияқты «географиялық байланыстырылған» гиг-жұмыстың жалпы сипаттамаларына ие (танымал мысалдарға Uber, Didi, Deliveroo жатқызуға болады). Онлайн гиг-жұмысшылар (немесе «бұлтты жұмысшылар») клиенттермен транзакциялардан рентаны алатын және көбінесе еңбек процесін бақылаудың жоғары деңгейіне ие платформа интерфейсі арқылы байланысады. Платформалар жұмыстың қалай орындалатынын, соның ішінде есептерді бөлуді, төлемді және тәртіптік шараларды алгоритмдік басқару арқылы бақылайды. Географиялық байланыстырылған жұмыстағы әріптестері секілді олар келісімшарт бойынша жұмысшыларды тәуелсіз мердігерлер немесе өзін-өзі жұмыспен қамтығандар ретінде жалдайды, осылайша оларды ең төменгі жалақы, ауру төлемі, бала күтімі және зейнетақы сияқты жұмыспен қамтудың заңнамалық кепілдіктерден шеттеп тастайды.

Алайда, такси, жеткізу және клининг секторларындағы әріптестерінен айырмашылығы, бұлтты платформалар интернетке қолжетімділіктің арқасында жұмысты теориялық тұрғыдан әлемнің кез-келген нүктесінен жасай алу мүмкіндігіне ие. Олар трансшекаралық байланыстардың күрделі желісін құруға ықпал етеді және теориялық тұрғыдан әлемдік ауқымдағы еңбек нарығын құруға арналған. Бұл динамика жұмысшылар үшін жаңа мүмкіндіктер туғызады, бірақ олар осалдықтарды да тудырып, жұмысшыларды тәуекелге ұшыратады.

Біріншіден, платформалар көптеген юрисдикцияларда қызметкер мен тұтынушы арасындағы қарым-қатынасты

>>

делдалдық қызмет басқарады, ал бұл өз кезегінде оларды реттеуді қиындатады. Олардың негізгі құралдарға қатысты иелігі аз және келісімшарттағы жұмысшылармен қашықтықта жұмыс жасауға тырысады. Бұл құбылмалылық пен тұрақсыздық олардың жұмысшылар мен жалпы жұртшылықты қорғауға бағытталған жергілікті заңдарды, сондай-ақ салық және бәсекелестік режимдерінен айналып өте алатынын білдіреді.

Дәл осындай динамика жұмысшылардың құрылымдық күшін басып-жаншу үшін қызмет етеді. Жұмысшыларға платформа құрылысының ерекшелігіне байланысты бытыраңқы, географиялық тұрғыдан шашыраңқы және бір-бірімен бәсекеге түсуге мәжбүр болғандықтан оларға ұйымдасу, бірлік орнату және еңбек жағдайларын жақсартуға бағытталған ұжымдық шараларды қолдану қиынға соғады. Жаһандық онлайн еңбек платформаларында ұжымдық келіссөздерді жеңілдететін ұлттық нормативтік базаны қолдану қиын. Бұлтты жұмыста жұмысшылар мен қоғамның есеп беруінің ресми құрылымдарының болмауы платформалар еңбек жағдайларын өздігінше анықтауға және өздері қалағандай жауапкершілікпен немесе жауапсыздықпен әрекет етуге үлкен билікке ие.

Бұлтты платформалардың көпшілігінде стандартты жұмыспен салыстырғанда нарыққа кіру кедергілері төмен. Бұл Жаһандық Оңтүстік жұмысшылары, балаға күтім жасайтын немесе үйдегі қожалықпен айналысатын адамдар (көбінесе әйелдер), мигранттар, этникалық азшылықтар және мүгедектер сияқты еңбек нарығына тең қатысу мүмкіндігінен айырылған адамдарға қажетті жағдай жасайды. Алайда, көптеген халықаралық бұлттық платформаларда жұмыс күшінің айтарлықтай артықшылығы бар. Бұл клиенттерге жұмысшыларды тез және оңай табуға көмектеседі, бірақ бұл шектеулі жұмыс орындары мен бәсекелестіктің артуына алып келеді, нәтижесінде көптеген адамдар үшін жұмысынан айырылуға немесе табыс мөлшерінің төмендеуіне итермелейді.

Қысқа мерзімді тапсырмалардан тұратын «микротапсырма» платформалары (мысалы, Microworkers, Amazon Mechanical Turk және Appen) деп аталатын бұлтты платформаларда жұмысшылар үлкен жобаларға қатыса алады (мысалы, мәліметтер жиынтығын аннотациялау арқылы Машиналық оқыту жүйелерін оқыту). Бұл жобалар бірнеше секундта жасалатын өте ұсақ егжей-тегжейлі тапсырмаларға бөлінген тапсырмалардан тұрады. Мұнда ондаған елдердің жүздеген қызметкерлері өте қысқа мерзімде бір клиент үшін жобаны аяқтауға өз үлестерін қосады. Бұл жоғары түйіршіктелген аутсорсинг жұмыс ортасын түпкілікті өнімнен толығымен жасырып, бұлтты платформаның еңбек процесіндегі құпиялығына ықпал етеді, бұл өз кезегінде жұмысшылардың мүмкіндіктерінің шектеуіне әкеледі, әсіресе жеке жұмысшыларды жұмыстан шығару және ауыстыру өте оңай болғандықтан.

Бұлтты жұмысшыларға өздерінің ұжымдық күшін көрсету өте қиын болуы мүмкін, әдетте олар ұлттық

заңнамамен қорғалмағандықтан, олардың күнделікті жұмыс жағдайлары сенімсіз және тәуекелді болып келеді. Бұлтты платформалардың көпшілігі клиенттерге жұмысшы жасаған жұмыстан бас тартуға мүмкіндік береді, ал бұл өз кезегінде жұмысшының төлемсіз қалуына әкеледі. Платформалар жұмысшыларға бұндай бас тартуларға қарсы тұруға мүмкіндік бере алады, бірақ бұл өз қалауы бойынша жасалады және көбінесе басқа жұмысты орындаудан гөрі көп уақытты қажет ететін күрделі автоматтандырылған процестерді қажет етеді, ал клиенттерге қарағанда жұмысшылар көп болғандықтан, платформалар әдетте клиенттердің жағында болады.

Сондай-ақ онлайн платформа жұмысшылары да өздерінің денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін қауіп-қатерлерге, соның ішінде графикалық немесе психологиялық тұрғыдан қауіпті контентке, сондай-ақ олардың құпиялылығын бұзу немесе деректерді қорғаудың жеткіліксіз шараларына әкелетін тәуекелдерге бейім.

Бұдан басқа жұмысшылар клиенттер тарапынан кемсітушіліктерге, соның ішінде олардың жынысына, нәсіліне немесе географиялық жағдайына байланысты болжамдар немесе теріс сенімдерге негізделген дискриминацияға төтер бере алмайды.


> Бұлтты жұмысшыларды қорғау қозғалысы

Платформаның қуатын тежеуге қабілетті және жұмысшылардың ұйымдасуы мен ұжымдық келіссөздерге байланысты кедергілерге төтеп бере алатын ұлттық немесе халықаралық нормативтік әдіс-тәсілдердің жоқтығы жағдайында тәуекелді және қанаушылық еңбек жағдайлары қашықтықтағы жұмыс түрлеріне кең тарады. COVID-19 пандемиясының нәтижесінде осал топтағы жұмысшылар қашықтықтағы жұмыс түрлеріне ауысуға мәжбүр болғандықтан, жұмысшылардың бұл тобын қорғау бұқаралық жұмыс күші мен саяси шешімдерді қажет етеді. Fairwork жобасы жұмысшылармен және сарапшылармен бірлесіп, осы күш-жігердің бағыты мен стандарты ретінде қызмет ететін әділ бұлтты жұмыс қағидағтарын жасап шығарды. Қағидалар Әділ төлем, Әділ шарттар, Әділ келісім-шарттар, Әділ басқару және Әділ өкілдік санаттары бойынша жоғарыда талқыланған тәуекел мен қауіп аспектілерін қамтиды. Онлайн гиг-экономикадағы еңбек тәжірибесінің спектрін көрсету үшін біз осы қағидаларға сәйкес он жеті танымал платформаны бағаладық (есептедік). Бірнеше платформалар салыстырмалы түрде оң рейтингтерге ие болғанымен, біздің зерттеулеріміз платформа әрекеттері қарапайым код арқылы миллиондаған жұмысшылардың әл-ауқаты мен өмір сүру құралдарына қауіп төндіретінін көрсетеді. Fairwork Cloudwork-тің алғашқы рейтингтері осы іркелкі емес қуат қатынастарын көрсетуге бағытталған және жыл сайынғы бағалаудың келесі кезеңдері арқылы біз қашықтықтағы жұмысшылар үшін әділетті жұмыс болашағын қалыптастыру үшін бірлескен күш-жігерге үлес қосамыз деп үміттенеміз. ■

Хаттарды Келле Хоусонға <kelle.howson@oii.ox.ac.uk> жолдауға болады.

> Ұстап қалу — еңбек және эпистемология

Ариел Салле, шақырылған профессор, Нелсон Мандела университеті, Оңтүстік Африка және ХӘҚ өмірлік мүшесі



| Pluriverse: Пост-Даму сөздігі. Тулика кітабы (2019).

«**Т**абиғатты игеру» туралы еуроцентристік қиял әрқашан өзекті онтология болды. Материя пен *mater* (латынша) арасындағы бастапқы байланыс кездейсоқ емес. Ертедегі экологиялық феминистер үстемдікке деген өркениеттік ұмтылысты ер адамдарға жұмбақ табиғи ағымдарға тәуелді болмай, мәдени тұрғыдан туылуға мүмкіндік беретін ананы өлтірудің сублимациясы деп санады. Бүгінгі таңда табиғатты экстернализациялайтын сол бір психологиялық диссоциация неолибералды күштерді, соғыс пен заманауи ғылымды қолдануға мүмкіндік береді. Академиялық деп саналатын Эдип мәмілесі онымен келісе алады ма?

> Есте сақтау

Қалай болғанда да, «басқа» ескі мәдениет объектілер мен абстракциялар әлемін құрайтындықтан, оның айнадағы бейнесі сезімтал болып қалады және оны «ұстап қалу» деуге болады. Ұстап қалу адамның табиғат метаболизміне қатысы туралы айтады, яғни ананың құшағында өздігінен жетілудің бастапқы сәтін көрсетеді. Жаңа материалистер айтқандай, адамдар өздерін табиғаттың көрінісі ретінде

сезінген кезде, олар Жер бетіндегі өмірдің қаншалықты «күрделі» екендігін түсінеді. Алайда, мені бұл тұжырым қызықтырмайды; керісінше, мен ұстауды өнім шығаратын емес, репродуктивті еңбек формасы ретінде қарастырамын. Делибатовті ұстап қалу биофизикалық процестерді белсенді етеді, мысалы, балаға күтім жасау немесе жергілікті халықтардың орман алқаптарындағы көшеттерді қорғауы. Ұстап қалу бір уақытта негізделген және жүйелі эпистемологияға үйретеді.

Біз өндеген *Pluriverse* жинағымызда (2019) Карин Амимото Ингерсолл Гавай балықшыларының осы сезімталдығын сипаттайды:

“Мұхит, жел, толқын, ағымдар, құм, теңіз балдырлары, балықтар, құстар және аспан денелері туралы құралдық емес, навигациялық білім әлем бойынша кез-келген жаққа жылжуға мүмкіндік беретін өзара байланысты жүйе... Осы мұхиттық сауаттылықта дене мен теңіз жағалауы күрделі дискурста өзара әрекеттеседі ... бізді «өзімізден» алшақтататын батыстық ойдағы әлемдер туралы алып нарративтерге балама... Осылайша, көрініс саяси процеске айналады, мұхиттық уақыт пен кеңістікте алынған барлық естеліктер мен білімді есте сақтайды, бірақ оларды сәйкестіктің, орын мен күштің қатаң отарлық құрылымдары жояды... Біз өмір сүретін кеңістіктер бос географиялық аймақтар сияқты, әлемнің [тым] көп бөлігі жадысыз өмір сүреді, сондықтан оларды тұтыну мен дамыту қол жетімді...” [Курсив –М.А.]

> Регенерациялық құндылық

Протестанттық этика тұжырымдағандай, христиан патриархаттығы мен капитализм тарихи тұрғыдан салынған (кіріктірілген) қалып. Жаһандық корпорациялар мен жан-жақты агенттіктердің пайда болуымен, қамқоршылардың, ұсақ жер иелері мен байырғы халық білімі «экономикалық» емес, «мәдени» деп кемсітіледі. Бұл еңбек «өнім» шығаруы керек деп санайтын саяси оңшылдар мен солшылдар қамтылған ақ орта таптың маскулиндік дискурсында олардың тұрақтылығын жасырады. Яғни, «нағыз жұмыс» материяны «адам қолымен жасалған» нәрсеге айналдырудан тұрады, сондықтан да ол – «құнды». Тіпті прогресшіл эко-социалистер, Жаңа жасыл дилерлер және саяси экономистер ресми экономикаға көшуді жақтайтын сандық дәлелдерді келтіреді. Пайдалану мен алмасудың

>>

маркстік дуализмінен айырмашылығы – репродуктивті немесе «метаболикалық» құндылықты өлшеу қажет емес; ол экожүйелермен қатар адам денсаулығының жақсаруынан сезіледі.

Әлеуметтік қажеттіліктерді қанаусыз, экстрактивизмсіз, биоалуандықты жоғалтпай, сутасқынынсыз және климаттың өзгеруінсіз қанағаттандырудың көптеген жолдары бар. 1999 жылы Сиэтл халқы жиналыстарынан бастап Дүниежүзілік әлеуметтік форум, Via Campesina [Виа Кампесина], Қоршаған ортаны қорғаудың байырғы халықтар желісі, Дүниежүзілік әйелдер шеруі және Жойылып кетуге қарсы көтеріліс сияқты қозғалыстар капиталистік патриархаттық империяға қарсы шықты және бұл олардың бірнешеуі ғана. Мұндай бастамалар Иван Ильич және Вольфганг Закс сияқты деколониялық ойшылдардан, сондай-ақ «дұрыс емес дамуды» сынайтын Мария Майес және Вандана Шива сияқты экофеминистерден шабыт алады. 2019 жылғы Pluriverse жобасы андтық *buen vivir* өкілдері, *swaraj* үнді қауымдастықтары, еуропалық өндірушілер және басқалары арасында «жаһандық, яғни жергілікті» үндеуімен мәдениетаралық айырбасқа жол ашады. Манфред Макс-Нифтің тұжырымын басқаша келтіре отырып: өзін-өзі басқаратын шағын экономикалар – экологиялық қалпына келтіру, күнделікті өмір, оқыту, инновация, сәйкестілік және тиесілік секілді көптеген қажеттіліктерді бір уақытта қанағаттандыратын «синергетикалық».

> Құрылымдық параллелдер

Үй шаруасындағы әйелдер мен шаруалардың еңбекті ұстап қалуы пестицидтерді пайдаланудан бас тарту немесе тау-кен жұмыстарын тоқтатудағы көршілер мен ауылдардың күш-жігерінен байқалады. Сол сияқты, осы жұмысшылар да табиғаттың және әйелдер мен байырғы халық өкілдері денелерінің тауарға айналуындағы құрылымдық параллелдердің бейнесі. Жаһандық деңгейде Жаһандық Солтүстіктегі әйелдердің саяси балама Жаһандық Оңтүстікте нәсілдік тұрғыдан бөлінген халықтардың таңдауымен сәйкес. Бұл заңды құқықтардың азаматтық механизміне негізделген эмансипация немесе қоғамдық өзара әрекеттесу аясында өзін-өзі жүзеге асыру арқылы орын алады.

XXI ғасырда адамдар адамзат пен табиғатты қайта біріктіру мақсатында елеулі өркениеттік қадамдар жасауда. Жаңа Су Парадигмасының немесе Табиғат Ана Құқықтары жөніндегі Халықтық Трибуналдың холистік ғылымы да есте сақтаудың үлгісі. Азық-түлік егемендігі – Солтүстік пен Оңтүстіктегі плюралистік

белсенділіктің басты мақсаты және мұны БҰҰ Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымының «Азық-түлік қауіпсіздігі» тұжырымдамасымен шатастыруға болмайды. Соңғысы жай ғана алыпсатарлықтың артуына, өмір сүруге қажетті қаражаттың кемуіне, мұнай негізінде мономәдениеттердің өсуіне және трансконтиненттік еркін сауданың «ластануына» ұшыратады. Негізгі феминистер, сондай-ақ кейбір солшыл белсенділер мен жасылдар басым капиталистік парадигманы түзету туралы сеніммен пікір білдіреді. Мемлекеттік органдар толеранттылықтың репрессиялық формалары арқылы жақсы ниетті өзгерістерді жиі қолданады. Мұны айналмалы экономика, жасыл мәмілелер мен жер жүйесін басқару мысалынан көруге болады.

> Биоөркениет?

Әлемдік қоғамдық өнімнің «әділ және тұрақты бөлінуі» құлаққа жағымды болғанымен, термодинамикалық мағынасы жоқ. Жейсон Хикелдің айтуынша, БҰҰ Тұрақты Даму Мақсаттарына қол жеткізу үшін жаһандық экономика қазіргі өлшеммен салыстырғанда 175 есе өсуі қажет, себебі ол жыл сайын планетарлық қуаттылықтан 50% асып түседі. Ұстап қалу экономикалары табиғатты жергілікті өндіріс үшін пайдаланудағы материалдық шектеулерді құрметтейді. Халық парадигмасы жалғыз жоғары технологиялық индивидуализмді және өмірді жоққа шығаратын вирустық жағдай формулаларын алмастыру үшін «биоөркениетке» ұмтылады. «Мен ойлаймын, сәйкесінше мен өмір сүремін» диссоциацияланған *cogito* қарсы «Мен бармын, себебі сен барсың» Оңтүстік Африкалық *ubuntu* этикасын ұстап қалу логикасын қойыңыз. Баламалы тұжырымдар – *buen vivir*, эко-қоныстану, сыйлық экономикасы, *kyosei*, *sentipensar*, қазіргі таңда баламалардың жаһандық құрағы қызу талқыда.

Экосоциалистер өздерінің материализмін «қайта ұғынып», «басқа» жұмысшы табының, яғни «метайндустрияның» тарихи рөлін капиталдың ішкі және географиялық перифериясынан қарастыра алар ма еді? Міне, теорияның шегінде барлық таптардың материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыратын «көзіне көрінбейтін» жұмысшылар бар. Шын мәнінде, олар тіпті адамзат пен табиғат арасындағы айырбасты сақтай отырып, капитализмді мүмкін етеді. Бұл жаһандық тап жойылып бара жатқан еуроцентристік дәуірдің қатаң абстракцияларын қажет етпейді: субъектінің объектіге, адамзаттың табиғатқа, ер адамның әйелге, ақтың қараға, экономиканың экологияға үстемдік етуі.¹

Хаттарды Ариел Саллеге <arielsalleh7@gmail.com> жолдауға болады.

1. Мәтін «Femmes, écologie et Engagement politiques du Sud au Nord» Сорбонна оқыған дәріске негізделген, Париж, маусым 2021 ж.

> Миязаки анимесі: антропоцен үшін анимизм

Шоко Йонеяма, Аделаида Университеті, Аустралия



Көршім Тоторо (1988).
Ұсынған: Studio Ghibli.

Климаттың өзгеруі, COVID-19 пандемиясының және антропоценмен байланысты басқа экзистенциялық дағдарыстардың шешімі адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты қайта зерделеуді қажет етеді деген ортақ пікір бар. Алайда, алысқа ұзап кетпедік. Қарым-қатынастың мүлдем басқа түрін қарастыруымыз керек шығар. Амитав Гош қиял дағдарысынан зардап шегудеміз, өйткені бізде балама онтологияны ұсынуға мүмкіндік беретін мәдени сілтемелер жүйесі жоқ деп болжайды. Анимизм бізге шешім табуға көмектесе алады ма?

Бірақ анимизм қазіргі заманнан алыс аңшылар-жинаушылар сияқты «алғашқы адамдардың» «қарапайым сенімі» емес пе? Батыс ортодоксында анимизм әдетте осылай тұжырымдалады: бұл негізінен қате эпистемология. «Жаңа анимизм», анимизмді заманауи пайдалы сын ретінде ұсына отырып, оң көзқарас ұстанатын кейінгі мектеп. Дегенмен, жаңа анимизмнің толыққанды мақсаты әлі орындалған жоқ. Анимизм әлі де батыстағы университеттердің антропология факультеттерінде үлгі болып ғана қалып отыр.

> Миязаки анименің әлемдік танымалдығы

Миязаки Хаяо, Studio Ghibli анимациялық фильмдерінің режиссері, антропоцендегі өмірдің күрделі шындығымен көрерменді терең тебіреніске шабыттандыруда маңызды рөл атқарады. Оның анимесіндегі анимизм адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты позитивті қайта түйсіну үшін миллиондаған көрерменнің жүрегі мен санасын аша алады. Миязаки анимесі анимизмнің түсінікті бейнелері және оқиғалары арқылы қиялымызды шалықтады.

Бірнеше жыл бұрын конференцияда осы ойымды баяндаған кезде, «Сіз әзілдеп тұрған шығарсыз!», – деді бір әріптесім. «Миязаки анимесі – балаларға арналған нәрсе. Ұлым Totoro бес жасында көрді». Бұл – рас: Миязакидің жұмысы негізінен балаларға арналған, бірақ оның фильмдерінің арқасында «Жапон балалары ағаштарды көргенде Тотороны, ағаш рухын сезінеді», – дейді Ghibli бұрынғы директоры Такахата Исао. Бұл бүкіл әлемдегі балаларға қатысты болуы мүмкін. Дисней 1996 жылы Ghibli фильмдерін тарата бастағаннан бері Миязаки анимесінің жаһандық ықпалы геометриялық прогрессия түрінде өсті, 2003 жылы *Spirited Away* [Елес жетегінде] Ең нздік анимациялық фильм ретінде Оскар сыйлығына ие болды және фильмдер Netflix пен HBD Max көрсетіле бастады.

> Сыни анимизм

Сонымен, Миязаки анимесінің әлемдік танымалдылығының антропоценге қатысы қандай?

Миязаки анимесіндегі анимизмінің көріністері, әсіресе *Nausicaä of the Valley of the Wind* [Желмен жарысқан Наусикая] (1984), *My Neighbour Totoro* [Көршім Тоторо] (1988), *Princess Mononoke* [Мононоке Ханшайым] (1997), *Spirited Away* [Елес жетегінде] (2001), және *Ponyo* [Понио] (2008), сияқты фильмдерінде адам мен табиғат арасындағы зерделенген қатынасқа тереңірек бойлауға мүмкіндік береді.

Қайта зерделенген? Жапонияда жағдай басқаша, онда анимистік онтология мен эпистемология бүгінге дейін қазіргі заманға сай жалғасуда. Ол жақта анимизм ЮНЕСКО материалдық емес мәдени мұра деп атайтын нәрсе ретінде қалыптасқан. Сонымен қатар, мен анимизмнің жаңа түрі қазіргі заманның жағымсыз жақтарына жауап

>>



Kodama (орман иесі) Мононоке Ханшайым-да (1997). Ұсынған: Studio Ghibli.

ретінде дамыды деп есептеймін және қазіргі заманның рефлексивті сынын қалыптастыру үшін «белсенді» (мысалы, Покемонның трансформациясы). Мен мұны «сыни анимизм» немесе «постмодернистік анимизм» деп атаймын.

Сыни анимизм Минамата ауруымен ауыратындардың дискурсынан пайда болды. Олар – 1950 жылдардан бері жалғасып келе жатқан адамзат тарихындағы өнеркәсіптік ластанудың ең ауыр салдарының құрбандары. Кино әуесқойлары Жонни Депптің 2020 жылғы Minamata фильмімен таныс болуы мүмкін, ол «Ваннадағы Томоко Уемурдың» суретін түсірген фотограф Юджин Смиттің өмірі туралы баяндайды.

Әлеуметтанушы Цуруми Казуко алғаш рет анимизм туралы жаппай дискурсты қазіргі заманның сыны ретінде зерттеді. Мен Цурумидің «анимизм жобасын» Animism in Contemporary Japan: Voices for the Anthropocene from Post-Fukushima Japan [Заманауи Жапониядағы анимизм: Фукусимадан кейінгі Жапониядан келген антропоценнің дауысы] кітабында жалғастырдым, Миязаки – мен кітапта ғұмырнамаларын зерттеген көрнекті төрт жапон зиялысының бірі, зерттеуде шығармашыл ойшылдардың анимизм әлемді құтқара алады деген идеяға қалай келгенін көрсетемін.

Миязаки Хаяо анимизм әлемді құтқару үшін қажет деп санайды. Осылайша анимизмді тарату – оның өмірлік жобасы. Оның жұмысының философиялық негізін Nausicaä of the Valley of the Wind [Желмен жарысқан Наусикая] мангасының нұсқасында, адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас туралы мың беттен астам эпикалық әңгімеден табуға болады, оны аяқтауға он екі жылын сарп етті.(1982-94).

Миязаки (сыни) анимизмі үш бөліктен тұрады. Олардың бірі – ерік күшіне ие табиғаттың керемет суреттері. Табиғат Princess Mononoke [Мононоке Ханшайым] Кодама, орман иесін бейнелейтін өмір әлемі мен рухани әлемнің ерекше дуалистік емес үйлесімі ретінде ұсынылған. Екінші компонент – анимизмді мемлекеттік жапон анимизмінің

идеологиялық және жалған патриоттық дискурсынан ерекшелейтін орын мен жергілікті жердің мәні. Оның анимизмді орнықтыруы Ариф Дирлик «транслокалды одақтар» деп атайтын нәрсені қалыптастыра отырып, басқа жерде анимизммен әлсіз байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Үшіншісі күшті теориялық салдарға әкелетін – адам/табиғат, жақсылық/жамандық, өмір/өлім, рухани/материалдық, көрінетін/көрінбейтін және ашық/қараңғы сияқты дуализмнен бас тарту.

Миязаки Хаяо анимизмі теориялық тұрғыдан радикалды, өйткені ол иерархиялық дуализмге негізделген әлеуметтік ғылым мен қазіргі заманғы парадигманың мына алғышарттарына қарсы шығады: 1) адамдар табиғаттан жоғары (антропоцентризм); 2) рационалды руханидан жоғары (секуляризм); және 3) еуропалық дәстүр басқалардан жоғары (Еуроцентризм). Басқаша айтқанда, оның анимизмі қолданыстағы парадигманы бұзады. Бұл иерархиялық дуализмнен азат басқа парадигманы ұсыну үшін қиялымызды жаңа бағытта ынталандыру мүмкіндігін білдіреді. Толығырақ Theory, Culture & Society-дегі «Миязаки Хаяо анимизмі және антропоцен» «[Miyazaki Hayao's Animism and the Anthropocene](#)» деген мақаламды қараңыз.

Осы теориялық тұжырымдар арқылы Миязаки анимесінің жаһандық танымалдығы – маңызды әлеуметтанулық құбылыс. Миязаки, Тоторо балалармен бірге ағаш көшетін еккендей, миллиондаған көрермендердің жүрегі мен санасына анимизмнің күшті бейнелерін ұялатты. Миязаки шығармаларының үлкен танымалдығы жан тәнімен түсінуді немесе оның анимистік ұстанымына деген құштарлықтың белгісі екені даусыз. Оның сиқырлы әлем туралы фильмдері көрермендерді (оның ішінде әлеуметтанушыларды) анимистік эпистемология мен онтологияға көбірек бейімделуге, Гоштың қиял дағдарысын жеңуге дайындайды. Бұл тұрғыда Миязаки Хаяо бізге антропоценнің «мінсіз дауылына» төтеп беру үшін «мінсіз тарихты» ұсынады. ■

Хаттарды Шоко Йонейамаға <shoko.yoneyama@adelaide.edu.au> жолдауға болады.

1. Йонейама, Ш. (2019) Animism in Contemporary Japan: Voices for the Anthropocene from Post-Fukushima Japan [Заманауи Жапониядағы анимизм: Фукусимадан кейінгі Жапониядан келген антропоценнің дауыстары]. Oxon and New York: Routledge.

> Антропоцен

және оның наразылығы

Гайа Жулиани, Әлеуметтік Зерттеулер Орталығы, Коимбра Университеті, Португалия



Кабо-Верде.
Ұсынған: Гайа Жулиани.

Соңғы уақытта антропоцен ұғым және процестер мен құбылыстардың жиынтығы ретінде саясаттағы, сондай-ақ өнер, мәдениет және академиядағы пікірталастардың өзегіне орналасты. Оның кең таралған мағынасы ғалымдар екінші немесе үшінші өнеркәсіптік революцияға дейін, адамның араласуы планетаның геологиялық, физикалық және биологиялық құрамына үлкен ықпал ете бастаған процестерге қатысты дегенді білдіретіні таңқаларлық жәйт.

> Антропоцен теориясына сыни көзқарастар

Неғұрлым сыни көзқарастарға сәйкес антропоцен және ол туралы қоғамдық пікірталас отаршылдық және капиталистік қазіргі заманғы (осы сыншылардың пікірінше, антропоцен – заманауи дәйек) және сол кезден бастап мәртебелі адам, адамға тән емес және жансыз арасындағы қарым-қатынасты қайта зерделеуге қызмет етеді. Осы реконцептуализация ғаламдық көлемдегі органикалық және бейорганикалық элементтерді басқаратын күш құрылымдарын түбегейлі қайта қарау нәтижесінде пайда болады.

Аталмыш сыни ұстанымдар антикапиталистік және деколониялық көзқарастардың қиылысында әртүрлі пәндік салалардағы жаһандық нәсілшілдікке қарсы, феминистік және квир-сын мен эпистемологиядан, биологиядан, географиядан, геологиядан және физикадан бастап кино, әлеуметтану, антропология, саясат, философия, поэзия

және перформанска дейінгі аралықта пайда болды. Олар қоршаған орта туралы гуманитарлық ғылымдар саласындағы пәнаралық диалог аясында жасалған екі маңызды идеядан туындайды, біріншіден, қоршаған орта да – әлеуметтік құбылыс, екіншіден, антропоценнің кез келген тіршілік иесіне зорлық-зомбылық ықпалын жою үшін адамдар мен Жердің басқа тірі және бейорганикалық компоненттері арасындағы өзара тәуелділікті мойындау және оған саяси сипат беру қажет.

> Антропоцендік антропос және оның құбыжықтары

Осы қысқа ой қиялдың, риториканың және тәжірибенің семиотикалық өнімділігімен байланысты антропоценнің өзіндік ерекшеліктеріне, сондай-ақ антропоценнің антропосы ретінде идентификациялануы мүмкін ұжымдық трансцендентті субъектіден (Фуко) туындайтын заңды, саяси және танымал мәдениеттерге назар аудара отырып, аталмыш сыни ойлардан туындайды.

Элизабет Повинелли атап өткендей, бұл антропос отарлаудан кейінгі және деколониялық сында анықталған картезиан субъектісін және феминистік ғалымдар әлемді өзгерткен еуроцентрлік және батыстық қазіргі заманның пайда болуымен байланысты деп сәйкестендірген қоғамдық келісімнің либералды адамын қамтиды. Бұл антропосқа ақыл мен денені, адами мен адами еместі, ер мен әйелді, ақ пен қараны, жақсы мен жаманды, рационалды мен

>>

иррационалды, зайырлы және тақуалықты, дұрыс және бұрысты, жоғары және төменді, құтқарушы мен өлтірушіні жеке мәндер ретінде семиотикалық құрылымдау арқылы ұсынатын тарих, география және адамзаттың көзқарасы ортағасырлық алғышарттардан бастап еуроцентрлік қазіргі заманға дейінгі капитализм мен оның зорлық-зомбылығын қолдайтын және ұдайы өндіретін онтология мен логиканы танады.

Бір жағынан, онтология мен антропоцен логикасы мен нәсілдік капитализм, патриархат және отаршылдық арасындағы өзара байланысты теориялар мен ойларды біріктіре отырып, мен тарихи құрылған дискурстық монстрификация процесі антропоцен антропосының қалыптасуына және билік құрылымдарының орталығы және капиталистік және отаршылдық қазіргі заманда пайда болған құндылықтарды алатын гегемониялық «бізді» құруға ықпал етудегі шешуші рөлді зерттеймін.

Бұл шолу антропоценнің онтологиясы мен логикасының жұмыс істеуі мен олардың уақыт пен кеңістіктегі легитимациясы арасындағы байланысты ашады, монстрификация процесі мен отаршыл көтерілісшілерге, қашқын құлдарға, килоболдарға, сиқыршыларға, кәпірлерге, бүлікші шаруаларға, ереуілге шыққан өнеркәсіптік жұмысшыларға және байырғы қарсылықтарға қатысты зорлық-зомбылық арасындағы байланысты ашады.

Ол мұны оларға қарсы моралдық дүрбелеңнің дискурсивті құрылысын отаршылдық зорлық-зомбылықпен, мемлекеттік авторитаризммен және өлімге әкелетін экстрактивизммен байланыстыру арқылы жасайды.

Monsters, Catastrophes and the Anthropocene: A Postcolonial Critique [Құбыжықтар, Апаттар және Антропоцен: Постколониялық сын] атты соңғы кітабымда, табиғи апаттар, жаппай көші-қон және терроризм туралы еуропалық және батыстық түсініктерді қазіргі заманғы қасірет пен апат ұғымдарын отарлаудан кейінгі зерттеу арқылы қарастырамын. Ғылыми-фантастикалық фильмдердегі, қорқынышты фильмдердегі және сериалдардағы танымал визуалды мәдениеттің танымал белгілері, сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдары бейнелейтін суреттер заманауи үрейдің шежіресін антропоцен онтологиясы мен логикасына бағыттауға көмектеседі. Кітап антропоценге тән зорлық-зомбылықты ашумен тоқтамайды, бірақ феминистік, пост-эволюциялық және экологиялық эпистемологияны және саяси жаңа тұжырымдаманы қамтитын саяси жобаны ұсынуды жалғастыруда.

> Қазіргі уақыттағы феминистік саяси жоба

Антропогендік логика мен онтологияға жауап ретінде өзара тәуелді қамқорлық, өзін-өзі күту және Жерге қамқорлық жасаудың саяси жобасын ұсынамын. Батыстық қазіргі феминизмнен қамқорлықтың негізгі рөлін аламын, яғни жеке адамдар мен қауымдастықтардың әлауқаты (психоәлеуметтік және мәдени, жыныстық және

экономикалық) ортақ мүлік, ресурс және әлеуметтік қарыз ретінде қарастырылады (Нэнси Фрейзер; Стефания Барка). Алайда, қамқорлық мәселесі әдеттен тыс сын-ескертпелер, сондай-ақ байырғы, қара және жұмысшы әйелдердің сын-ескертпелері арқылы танылады. Сара Ахмед пен Одре Лордтың мәлімдемесіне сүйене отырып, өзіме деген қамқорлықты патриархаттық, нәсілшіл және капиталистік гендерлік рөлдермен құрылымдалған және адамдар мен адам еместер арасындағы өзара қамқорлықты қамтитын қамқорлықты біріктіретін жеке және ұжымдық автономияның феминистік жобасы ретінде қарастырамын.

Қозғалыстағы адамдар контекстінде, азшылықтардың деколониялық және антипатриархаттық күресі, сондай-ақ жергілікті және байырғы халықтардың экологиялық апаттарға және олардың неокolonиялық секьюритизациясына тұрақтылығы мен қарсылығы, өзін-өзі күту жеке және ұжымдық автономияны, өзін-өзі сақтауды және мемлекеттік бақылауға, тәртіп пен теріс пайдалануға қарсы ынтымақты білдіреді. Өзара тәуелді күтім, өзін-өзі күту және Жерге қамқорлық жасаудың саяси жобасы авторитаризмді экстрактивизмге, қанауға және осалдыққа қарсы, отаршылдыққа қарсы күреспен біріктіреді. Бұл жоба капитализм мен патриархаттың өздерінің әскерилендірілген қабырғалары мен шекаралары, лагерлері мен архипелагтары, бақылау жүйелері, қозғалғыштығы және мәжбүрлі мобилдігі нәсілшіл екенін түсінуге ғана емес, сонымен бірге нәсілдік капитализм мен патриархаттың отаршылдығы (Седрик Дж. Робинсон, Рут Гилмор, Лаура Пулидо) тек пайдаға бағытталған планетамен қарым-қатынасқа негізделген.

Осылайша, мұндай саяси жобаның отаршылдыққа қарсы негіздері міндетті түрде антиэкстрактивистік және ғаламшардың барлық адам, адам емес және жансыз компоненттерінің өзара тәуелділігіне негізделген.

Мұндай тұжырымдама Жерге қамқорлық жасау мәселесін, яғни ғаламшардың барлық компоненттері арасындағы антикапиталистік қатынастарды алға тартады. Байырғы плуриверстер, Күрд *jineoloji* сияқты саяси қозғалыстардың эпистемологиясына және Донна Харауэй, Стейси Алаймо және Карен Барад сияқты батыс зиялыларына сүйене отырып, бұл жоспар қамқорлық идеясын адамгершілікке жатпайтын өмірге таратады. Тек қамқорлық, өзін күту және Жерді аялау ұштағаны арқылы ғана адами және адами емес пен жансыз өмір алдындағы адамның жауапкершілігі саяси құндылыққа айналады.

Жаһандық Оңтүстік пен байырғы халықтардың көптеген қауымдастықтары, Жаһандық Солтүстіктің маргиналданған тұрғындары және ғаламшардағы саяси қозғалыстар осы қағидаларды ұстанады. Антропоцен логикасы мен онтологияларының қырғынға ұшырататын жан түршігерлік сипатын және оларға жауаптардың ахуалы мен өмірлік әртүрлілігін мойындайтын радикалды планетарлық саяси жоба ғана бұған белсенді түрде қарсы тұра алады. ■

Хаттарды Гайа Жулианиге <gaiagiuliani@ces.uc.pt> жолдауға болады.

> Империялық өмір сүру бейнесі

және капиталистік гегемония

Улрих Бранд, Вена университеті, Аустрия және **Маркус Уиссен**, Берлин экономика және құқық мектебі, Германия



Жаһандық Солтүстікте авокадоны тұтынудың жоғары болуы – Жаһандық Оңтүстікте суды шамадан тыс пайдалануға итермелейтін көп мысалдың бірі. Оңтүстік Африкадағы сыңсыған жас көшет суреті. Ұсынған: Edrean 2013/ Creative Commons.

Сыни-әлеуметтік және әлеуметтік-ғылыми ой капиталистік қоғамдардағы тұрақтылықты, өзгерістер мен дағдарысты концептуализациялау мен нақты талдаудың дәстүріне бай. Негізгі әлеуметтік ғылымдар, әдетте, мәселенің түпкі себептеріне назар аудармай, (шешілуі тиіс) мәселе туралы ғана айтса, сыни теориямен шабыттанған талдаудың тірек нүктесі – шын мәнінде, қарама-қайшы және сол уақытта даулы сипаттағы әлеуметтік қатынастар. «Империялық өмір сүру бейнесі» концепциясы заманымыздың негізгі түйткіліне – тереңдеп жатқан экологиялық дағдарыс және оның жаһанданушы капитализммен байланысы – назар аударатын кейбір тарихи және ағымдағы қарама-қайшылықтарды түсінуге бағытталған.

Негізінен ерте индустриялық капиталистік қоғамдарда доминантты өндіріс пен тұтынудың терең тамырлаған үлгілері жаһандық деңгейде табиғат пен жұмыс күшіне пропорциялық емес қолжетімділікті топшылайды. Бұл, өз кезегінде, экожүйелердің құлдырауына, экологиялық «сіңіргіштердің» шамадан тыс жүктелуіне, көп елдерде жұмыссыздықтың жоғары деңгейіне және еңбектің тең бөлінбеуіне алып келеді де тұрақсыз жұмысшыларға, әйелдерге және (құжаттары жоқ) мигранттарға қосымша ауыртпалық болып жүктеледі.

Дамыған капитализмге тән сипаттама – шикізат пен аралық өнімді алатын және әлеуметтік пен экологиялық ауыртпалықты жүктеп, ақысы төленетін еңбекті де, ақысы төленбейтін күтім көрсету қызметтерін де иелене отырып, дамушы немесе капиталистік емес географиялық және әлеуметтік «сыртты да» тұтынуы. Ол ерен және ерекше және әлемдік империалистік тәртіпті бағамдайды. Осы тәртіп өндіріс пен тұтынудың шексіз және құрылымданған актілері арқылы қалыпқа айналады және одан пайда көретіндер үшін оның зорлық сипатын бүркемелейді.

> Гегемония

Антонио Грамшидің пікірінше, әлеуметтік және экологиялық тұрғыдан түйткілді, бірақ тартымды қазба өнеркәсібі, яғни өндіріс пен өмірдің империялық әдісі кең мойындалып, гегемониялық болып табылады. Ол цифрланумен құралып жатқан (басым бөлігі Жаһандық Солтүстік және Жаһандық Оңтүстіктің кейбір елдері үшін) материалдық игіліктерді, табыс пен жұмыс орындарын қалыптастырады, доминантты дискурстар («өсуге қажеттілік») мен субъектілікке («көп иемдену», «заттарды арзан алу») кіріктірілген. Еңбек пен табиғатты қанау – әлі де кей жерлерде капитал мен еңбек арасындағы әлеуметтік келісімнің шарты. Бұл соңғы онжылдықтарда тереңдеген елеулі әлеуметтік және

географиялық теңсіздігі бар Жаһандық Солтүстіктің өзіндегі таптық, патриархаттық және нәсілшіл қоғамдарда орын алып отыр.

Жаһандық Солтүстікте азық-түлік, көлік, электрқуаты, жылу мен телекоммуникация сияқты салалардағы күнделікті өмір инфрақұрылымы басқа жерлерден келетін материалдық ағындарға, қажетті кенді өндірумен айналысатын жұмысшыларға, инфрақұрылымдық жүйелердің қызмет етуі нәтижесінде өндірілетін қалдықтарды сіңіретін жаһандық деңгейдегі экологиялық «сіңіргіштерге» тәуелді. Жаһандық Солтүстіктің жұмысшылары осы жүйелерді жақсы өмірдің құрамдас бөлігі ретінде санағандықтан ғана қолданбайды, сонымен қатар олар дәл осы жүйелерге тәуелді. Негізінен бұл жұмысшыларды арзан «беймәлім тамақты» (Филип МакМайкл) сатып алуға, қазба отынды жағу кезінде өндірілетін электрқуатымен көлік айдауға немесе үйін жарықтандыруға мәжбүрлейтін жеке таңдау емес. Дәлірегі, өз отбасын бағу, жұмысына жету немесе коммуналдық қызмет қайта қалпына келетін балама қуат көзін ұсынбағаны (көп елдерде қайта қалпына келетін қуат көздері жоғары бағада ұсынылып келді) үшін олар осыларды жасауы қажет. Сондықтан, жұмысшылар империялық өмір сүру бейнесімен күнелтуге мәжбүр, себебі ол Жаһандық Солтүстік өмір сүруін қамтамасыз ететін жүйелерге материалданған және институттанған.

> Солтүстік-Оңтүстік қатынастары

Империялық өмір сүру бейнесі жаһандық деңгейдегі иерархия туралы хабардар етеді: Жаһандық Оңтүстік экономикаларындағы еңбек жағдайлары мен өмірді отарлаудан бастап ресурстарды өндіру тәсілдері мен өнеркәсіптік немесе қызмет көрсету өндірісінің басым тәсілдері, негізінен, капиталистік орталықтардың экономикалық қажеттіліктеріне бейімделген. Тапаралық, гендерлік, жыныстық және нәсілдік қарым-қатынастар міндетті түрде емес, дегенмен осы қажеттіліктерге бағытталған.

Империялық өмір сүру бейнесі концепциясының мақсаты – тұтыну мен өндіру практикаларындағы Солтүстік-Оңтүстік неоколониялық қатынастарында, таптық және гендерлік қатынастарда, нәсілдік қатынастарда үстемдік, күш, зорлық-зомбылық табиғи күйінде қабылданбай, қалайша қалыпты бола бастайтындығын көрсету және түсіндіру. Көп әйелдер, әсіресе, «нәсілдік» әйелдер еңбек бөлінісінің төменгі сатыларында орналасқан және олардың еңбегі де, денесі де көбірек қаналады; кедейліктің феминделу тенденциясы байқалады. Өмір сүрудің осы бейнесі тек тереңдеп жатқан жоқ, соған қарамастан капиталистік жартылай перифериялық мемлекеттерге тарала отырып, географиясын кеңейтуде.

Тарихи қалыптасуды да қамтитын қазіргі жаһандық шоқжұлдыз империялық өмір сүру бейнесінің біркелкі емес дамуымен және өзара тәуелділікпен, дағдарыс тенденциялары және тұрақтандырушы аспектілері, яғни оның дағдарысты тереңдету аспектілері арқылы қалыптасатын нәтижелі де, деструктивті де сипаттамаларға толы, сондай-ақ ол – дағдарыспен күресудің бөлігі.

Осы қарама-қайшы динамиканың жарқын мысалы – автокөліктердің іштен жанатын қозғалтқыштарын электрлік қозғалтқыштармен ауыстыруға бағытталған қыруар күш-жігердің жұмсалуды. Бұл стратегияның экономикалық, саяси және ғылыми қолдаушылары жұмсалған күш-жігер ауа-райы дағдарысымен нәтижелі күреседі деп отыр (транспорт саласы – әлі де, парниктік газдар қалдықтарының негізгі көзі). Дегенмен, автокөліктермен байланысты әлеуметтік-қоршаған орта мәселелерін шешуде электромобилдердің көмегі шамалы. Шикізатқа тәуелділік кеннен металл ресурстарына ығысады да, электромобилдер науқаны пайдалы қазбаларды өндіру аймақтарында, негізінен Жаһандық Оңтүстікте, ландшафттардың тозуына және қалалық, ауылдық жерлерде велосипедтер, жол өткелдері және қоғамдық көлік есебінен автокөліктердің доминант болуы сақталады.

Электромобиль атақты символы болған «Жасыл Экономика» инвестициялардың, жұмыс орындарының жоғары қайтарымы мен экологиялық дағдарыстың бәсеңдеуіне уәде береді. Дегенмен, ол өндіріс пен өмірдің капиталистік әдісінің негізіне күмән келтірмейтін экологиялық модернизация дәлізінде қалып қояды. Нәтижесінде Еуропаның жасыл бағыты сияқты жасыл экономика стратегиялары алып келуі ықтимал жасыл капитализмнің қалыптасуы соңғы жылдары айқын бола бастаған әлеуметтік-экологиялық түйткілдерді шешуге көмектесуі мүмкін. Бірақ бұл кеңістіктік қолжетімсіз және уақыт шектеуімен жүзеге асады да бұрынғыдай әлеуметтік және қоршаған орта шығыны мен кеңістік және уақыттағы оның экстернизациялануына алып келеді.

> Талқыланатын эвристика

«Империялық өмір сүру бейнесі» эвристикасы тек Жаһандық Солтүстіктің ғана емес, Жаһандық Оңтүстіктің де сан-алуан және бай интеллектуалдық дәстүрлеріне негізделген. Тәуелділік теориясы немесе саяси экология, сондай-ақ «құрылымдық әртекшілік», «caudillismo», «білік колониялығы» (перулік әлеуметтанушы Анибал Кихано зерттеген) немесе «білім колониялығы» (Эдгардо Ландер ұсынған) сияқты ілімдерге де қосқан үлесінен көрініс табатын сыни ойлаудың латынамерикалық формаларын осы жерде атауға тұрарлық.

Осы әдістер арасындағы диалогтың жалғасуы және оларды әрі қарай эмпириялық зерттеулерде қолдану империялық өмір сүру бейнесі мен оның күшейіп жатқан қарама-қайшылықтарын түсінуімізді тереңдете түседі. Бәрінен де маңыздысы – үйлеспеушілік орын алғанда, қалыпты саналған нәрселер қалыптылығын жоғалтқанда баламаны және ынтымақтастықтағы өмір сүру бейнесінің мүмкіндіктері мен бедерлерін анықтауға көмектеседі. ■

Хаттарды Улрих Бранд <ulrich.brand@univie.ac.at> пен Маркус Уиссенге <markus.wissen@hwr-berlin.de> жолдауға болады.

1. Brand, U. and Wissen M. (2021) *The Imperial Mode of Living. Everyday Life and the Ecological Crisis of Capitalism* [Императорлық өмір сүру режимі. Күнделікті өмір және капитализмнің экологиялық дағдарысы]. London: Verso.

> Антропоценге мән бермеу:

капиталоцендегі адам және табиғат

Жейсон У. Мур, Бингемтон университеті, Нью-Йорк, АҚШ



Питер Брейгел Үлкеннің «Ірі балық шабақ жеп жатыр» картинасының стрит-арт нұсқасы. Ұсынған: Сесилия Банг.

Антропоцен – жаңа мыңжылдықтың ең ықпалды инвайронментті тұжырымдамасы. Бұл сонымен қатар басты қауіп пе?

Антропоцен? Адамның жасы? Сөз бейкүнә және ғылыми сияқты көрінеді. Климаттық дағдарыстың қорқынышты шындығы шешуші қақтығыс іспетті сипатталады. Бұл – «Күз туралы ертегі». Адам «табиғаттың ұлы күштерін еңсереді». Жер жүйесіндегі ғалымдар үшін Адам және табиғат – бейсаяси. Іс жүзінде түбегейлі басқаша. Геологиялық антропоценді – «алтын тікенді» іздеуге талпынған ғалымдар аяқастынан адам ісі туралы тарихты жазуға көшті. Олар заманымыздың шиеленісті оқиғаларын технодемографиялық нарративпен алмастырды. Танымал антропоцен осылай дүниеге келді. Оның екі тірегі – Уотстың бу машинасы (1784 ж.) және «адамзаттың тез тарауы». Егер тарих жаман болса, онда оның идеологиясы одан да нашар, өйткені, адам және табиғат – пәк. Бұл – империялық-буржуазиялық гегемонияның операциялық жүйесі. Томас Мальтустың контрреволюциялық трактаты (1798) бұрын-соңды болмаған әлеуметтік радикализм аясында дүние есігін ашты. Пол Эрлихтің *The Population Bomb* [Демографиялық дүмпу] кітабы (1968) жұмысшылар, шаруалар мен студенттердің көтерілісі соғыстан кейінгі капитализмге қауіп төндірген кезде пайда болды. Екі сәтте де – бүгінгі антропоцен сияқты – әлемдегі

іргелі әлеуметтік-экологиялық жіктелу натурализмнің шоқындыру рәсімінен өткен қайнар көзінде тазартылуда. Ол не айтпак? Перде артындағы Адамды елеменіз. Біз үміттен алатын ең жақсы нәрсе – «табиғат заңдарын» тиімді басқару.

> Адам және табиғат, буржуазиялық натурализмнен «Балама жоқ» дегенге дейін

Сіз капитализмнің жойылуынан гөрі, ақырзаманды елестетудің оңай екенін сезген болсаңыз, оның себебі – мынада. Буржуазиялық натурализм әділ әрі демократиялық әлем үшін күрес тарихын өшіреді. Осы тұрғыда танымал антропоцен үмітсіздік экологиясын білдіреді. Бұл неолибералдық догманың экологиялық көрінісі: Бұл жерде балама жоқ. Планетарлық басқарудың міндеттілігін ғана қабылдауға болады. (Тіпті бұл шындыққа жанаспайтын сияқты.) Адам және табиғат – Қиялдағы Қоршаған Орта үшін аса жұғымды есірткі, олар бізге міне Ақырзаманның туғанын айтқысы келетін және Жүйені жою туралы ешқашан айтқысы келмегені былай тұрсын атын да атамады. 1970-ші жылдардың басынан бастап осы бір әлемнің кәсіби және басқарушы қабаттарының шынайы, бірақ саяси тұрғыдан пайдасыз қол көтеруіне мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Бір пайыз бізді планетарлық тозаққа апарды.

Осылайша, Адам және Табиғатты кінәсіз деуге болмайды. Бұл сөздер (және оларға жақын сөздер, мысалы, қоғам) қазіргі ағылшын тіліндегі мағынасына капитализм тарихындағы бетбұрыс кезеңінде, яғни 1550 жылдан кейін ие болды. Бүгінгі климаттық дағдарыс адам сенгісіз пролетарлану мен плантация төңкерісінің дәуірі еді. Осы аласапыран дәуірде Адам және Табиғат басым абстракциялар ретінде шексіз қорлану мақсатында адам мен өмірдің басқа салаларын қайта құрудың практикалық нұсқаулары қалыптасты. Өркениетті жобалармен байланысты аталмыш абстракциялар буржуазиялық натурализммен және бүкіл әлемдік тарихи пайдаға ұмтылумен байланыстырылған заманауи нәсілшілдік пен сексизмді тудыратын табиғатқа адамның үстемдік ету идеалын қалыптастырды. Бұл капиталоценнің өркендеуін, жаңа үстемдік, қанау және қоршаған ортаны құру стратегияларын біріктіретін гео-тарихи дәуірді қалыптастырды.

Сонымен капитализмнің әлемдік билік, пайда және өмір экологиясы ретінде пайда болуы экономика шеңберінен асып түсті. Капиталоцен таптық жұмыс пен желілік өмірдегі артық заттардың жинақталуының жаңа моделдерін біріктірді. 1492 жылдан кейін капиталистік Пангеяның құрылуы – планета тарихындағы биогеографиялық бетбұрыс Зейтүн мен Льюис үшін антропоценнің геологиялық шығу тегі туралы 1610 жылғы Орбис шыңы көміртегі қалдықтарын азайтудың «алтын толқыны» және геноцидтің тікелей нәтижесі болды, ол құлдықтан және басқа да арзан табиғат стратегиясынан туындады.

> Прометеанизм: Тарихи капитализмнің геомәдени логикасы

Бұл стратегиялар капиталдың қорлануының мәңсіз логикасы емес еді. Олар геомәдени үстемдіктің жаңа тәсілі Прометеанизм арқылы жүзеге асты. Мұнда адам тегіне ешқандай қатысы жоқ Адам Табиғаттың алдында, Адамның алдында тұрған Құдай сияқты тұрды. XVI ғасырдағы испандықтар үшін байырғы халықтардың жабайы табиғаты ізгі христиандарға қажырлы еңбек арқасында құтқарылуы мүмкіндігін берді. Ұлы империяның діни қызметкерлері мен сарбаздары, саудагерлері мен плантаторлары отарланған халықтардың жабайы, иррационалды және Өркениетке жарамсыз екенін тез «ашуы» прометеанизмді қозғаушы күшке айналдырды. Мұндай халықтар – байырғы, африкалық, кельт, славян және басқа да көптеген адамдар – натурализацияланған сайын, соғұрлым олар өркениетті бола алды. Империя «өркениет мектебіне» айналды. Әрбір кезекті империя жабайыларға Өркениетті, содан кейін «Дамуды» алып келді.

Мұның климаттық дағдарыс пен антропоценге қандай қатысы бар? Бәріне қатысы бар. Табиғат буржуазия төлегісі келмейтін тұтастыққа айналды. Оның Арзандығы бұрын-соңды болмаған геомәдени девальвация құралымен валоризацияның «экономикалық» сәттерін біріктіретін үстемдік пен жинақтау стратегиясы болды. Бұл – капиталоценге баламаның өзегі.

Содан кейін біз IPCC-тің соңғы мәлімдемесіне сыни тұрғыдан ой жүгірту үшін біршама үзіліс жасай аламыз: «Адамдардың ықпалы атмосфераны, мұхит пен құрылықты жылытқаны анық». Бұл сөзсіз ақиқат – және негізсіз біржақты. Себебі «адамның ықпалы» – сіз елестете алатын нағыз идеологиямен шырмалған тіркес. Біз байлық пен билікті күш арқылы әділетсіз бөлуге бейім жүйеде климаттың өзгеруі үшін тарихи жауапкершіліктің күрт эгалитарлық бөлінісіне күмән келтіреміз.

Антропогендік климаттың өзгеруі қанау, зорлық-зомбылық және кедейлік құрбандарын айыптаудың ерекше түрі ретінде сипатталады. Нақты дәл баламасы? Капиталогендік климаттық дағдарыс дәуіріндеміз: геологиялық антропоцен «адамның ықпалымен» емес, капиталдың көмегімен жасақталды. 1854 жылдан бастап тоқсан корпорация CO2 өнеркәсіптік қалдықтарының үштен екісін шығарды. Бүгінгі таңда ең бай адамдардың бір пайызы парниктік газдарды ең кедей адамдардың елу пайызына қарағанда екі есе көп шығарады.


> Капиталогендік климаттың өзгеруі: капиталоценнің эвтәназиясына жол

Бүгінгі климаттық саясатты зерделеу 1492 жылдан бастап прометеанизм туының астында қалыптасқан таптық саясатты қайта қарауды талап етеді. Капиталогендік перспектива XXI ғасырдағы климаттық дағдарыстың негізінде жатқан қоршаған ортаның үстемдігі, қорлануы мен құрылу заңдылықтарын анықтайды. Капиталогендік үштікті құратын геосаяси экономика мен геомәдени үстемдіктің арасындағы байланысты көрсететінін атап өту маңызды: климаттық таптық жіктелу, климаттық апартеид және климаттық патриархат. Интеллектуалдық және олай болса, саяси міндет – өмірдің, үстемдік пен қорланудың әлемдік-тарихи желілерін қозғалысқа келтіру. Біз Big Green планетарлық менеджериализмге балама етіп өмір желілерін (кейбір) ер адамдар басқаратын нәрсе деп қарамайтын, бүкіл әлемді азат ету және әділ тұрақтылық үшін күрестегі серіктестер ретінде қарастыратын жұмысшы табының саясатын таныстыруды бастай аламыз. ■

Хаттарды Жейсон У. Мурға <jwmoore@binghamton.edu> жолдауға болады.

> Мағриб әлеуметтануы: тарихы және болашағы

Мүнир Сайдани, Тунис әл-Манар университеті, Тунис, Араб әлемі бойынша Жаһандық диалогтың аймақтық редакторы және ХӘҚ атқарушы комитетінің мүшесі (2018-22)



Insaniyat («Гуманитарлық ғылымдар»), Centre de Recherche en Anthropologie Sociale et Culturelle (CRASC) журналы, Мәдени және әлеуметтік антропология зерттеу орталығы Алжирде орналасқан.

Мағриб әлеуметтанушыларына өз жұмысы мен ғылыми өндіріс барысы туралы ақпарат тарату үшін Жаһандық Диалог ұсынып отырған мүмкіндік – «көрінбейтін» әлеуметтануға жарық түсірудің керемет жолы. Өңгіменің әділіне келсек, «жергілікті» әлеуметтанушылар, сондай-ақ бүкіл әлемге шашырай орналасқан диаспорадағы әріптестер өздерін танытуға аса құлықты емес еді. Тіпті ағылшынтілді және французтілді әлемдерде жағдай әртүрлі болғанына қарамастан, бұл – ақиқат. Соңғы онжылдықта мен талдауларына белсене қатысқан – Жаһандық Диалог – Мағриб елдеріндегі әлеуметтанушылар үшін сирек кездесетін мүмкіндік. Жаһандық Диалог редакторлары Солтүстік Африкалық/Мағриб әлеуметтанушыларына пікір білдіруге ұсыныс тастаған кезде, ондағы Араб Әлемі редакциялық тобы бүкіл аймақтың әлеуметтанушыларын (Алжир, Ливия, Мавритания,

Марокко және Тунис) тартуға шешім қабылдады. Өкінішке орай, біз үш мақаладан артық орын ала алмадық.

Бірінші мақалада Ливиядағы әлеуметтануды оқыту мен зерттеудің қысқаша тарихы келтірілген. Ливия әлеуметтанушысы Мұхаммед Елтобулидің тарихи шолуы Ливия университетінің тамыры мен алғашқы әлеуметтану факультетінің құрылуына байланысты, сонымен қатар елдегі осы пәннің одан әрі дамуы туралы қызықты баяндайды. Екінші мақалада Алжир тарихшысы және әлеуметтанушысы Хасан Ремаун 1960 жылдардың басынан бастап Алжирдегі әлеуметтанудың отарлаудан кейінгі кезеңіне ден қоя отырып, содан кейін Алжир университеттерінде әлеуметтануды оқыту мен зерттеудің қазіргі жағдайын егжей-тегжейлі сипаттайды. Үшінші және соңғы баяндамада Тунис әлеуметтанушыларының елдегі үштік дағдарыс мәселесіне тап болған кездегі

жұмысына тоқталамын. Әлеуметтану тарихы мен әлеуметтанудың әлеуметтануын біріктіретін мұндай талдау тунистік әлеуметтанушылар арасында аймақтық және жаһандық салаларға байланысты пікірталас бастауға арналған.

Осы үш мақалада Мағрибтегі әлеуметтанудың жетістіктері мен әлсіз жақтары көрсетілген. Мақалалардың кейбірінде аспектілері ашылған Мағриб әлеуметтануының ұзақ тарихы бірнеше ғылыми мәселелерді көтереді: өндірілген білімнің парадигматикалық сәйкестігі/сәйкестіктері; жергілікті/аймақтық ғылыми қоғамдастықты құрылымдау; оның халықаралық әлеуметтанулық мектептер мен ағымдар арасындағы орны; және т.б. Осылайша, мақалалардың қысқаша жиынтығы ұлттық, аймақтық және халықаралық деңгейде диалогты жолға қоюға бағытталған. ■

Хаттарды Мүнир Сайданиге mounir.saidani@issht.utm.tn жолдауға болады.

> Ливиядағы әлеуметтану

Мұхаммад Елтобули, Бенгази университеті, Ливия және Бенгази университетінің бұрынғы президенті



Ливияның көне оқу орны Триполи университетінің логотипі.

Ливияда әлеуметтану 1955 жылы Бенгази қаласында Ливиялық университет құрылған кезде маңызды пән болды. Бес мамандығы бар өнер және білім факультеті құрылды: араб тілі, тарих, география, философия және әлеуметтану. Факультет 33 студент жігітті қабылдады, олардың 13 – әлеуметтану мамандығының студенттері. Тоғыз студенттен құралған бірінші топ 1959-1960 оқу жылында бітірді. Содан кейін әлеуметтану факультеті философия және әлеуметтанулық зерттеу факультеті болып өзгертілді. 1972-73 оқу жылында екі факультет дербес факультеттерге бөлінді. 1966-67 жылдары Триполиде білім беру факультеті құрылды, ал 1971-72 оқу жылында әлеуметтану факультеті ашылды.

> Оқиганың дамуы

1959 жылы мұнай табылғаннан кейін Ливияда болған саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістердің нәтижесінде Ливия үкіметі жалпы

білімге және жоғары білімге көп көңіл бөле бастады. Көптеген аспиранттар шетелге, әсіресе АҚШ пен Батыс Еуропаға аспирантураны жалғастыру үшін жіберілді.

Ливиядағы жоғары білімнің дамуы мен әртүрлі жергілікті университеттерде әлеуметтану кафедраларының ашылуы сабақ беретін профессорлық-оқытушылық құрамға деген сұранысты арттыруына байланысты шетелге жіберілген аспиранттар саны көбейді. Сол кезде олар әрбір әлеуметтану факультеттерінде негізгі қызметкерлер болған шетелдік оқытушыларға оқуды аяқтай салысымен сабақ беруге көмектесе бастады. 2002-03 жылдары Ливияның әлеуметтану факультеттерінде 27-ден көп оқытушы болды. Бұл факультеттер әлеуметтанудан әр түрлі курстарды ұсынды, оның ішінде әлеуметтік теориялар, зерттеу әдістері, әлеуметтік статистика және деректерді талдау негізгі курстар ретінде оқытылды. Басқа курстар әлеуметтік өзгерістер, модернизация, демография, өнеркәсіптік әлеуметтану, әлеуметтік мәселелер және т.б. қамтыды.

Елде ашылған барлық факультеттерді мыңдаған студенттер бітірді. Түлектердің мұндай қомақты саны және дәріс беретін білікті қызметкерлердің арасында түлектердің арта түсуі аспирантураны елде оқытуға ерекше назар аударта

бастады. Бұл Ливия мен батыс елдері, негізінен Америка арасындағы қақтығысқа да байланысты болды. Магистратура бағдарламалары Ливияның екі негізгі университетінде құрылды: Бенгази Университеті және Триполи университеті. Қазіргі уақытта факультеттердің көпшілігі ең кем дегенде әлеуметтану мамандығы бойынша магистр дәрежесін ұсынады. Ливиядағы білім беру саласындағы маңызды жетістіктердің бірі 1988 жылы Триполиде Ливияның дипломнан кейінгі білім беру академиясын құру болды. Оның Бенгази, Мисурат, Дарн және Еждабияда филиалдары бар. Академия жаратылыстану ғылымдары, инженерия, құқық, тілдер мен әдебиет, сонымен қатар әлеуметтік ғылымдар сияқты әртүрлі білім бағыттарында магистр және PhD дәрежелерін ұсынады.

Барлық әлеуметтану факультеттеріндегі магистратура бағдарламаларының көпшілігі негізінен ливиялық қоғамды жаңартуға және дамытуға қатысты мәселелерге арналған еді. Қазіргі кезде жаһандану (пост) модернизация, кедейлік, халықаралық қақтығыстар, эпидемиялар және т.б. мәселелерге назар аударылуда.

> Кедергілер

Осылайша әлеуметтану Ливия университеттерінде және Ливияның дипломнан кейінгі білім беру

>>

академиясында орнығып, ең маңызды әлеуметтік ғылымдардың біріне айналды. Сонымен бірге, Ливиядағы әлеуметтану көптеген кедергілерге тап болды, соның ішінде бакалавриат және дипломнан кейінгі бағдарламалар үшін аса білікті мамандардың жетіспеуі; оқытушылардың көпшілігі басқа оқу орындарына, әсіресе Парсы шығанағы елдеріне бармас бұрын колледжде сабақ беру тәжірибесін алу үшін көрші елдерден қысқа мерзімге келді. Екінші жағынан, Ливия университетінде сабақ берген қызметкерлердің көпшілігі өз университеттерінде танымал ғалымдар еді.

Басқа кедергілердің бірі – кітапханалардың жетіспеушілігі және кітаптар мен журналдардың болмауы. Сонымен қатар, аспиранттарға бағыт-бағдар беріп, оларға зерттеу, теория немесе әдіснама тақырыптарын дұрыс таңдауға кеңес бере алатын кеңесшілер жетіспейді. Бұл мәселелерді түсіндіру үшін әріптесім Омран М. Ал Гуиб жүргізген сұқбаттарға сілтеме жасаймын, ол өзінің ұлттық конференцияда оқыған мақаласында Ливиядағы әлеуметтануды талқылаған. Басқа мәселелердің қатарында ол аспирантурада нақты

стратегияның жоқтығын атайды. Мұның бір көрінісі студенттер мен олардың жетекшілері таңдаған кейбір тақырыптардың Ливия қоғамына қатысының аз болуы.

1990 жылдардың басында бакалавриат пен магистратура бағдарламаларының сапасын жақсарту, сондай-ақ әрбір университет пен колледжде сапаны бақылау бөлімшелерін құру нәтижесінде жағдай әлдеқайда жақсарды. Бағдарламаларға әлеуметтанудың әр түрлі салалары бойынша беделді курстар енгізілді және көптеген университеттердің әлеуметтану бөлімдерінде зерттеу әдіснамасы, әлеуметтанулық теориялар, әлеуметтік статистика және деректерді талдау саласындағы өте білікті қызметкерлер пайда болды. Осындай күш-жігер өз жемісін берді, өйткені Ливия студенттері қазіргі таңда шетел университеттерінде жоғары дәрежеге ие болуда қиындықтарға тап болған жоқ.

> Қорытынды

Жоғарыда Ливиядағы әлеуметтанудың елуінші жылдардың

ортасында Ливия университетінің құрылуынан басталғаны және көптеген жылдар бойы әлеуметтану мамандығы Ливия университеттерінің көпшілігінде маңызды саланың біріне айналуы үшін қалай дамығаны сипатталды. Екінші жағынан, оның дамуына ықпал еткен көптеген проблемаларға, соның ішінде, әлсіз оқу бағдарламаларына, әсіресе теория мен әдіснамаға қатысты, тап болды. Басқалар сияқты Ливия ғалымдары да өз теорияларын жасай алмады және батыс теорияларын Ливиядағы әлеуметтік құбылыстарды талдау үшін қолданды. Соған қарамастан батыс және басқа университеттердің түлектері санының өсуіне байланысты, әлеуметтану Ливиядағы әлеуметтік ғылымдар арасында анағұрлым мықты салаға айналды. Сонымен қатар, әлеуметтанулық факультеттердің көптеген түлектері Ливия институттарының басшысы болды, ал кейбіреулері әлеуметтік істер министрлігі және Білім Министрлігі сияқты түрлі министрліктерде өте жоғары лауазымдарға ие. ■

Хаттарды Мұхаммад Елтобулиге
<Mohammad.Tobuli@uob.edu.ly> жолдауға болады.

> Алжирдегі әлеуметтану:

оқыту, қолдану және мәртебесі

Хасан Ремаун, зейнеттегі профессор, Оран 2 университеті және Әлеуметтік және мәдени антропологиялық зерттеулер орталығы (CRASC) директорының зерттеу жөніндегі орынбасары, Оран, Алжир



Алжирлік хирак (2019-2020 жылдардағы қоғамдық қозғалысты сипаттайтын араб сөзі). Ұсынған: Creative Commons.

Бүгінгі Алжирдегі әлеуметтану сияқты пәннің қолданылуы мен оның мәртебесі туралы қысқаша қалай талқылауға болады? Қысқасын айтқанда, кем дегенде үш аспектіні ескеру қажет деп ойлаймын:

- (1) Алжир университетінде әлеуметтану енгізілгеннен бері оқыту және оның дамуы.
- (2) Пәннің әлеуметтік талаптары мен мүмкіндіктері.
- (3) Білім саласында алатын мәртебесі және басқа әлеуметтік пәндер аясындағы сипаттамасының жалпы динамикасы.

> Әлеуметтануды оқыту

Алжирде әлеуметтануды оқыту және қолдану – 1962 жылға дейін өзі тәуелді болған француз академиялық топтары ықпалымен дюркгеймдік дәстүрге сәйкес Алжир университетінде – енгізілді. Бұл пән ең алдымен мораль және әлеуметтану сертификатын институттау үшін философия сияқты басқа деңгейлерді

оқыту мақсатында қосылды. Әлеуметтанудан кәсіби дәреже және аспирантурадан кейін докторлық дәрежесін беру 1958 жылдан басталады, сол жылы бұрынғы әдебиет факультеттері әдебиет және гуманитарлық ғылымдар факультеті болып қайта құрылды. 1962 жылдың шілдесінде тәуелсіздік алған Алжир осы үлгіні мұра етті. Кейінгі жылдары Алжир университеті жалпы әлеуметтану, әлеуметтік психология, саяси және әлеуметтік экономика мен Солтүстік Африка этнографиясы немесе демографиясы бағытынан төрт жоғары білім сертификатының («certificats d'enseignement supérieur» немесе CES) негізінде оқытылған әлеуметтану дәрежесіне қол жеткізді.

1970-1980 жылдардан бастап, оқыту теориялық курстар мен бақыланатын немесе практикалық жұмыстар мен оқулықтарды, сондай-ақ алғашқы жылдардағы далалық тағылымдамаларды қоса алғанда, CES-тің оқу модулдері мен сағаттық жүктемеге бөлінуі арқылы дамыды. Оқыту жалпы пәндерге екі жыл

және осындай ұзақтықтағы циклдің нәтижесінде диссертация жазуды көздейтін мамандану кезеңін қосқанда төрт жылға шақталған. 1958 жылдан бастап Алжир және оның Оран мен Константин филиалдарымен шектелген университеттердің саны бүгінде бірнеше ондықты құрайды. Қаражатына байланысты олар бір немесе бірнеше мамандықты аша алады (еңбек әлеуметтануы, қала әлеуметтануы, ауыл әлеуметтануы, мәдени әлеуметтану, саяси әлеуметтану және т.б.). Бастапқыда екі тілде (араб және француз) жүргізілген оқыту 1980 жылдардың басында толығымен арабтандырылған. Ал философия мен тарих үшін бұрынырақ, 1970 жылдары жүзеге асып еді. Сондай-ақ, бакалавриат, магистр және ғылым докторы (француз тілінде «Licence-Master-Doctorat»), атап айтқанда, LMD жүйесі (Еуропада кең таралған) шамамен он жыл бұрын қабылданғанын атап өткен жөн. Қорытындылай келе, Дюркгейм және Вебер дәстүрлерінен басқа, Алжир әлеуметтанушыларының кей ұрпағына Ибн Халдун мен Маркс,

сонымен қатар Пьер Бурдьё мен Жак Берктің (әсіресе, Алжир мен Мағриб бойынша) еңбектері ықпал еткенін атап өткім келеді.

> Әлеуметтік сұраныс және пәннің мүмкіндіктері

Елдегі университеттік жүйенің кеңеюімен және білім беру жүйесіне зор ықпал еткен демографиялық толқын нәтижесінде жыл сайын мыңдаған әлеуметтанушы еңбек нарығына шығады. Бірақ барлығы білім беру бейінімен тікелей байланысты жұмыста емес. Көбіне олар мемлекеттік қызметте (әкімшілік, оқытушылық, баспасөз, полиция, экономикалық сектор және т.б.), сонымен қатар жеке секторда жұмыс орындарының болуына байланысты әртүрлі мамандықта кездеседі. Шын мәнінде, әлеуметтану бағытына түсетін студенттер мұны гуманитарлық ғылымдар бакалавры дәрежесін алу үшін ең төменгі орташа деңгейге жақын бағалар талап ететін қабылдау жүйесімен байланысты жиі таңдайды.

Дегенмен, әлеуметтанушылардың жұмысына мемлекеттік те, жеке сұраныс та бар. Мемлекеттік мекемелерге, атап айтқанда, халық санағы (1850 жылдан бастап) сияқты статистикалық зерттеулер саласындағы бағалау мен жоспарлауды қажет ететін мамандар қажет. Әлеуметтік қамсыздандыру, әлеуметтік қозғалыстарды болжау және бақылау – әлеуметтанулық сараптама қажет ететін басқа да мәселелердің кейбірі ғана. Мемлекеттік органдар, әдетте эмпириялық зерттеулерге басымдық береді. Әлеуметтанушылардың университеттерде және ғылыми зерттеулердегі ұстанымдары да жоғары бағаланады. Соңғысы университеттік диссертациялар,

университеттерде қолжетімді зертханалық жұмыстар және ұлттық зерттеу орталықтары арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, Бағыт туралы Заң және Ғылыми зерттеулер мен технологиялық дамудың 1998-2002 жылдарға арналған бесжылдық бағдарламасы елдегі басымдықтарды айқындауды жалғастыра отырып, 30 ұлттық зерттеу бағдарламасын қабылдады, олардың оны тікелей немесе жанама түрде әлеуметтанулық ноу-хоумен байланысты. Толығымен әлеуметтанушыларға, антропологтарға және географтарға бағытталған «Халық пен қоғам» бағдарламасы 32 бөлімге және 7 зерттеу бағытына бөлінген 118 тақырыпты қамтиды: (1) қала және қала кеңістігі; (2) Ауыл кеңістігі; (3) Отбасы, әйелдер және қоғам; (4) Халықтың көші-қоны және кеңістіктікке таралуы; (5) Жұмыс және жұмыспен қамту; (6) Әлеуметтік ұтқырлық; (7) Білім, өзін-өзі көрсету және қиял.

> Мәртебесі мен рөлі

Ел тәуелсіздік алғаннан кейін Алжирдегі ұлттық мемлекетке отарлықтан университет пен ғылыми жүйе мұраға қалды. Соған қарамастан, ұлттық мемлекет әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласын отаршылдық тәртіпті мәңгі сақтау және заңдастыру құралы ретінде қызмет етті деп сынға алды. Бұл – әсіресе, тарихнама және этнография, тіпті психология және психиатрия сияқты пәндердің негізін құрайтын нәсілшіл болжамдарға қатысты, өйткені олар отаршыл элита оқыған университеттегі «School of Algiers» қолданылған. Сондықтан жас мемлекет, ең алдымен, ұзақ уақыт бойы тұғырынан тая бастаған ұлттық бірегейлікті қалпына келтіруге, сондай-ақ экономикалық және әлеуметтік дамуға көмектесу

қажеттілігіне назар аудара отырып, қоғамды қайта құру үшін білім саласын өз мақсаттарына сәйкес қайта құруға мәжбүр болды.

Осыған байланысты адам мен қоғам туралы немесе оларды кім қолданатыны туралы ғылымдар екі парадигма аясында қайта құру арқылы қос императивке жауап беруі керек еді:

Біріншісінде, идентификация мақсатында тарихнама (дәлірек айтқанда, ұлттық тарих) басым болды және философия, теология (ислам ғылымдары), Fiqh (Ислам құқығы), араб тілін үйрену немесе тіпті жеке тұлға мен білімге қатысты психология сияқты пәндерді қамтыды.

Екіншісі, девелопментализм қолдаған әлеуметтік-экономикалық дамуға және модернизацияға қызмет ете алатын пәндерге негізделді, әлеуметтанушы географ немесе лингвист (аудармашы), сонымен қатар клиникалық немесе еңбек психологы және позитивті құқық маманы ретінде қабылданды.

Жалпы контексте әлеуметтану, жоғарыда аталған барлық пәндер сияқты, өзінің эпистемологиялық императивтері мен институттық және идеологиялық шектеулердің тұрақты қысымы арасында жүзеге асуда. Осы тұрғыдан алғанда, талқылау мен тұйықтан шығу – үнемі әртүрлі үлгілерді және тәжірибелерді сараптаудың нәтижесі. Сондай-ақ, ондаған жылдар бұрын салыстырмалы түрде маргиналданған антропология қазіргі уақытта университеттің оқу бағдарламаларында қайта бөлініп, кейде әлеуметтік антропология аясында әлеуметтанумен біріктірілгенін атап өткен жөн. ■

Хаттарды Хасан Ремаунға
<hassan.remaoun@gmail.com> жолдауға болады.

> Тунис әлеуметтануы: үштік дағдарыспен бетпе-бет

Мүнир Сайдани, Тунис әл-Манар университеті, Тунис, Жаһандық диалогтың Араб әлемі бойынша аймақтық редакторы және ХӘҚ Атқарушы Комитетінің мүшесі (2018-22)



1962 жылы негізі қаланған Centre d'études et de recherches économiques et sociales (CERES) – әлеуметтік зерттеулердің алғашқы тунистік орталығы. Ол 1964 жылдан бері Revue tunisienne de Sciences sociales-ті (Тунис әлеуметтік ғылымдар журналы) басып шығарады.

Соңғы онжылдықтарда Тунис өзгерістері қоғам ретінде позитивті түрде кеңінен талданды. Алайда, 2010-2011 жылдардағы Тунис төңкерісінен кейін он жыл өтпей-ақ, сарапшылар сәтсіздіктер мен дағдарыс туралы айтып, оптимистік көзқарастары бәсеңдеді. Соңғы жылы денсаулық сақтау дағдарысы әлеуметтік сипатқа ие болып, бұл халықтың төрттен бір бөлігін кедейлікке душар етті. Тунистегі дағдарыс үш бағытты қамтиды: өзара байланыстағы экономикалық, саяси және санитарлық.

Бұдан әрі жауап бергім келетін сұрақ: Тунистің әлеуметтанушылары Тунисті дүр сілкіндірген осы үштік дағдарысты қалай жеңді?

Тунис әлеуметтанушыларының жалпы құрылымдық сипаттамасын бейнелеуден бастаймын, әрі қарай Тунис әлеуметтануындағы басым парадигманы бағалауға көшемін және әлеуметтанушылардың қоғамдық пікірталастарға қатысуын бағалаймын. Тоқ етерін айтқанда, дағдарыс шеңберінен шығуға тырысамын.

> Әлсіз ұйымдастырылған
ғылыми қауымдастық

2021 жылы Internationale des Sociologues de Langue Française (AIS-LF) (Халықаралық француз тілді әлеуметтанушылар қауымдастығының) XXI конгресі Тунисте өткізілген екінші конгресс еді. Алайда, қауымдастық мүшелігінің осындай тарихына қарамастан, Тунис әлеуметтануы үшін аудиторияны тарту мүмкіндігі сәтті жүзеге аспады. Тунистің ХӘҚ ғылыми жиналыстарына қатысуы 1990 жылдардан басталды, бірақ кейінгі кездесулерде тек бірнеше Тунис әлеуметтанушылары тіркелді. Тунисте құрылған Араб Әлеуметтанулық Қауымдастығының әлсіреуі (1985) – Тунис әлеуметтанушыларының ұжымдық жауапкершілігінің төмен екенінің тағы бір мысалы. Дегенмен, олар Әлеуметтік Ғылымдар жөніндегі Араб Кеңесінің (ACSS) барлық іс-шараларына дерлік және Араб Жаңаруының Жаһандық Институтына (ARIG, 2019 жылы құрылған), сондай-ақ Араб Қоғамдарын Зерттеу жөніндегі Халықаралық Желісіне (2020 жылы құрылған) қатысты. Тунистің кейбір танымал әлеуметтанушылары көрші елдердегі вебинарлар, конференциялар мен дәрістер сияқты әлеуметтік іс-шараларға атсалысты.

Халықаралық іс-шараларға қатыса отырып, Тунис әлеуметтанушылары байланыс орнатуға, диалог құруға және танылуға ұмтылды. Алайда, барлық қатысушылар тек жеке мақсаттарын орындады. Мұндай жеке даралықтың көп себебінің бірі – Тунис әлеуметтанушылар қауымдастығы үшін ассоциациялық құрылымның болмауы. Тунис әлеуметтанушылар қауымдастығы (1988 жылы құрылған) соңғы төрт жыл ішінде іс жүзінде ешқандай әрекет жасамады. Оның Al Muqadima журналының үшінші әрі соңғы шығарылымы 2010 жылы жарық көрді. Ал үш жылдық конгресін ұйымдастыру мерзімі белгіленген уақыттан бірнеше ай асып кетті. Тунис әлеуметтанушыларының аға буын тарапынан жаңа буынды шеттету басымырақ, олар да өз кезегінде қарсыласып, окшауланумен жауап беруде. Тунистегі әлеуметтік ғылымдар саласындағы іс-шараларды жүргізу Араб Зерттеу және Саясатты Зерттеу орталығы сияқты қаржылық және ұйымдастырушылық тұрғыдан мықты ғылыми мекемелермен ынтымақтаспай іс жүзінде мүмкін емес.

Осындай әлсіз құрылымдық желілерде «ғылыми қауымдастыққа» әлеуметтануды жүргізу үшін күнделікті

>>>

өзгеріп отыратын жағдайға төтеп беру өте қиын. Сонымен қатар, тунистік әлеуметтанушылар әлеуметтік өзгерістерге қарсы тұра алмайтынын көрсетті. Бұл қабілетсіздік осы уақытқа дейін кең таралған парадигмамен байланысты.

> Әлеуметтік өзгерістерді жоққа шығаратын парадигма

Басқа көршілес Солтүстік Африка елдеріндегідей, қазіргі тунистік әлеуметтанулық оқыту/зерттеу қызметі отарлық мұраға негізделген. Постколониялық, бірақ деколониялық болуы міндетті емес – әлеуметтану жоғарыдан қалыптасқан мемлекет тұрғысынан әлеуметтік өзгерістерді қарастыратын көзқарасты мұра етті. Ұлт-мемлекет-қоғам арасындағы қарым-қатынасының өзегінде дамушы-модернизацияланған әлеуметтану белгілі бір дәрежеде миопиялық болды. Миопиялық бола отырып, оның әлеуметтік өзгеріс тұжырымдамасы қоғамға үш субъектінің арасындағы «күш-жігерді түсіну» конфигурациясын қайта құруда/бұзуда маңызды рөл жүктемеді. Авторитарлық «әлеуметтік тұрғыдан бекітілмеген және жойылған» мемлекет тарихи өзгерістердің қатысушысы ретінде артықшылыққа ие болды. Тунис халқы жай ғана химера және «ойдан шығарылған» деп есептелді және оның өзінің тарихилығын бақылау мүмкіндігі жоққа шығарылды. Осылайша, 2010-2011 жылдардағы атақты тунистік төңкеріс болған кезде, ол әлеуметтік өзгерістерді талдаудың сол кездегі үлгісіне сәйкес келмеді.

2010-2011 жылдардағы революцияның тарихи бетбұрысы не болып жатқанын түсіну үшін жаңа әлеуметтанулық парадигманың қажеттілігін айқын көрсетті. Қолданыстағы объектив «қоғамның мемлекеттен кек алуын» қабылдауды, түсінуді, тұжырымдамалауды және моделдеуді қиындатты. Сонымен бірге, санитарлық-әлеуметтік дағдарыс теориялық-парадигматикалық деңгейде кез-келген әлеуметтанулық жұмысты одан әрі күрделендірді. 1960 жылдардың соңынан бастап осы салада жұмыс істейтін тунистік әлеуметтанушы

COVID-19-ды «әлеуметтік факт» деп бағалады (Мосстың айтуы бойынша, жалпы әлеуметтік факт). Бұл әлеуметтік өзгерістерді қарастыратын жаңа объективтің жоғары мәнерлі бейнесі болды. Тек бірнеше пікірталастар объективтілікті/субъективтілікті, ішкі/сыртқы, жергілікті/жаһандық, тарихи/құрылымдық мәселелерді әлеуметтік зерттеулер жүргізу кезінде қайта қарауға (талқылауға) бағытталған. Бұрынғы басым көзқарастардан арылу үшін әлі де ұзақ жол жүру керек. Төменнен бастау алған қоғамның дауыстары әлеуметтанушыларды өздерінің ұстанымдары мен аналитикалық көзқарастарын қайта қарауға мәжбүр ете алмады.

Жаңа парадигмаға көшу – батыл қадам және ол енді ғана басталды. Егер әлеуметтік білімнің кең таралуы қамтамасыз етілмесе, ол сәтті болмайды.

> Қоғамдық емес әлеуметтану

Қалыптасуы қиын Тунис әлеуметтанушылық өрісінің, сондай-ақ ғылыми ортаның алдыңғы екі сипаттамасы нәтижелерінің бірі – әлеуметтанушылық білімнің элиталық болып қалуы. Мұның бірінші себебі – Тунис университеттері қоғамнан оқшауланған, ал қоғамтанушылар әлеуметтік пікірталастардан шеттетілген диктатураның ұзақ тарихында болса керек. Қоғамдық пікірталастарға қатысуға енjarлық – Тунистегі әлеуметтанушылардың ең күрделі мәселелерінің бірі.

Тунисте алынған әлеуметтік білімнің нақты сипаттамаларына келетін болсақ, тілмәселесі өте маңызды екенін атап өткен жөн. Бір жағынан, Тунистегі әлеуметтану, жетпісінші жылдардың ортасында басталған арабтандыру саясатына қарамастан, әлі де болса ішінара француз тілінде оқытылады. Студенттерге негізгі тұжырымдамалық құралдар ұсынылған кезде, әдетте, олардың түпнұсқа/француз тіліне аударылған «аналогтары» бірге жүреді. Ағылшын тілі негізінен қолданылмағандықтан, әлеуметтанулық зерттеулердің маңызды бөлігі француз тілінде «шет тілі» ретінде жүргізіледі. Екінші

жағынан, квазитоталды арабтандыру жағдайында әлеуметтанулық білім мен тұжырымдарды кеңінен тарату әлі де қиын. Осылайша, өзінің ғылыми жарғонында қолданылатындай, әлеуметтанулық дискурстың кеңеюі мүмкін емес деп айтуға болады. Бұл, әсіресе, басқа, негізделген әлеуметтік дискурстарға қатысты болған кезде байқалады. Күшті әлеуметтік өзгерістер мен бақыланбайтын «prise de parole» (француз әлеуметтанушысы де Сертодан шыққан «сөз алу») туындаған елдегі барлық әлеуметтік пікірталастардың шамадан тыс саясаттануы әр түрлі әлеуметтік дискурстарды тең және өзара алмастыра алатындай етіп көрсетеді.

Мұндай жағдайларда ғылыми үндеуді ажырату және есту қиын. Осылайша, тунистік әлеуметтанушыларға толық ұйымдастырылған қоғамдық пікірталастарда және рационалды түрде жұмыс істейтін қоғамдық салада «ұтымды сарапшы» көзқарасына сілтеме жасау қиынға соғады.

> Қорытынды

Осы мақалаға арқау болған өнімділік объектісі Тунис әлеуметтануы бүкіл тарихында өзінің бар екенін дәлелдеу үшін сынға ұшырағанын көрсетеді. Сондай-ақ, мақалада соңғы онжылдықтағы нақты мәселелер туралы түсінік берілген. Тунистегі қазіргі үштік дағдарыс – Тунис әлеуметтануы үшін тағы бір бетбұрыс кезеңі және оны сәтті шешуге күші жеткіліксіз сияқты көрінеді.

Бұл мақаланың мақсаты – болашақ туралы терең пікірталасты жандандыру. Пікірталасты белсенді етудің бір тәсілі – тунистік әлеуметтанушылардың әр түрлі буындары, олардың жеке мансаптық мүдделері мен ұжымдық әрекеттері арасындағы алшақтықты жою. Олардың желілік мүмкіндіктерін кеңейту үшін бір мезгілде жергілікті, өңірлік және халықаралық деңгейлерде жүзеге асырылуы тиіс. Біздің жаһанданған әлемде мұндай жақсы қаруланған Тунис әлеуметтануы халықаралық әлеуметтік білімді талқылауға және дамытуға құнды үлес қоса алады. ■

Хаттарды Мүнир Сайданиге <mounir.saidani@issht.utm.tn> жіберуге болады.

> Covid аясындағы теңсіздікті жою

Уилма С. Ншито, Замбия Университеті, Замбия



Касамба мектебімен бірге тағы да 58 мектепке қол жуатын үлкен бекеттер орналастырылған. Суретке түсірген: Су қауіпсіздігі бойынша Лусака бастамасы (LuWSI).

2020 жылғы сәуір айының басында Замбияда COVID-19 алғашқы оқиғасы тіркелгені жарияланған кезде, әлеуметтік желілердегі комментарийлар легінің басым бөлігі ауру тек бәрін емес белгілі бір әлеуметтік топтарды ғана шарпиды деген пікірді қолдайтынын көрсетті. Әлгі адамның Еуропадан демалыстан келгендігі жаңа ауруға ұшырайтындар негізінен қалталылар, ал бұқара халықтың белгілі бір иммунитеті бар деген ойға итермеледі. Алғашқы толқынның барысы өзгелерге қарағанда, ауқатты қауымдастық өкілдерінің жірек ауырғанын көрсетті. Бұл қоғамдық денсаулық сақтау хабарламаларының жоспарланбаған елдімекендерге және ауылдық аймақтарға тарауына кедергі болды, себебі «COVID-19-дан біреудің шейіт болғанын Сіз көрдіңіз бе?» деген сауалды қою оңай еді. Нақты дәлелдер болмағандықтан, көпшілік үшін ол жалған болып қала берді. Кейбіреулер оны үкіметтің жылу жинау әдісі ғана деп айыптады.

> Екінші толқын

Екінші толқынның аса үлкен айырмашылығы болған жоқ, қастандық теориялары сол күйі атой салғанын жалғастыра берді. Табысы төмен қауымдастықтардағы бұқара халықденсаулыққа зияны жөніндегі ескертулерді құлаққа

іле қоймады. Маска тағу қажет деп есептелмеді, ал кейбір аудандарда тіпті маска тағушыларды вирусты таратушылар деп айыптады. Бұл екі қала туралы әңгіме сияқты, себебі оның бір бөлігі – маскада, екінші бөлігі тақпады. Covid-қа қарсы шаралар ұлттық деңгейде жүріп жатқанда төменгі деңгейдегі алыс елдімекендерде не болып жатқанын көру мүмкін емес еді. Халық тығыз орналасқан осы аудандарды пандемияның келесі толқындарына дайындау үшін не істелді? Міне, тап осы жерде Су қауіпсіздігі бойынша Лусака бастамасы (LuWSI) көмекке келді. LuWSI – мемлекеттік және жекеменшік сектор, азаматтық қоғам, қоғамдық ұйымдар (ҚҰ), сонымен қатар жергілікті және халықаралық ҰЕҰ қамтитын көптеген мүдделі тараптардың ынтымақтастық жүйесі. LuWSI мақсаты – «барлығы үшін су қауіпсіздігін және сау әрі дамушы қаланы қолдауды» қамтамасыз ету. Неміс халықаралық ынтымақтастық корпорациясының (GIZ), Табиғи ресурстарды басқару Бағдарламасының қолдауымен 2016 жылғы бастамасы 30 серіктеске ұлғайды. Әр серіктестің өз өкілеттілігі бар, бірақ олар қаладағы су қауіпсіздігін жақсарту мақсатындағы жұмысты бірлесе атқаруға тырысуда.

> Бұқараның COVID-ке жауабы

2020 жылдың ортасында елде COVID–пен ауырғандар саны арта бастағанда, LuWSI серіктестері COVID суды



Қол жууды үйрету үшін мектептерге су құятын ыдыстар таратылды. Ұсынған: LuWSI.

пайдалануды анағұрлым көбейту және қосымша сабын мен залалсыздандырғыш заттарды сатып алуды талап еткенін ескере отырып, табысы төмен қауымдастықтарда тазалық сақтау тәжірибелерін жақсартуға үлес қоса алу мүмкіндіктерінің әдістерін қарастыра бастады. Табысы төмен қауымдастықтар тіршілік ету құралдары үшін күнделікті күрестен әбден қажыды және енді COVID-19 үй қожалығы деңгейінде басқа құнға ие болды. Әртүрлі серіктестер саналуан шараларды ұсынды және өлім деңгейі салыстырмалы түрде төмен болғанына қарамастан, Замбия халықтың аз қамтылған топтарына көмек көрсету мақсатында күшін арттыра түсті және әртүрлі әдістерді қолданды.

Лусака қаласында өткізілген бірнеше шаралар осының нәтижесі еді. Базарларды тазалау және дезинфекциялау, қолжуғыштармен сабын тарату, қол жуу және COVID туралы білімді толықтыру мақсатындағы «бос қолдар» алғашқы әдістердің бірі болды. Аз қамтылған қауымдастықтардан шыққан оқушылар вирустың әлеуетті тасымалдаушылары болғанына қарамастан, хабарламалар мен шаралардың айырбасына қатыспайтынын түйсінуге Лусаканың қалалық кеңесіне мектептерге көмек серіктестігінің Жасыл Бағдарламасы арқылы қаланың 100 мектебіне көмек және қолдаудың «Мектепке қауіпсіз оралу» (SB2S) науқанын бастауға мұрындық болды. Негізгі серіктестер WaterAid, Лусаканың қалалық кеңесі, білім министрлігі мен денсаулық сақтау министрлігі. SB2S науқаны қауымдастық мүшелерін үйдегі күтімге, мектептерде COVID-19-ға қарсы күресті жақсартуға және тазалықты насихаттауға үйретеді. Осы науқан аясында оқушылар қол жуған кезде ауру жұқтыру мүмкіндігін шектеу мақсатында «қол көмегіңіз» қол жуу үшін мектептерді бірнеше бекетпен жабдықтады. Сонымен қатар судың жетіспеушілігін болдырмау үшін мектептерге су сақтайтын үлкен ыдыстар таратты.

COVID-19 қарсы күрестің жоспарын жасағанда оны деңгейлеу – LuWSI жүзеге асырған тағы бір қадам. Қамқорлықты дамыту комитеттері (WDC) әр ауданында Covid ахуалы туралы айту үшін қарым-қатынас жасау дағдысына үйретті. LuWSI аясында жалғасып отырған шаралардың бірі – WDC-та оқып шыққаннан кейін қатардағы қауымдастықтарды дербес қорғаныс құралдарымен (ДҚҚ) қамтамасыз ету. Осы бастама негізінде COVID-19-ға қарсы жоспарды әзірлеуге қатысқан WDC-тар қолғап, тазалаушы заттар, дезинфекция құралдарын, сабын, хлор, қоқыс салатын шелектер, сыпырғыштар және су құятын ыдыстар алды.

> Табысқа жетелейтін кішкентай қадамдар

Осы мақалада көрсетілген шаралар көлеміне қарай шектеулі және мардымсыз көрінуі әбден мүмкін. Бірақ біреу «егер LuWSI ынтымақтастық платформасы табысы төмен осы мектептер мен қауымдастықтарға көмектеспесе не болар еді» деген сұрақ қойғанда, жауабы «ештеңе» екені анық сияқты. Әрине, орталық үкімет Covid-ке қатысты ұстануға тиісті басқару принциптерімен танысуға күш салды. Үкімет мектептер мен коммерциялық ғимараттарды қолды дезинфекциялау мен жууға қажетті заттармен қамтамасыз етуді талап ететін жарлықтарды шығарды, бірақ көбіне мектептерге қызмет көрсететін қауымдастықтардың пандемияға байланысты осы қосымша қажеттіліктерді сатып алуға шамасы жоқ. Қалыптасқан жағдайда LuWSI табысы аз қауымдастықтарға аса қажетті көмекті көрсету үшін әртүрлі серіктестердің ресурстарын платформада біріктіре алды. Бірлескен платформа басқа да мүдделі тараптардың COVID-19 қарсы күресте орталық үкіметтерге табысты көмектесе алатындығын көрсетті. ■

Хаттарды Уилма С. Ншитоға <wsnchito@yahoo.com> жолдауға болады.

> Кун философиясындағы ибн Халдун парадигмасы

Махмұд Дауади, Тунис университеті, Тунис және ХӘҚ Әлеуметтану тарихы (ЗК08), Дін әлеуметтануы (ЗК22) және Тіл мен қоғам (ЗК25) зерттеу комитеттерінің мүшесі



Тунистегі ибн Халдунның статуясы. Ұсынған: М. Дһифаллах / Creative Commons.

Осы мақала ибн Халдунның Мукаддима атақты еңбегіндегі Жаңа Ғылымды – араб тілінде «Илму әл умран әл башари», яғни «адамзат өркениеті мен әлеуметтік ұйымдасуы туралы ғылым» – ашуы мен жасауына арналған. Ғылымға заманауи философияның перспективасын және ибн Халдунды (1332–1406) әлеуметтік ғылымдардың жаңа парадигмасын ашуға алып келген процесті анықтау үшін Кунның

парадигма, қалыпты ғылым мен революциялық ғылым концепциясын пайдаланамын.

Мукаддима авторының революциялық ғылыми рухын сезіну үшін заманауи ғылым философиясы бойынша әдебиеттермен танысу өте маңызды. Қалыпты ғылымнан революциялық ғылымға өту дегенді түсіну және ибн Халдунның әлеуметтік ойын бағалау үшін Кун концепциясын сипаттаймын.

> Парадигма ұғымы

Күнделікті өмірде қолданылатын тілде «парадигма» сөзі – ұдайы өндіруді немесе қайталауды талап ететін әдеттегі мысал немесе үлгі. Кун *The Structure of Scientific Revolutions* [Ғылыми революциялар құрылымы] жазғандай, жай уақытта релевантты ғылыми қауымдастықта сақталуы қажет теориялық және әдіснамалық ережелерге, қолданылуы тиіс құралнамаға, зерттелуі керек түйткілдерге және зерттеуді бағалауда қолданылатын стандарттарға қатысты консенсус орнайды. Консенсус ғылыми қауымдастықтың ғылымның кейбір өткен жетістіктерін үлгі немесе парадигма ретінде қабылдауына негізделген. Әрі қарай «парадигма» концепциясының ғылым философиясы туралы ойдағы революциясы түсіндіріледі.

> Қалыпты және революциялық ғылым

Кун кітабында ғылымның екі түрін ажыратады: қалыпты ғылым және революциялық ғылым. Кун қалыпты ғылымды ғалымдардың өз алаңдарында ортақ білімді, тұжырымдарды, теориялар мен ережелерді бөлісетін ғылым ретінде қарастырады. Бұдан ауытқу оларды ғылым саласынан аластатқызар еді. Осылайша, қалыпты ғылым ғылыми қауымдастықтың әлем қандай екенін білетіндігі туралы болжамына негізделеді. Қалыпты ғылым алдыңғы ғылыми жетістіктерді болашақ тәжірибелері үшін заңды іргетас деп

есептейді. Осы мақсатпен қалыпты ғылым, әдетте, іргелі жаңашылдықтарды жаншып отырады, себебі олар оның негізгі міндеттемелеріне қарама-қайшы. Осылай, Кунның түсіндіруі бойынша қалыпты ғылым ғылыми жетістіктердің кумуляциялық процесіне сүйене отырып прогресс пен ілгерілеуге жете алады.

Алайда, Кун ғылыми революция ескі парадигманың үйлеспейтін жаңасымен толық немесе жартылай ауыстырылатын дамудың кумуляциялық кезеңі емес екенін көрсетеді. Кунның пікірінше, парадигманың ауысуына алып келетін ғылыми революция саяси революцияға ұқсайды. Соңғысы қауымдастық мүшелері қазіргі институттардың өздері ішінара қалыптастырған қоршаған ортамен байланысты түйткілдерді: аномалиялар мен дағдарыстарды – адекватты шеше алмайтынын ұғына бастаған кезде басталады. Дағдарыстағы парадигманың қалыпты ғылымның жаңа дәстүрі өндірілуі мүмкін жаңа парадигмаға өтуі кумуляциялық процесс емес.

> Араб-мұсылман тарихнамасының дағдарысы

Кун перспективасын ибн Халдунның ғылыми зерттеулеріне қолдануға болады. Халдунның ғылым жолындағы алғашқы қадамы мұсылман тарихшыларына қатысты мықты сыни позициясы арқылы ұсынылған. Ол мұсылман тарихнамасының терең дағдарыста болғанын ашық көрсетеді. Оның төменде ұдайы өндірілетін өз терминдері оның осы тарихшылар арасында ғылыми нақтылықтың жоқтығына жан айкайын сипаттайды. Ибн Халдун заманында немесе одан ерте мұсылман әлемінде тарих пәні немесе ибн Халдунның айтуынша, «Тарих өнері» жағдайы жақсы болмаған сияқты. Кун пікірінше мұсылман тарихнамасы дағдарыста болды және бұрын соңды мұсылман тарихшылары интеллектуалдық мұрасының кумуляциясынан оқшау деп танылған жаңа революциялық парадигма үлгісіндегі шешімге мұқтаж болды. Мукаддима авторы әртүрлі кезеңдегі мұсылман тарихшыларын сынаған. Ибн Халдунның мұсылман тарихнамасының жағдайына көзқарасын:

«Атақты мұсылман тарихшылары тарихи оқиғаларды жан-жақтан жинақтап, кітап түрінде жазды. Бірақ, тарихпен шұғылдануға құқы болмаған тұлғалар осы кітаптарға өздері ойлап тапқан немесе еркін құрастырылған, шындыққа жанаспайтын қауесеттерді, сондай-ақ ойдан шығарылған немесе әсерлендірілген жалған, дискредитацияланған хабарламаларды енгізді. Ізбасарларының басым бөлігі олардың жолын қуып, сол ақпаратты естіген күйі жеткізді. Олар оқиғалар мен жағдайлардың себептерін іздемеді немесе назар аудармады, мағынасыз оқиғаларды жоққа шығармады немесе алып тастамады. Ақиқатқа жетуге жұмсалатын күш тым аз. [...] Дәстүрлерге ойланбай нану – адам бойына туа біткен қасиет¹», – деген жалғыз дәйексөзі-ақ сипаттайды

> Ибн Халдунның революциялық жаңа ғылымы

Ибн Халдунның Жаңа ғылымының ашылуы Кунның революциялық ғылым парадигмасына сәйкес. Ибн Халдунның айтуынша, оның ғылымы кумулятивтік процестің нәтижесі емес. Кунның пікірінше, бұл – нағыз революциялық ғылым. Мукаддима авторы оның жаңа ғылымының пәні туралы ешкімнің жазбағанын мойындайды: «Шындығында, осы бағыттағы ешкімнің де пікірталасын жолықтырмадым». Ибн Халдун Аристотельдің Саясаты, Мобетанның² еңбектері мен мұсылман ойшылдарының кітаптары сияқты бірнеше ойшылдар мен кітаптарды атап өтеді. Ибн Халдун жаңа ғылымының кейбір ерекшеліктерін мазмұндайды: «[Пәні] – белгілі бір мағынада, тәуелсіз ғылым. [Бұл ғылым] ерекше пәнге ие – адамзаттық өркениет пен әлеуметтік ұйымдасу. Осы тақырыпты талқылау – жаңашылдық, әдеттегіден тыс және өте пайдалы». Дегенмен, Ибн Халдун жаңа инновациялық әлеуметтік ғылымының ауқымына қатысты қарапайым болып қалды: «Егер [...] бір нәрсені елеменген болсам немесе [осы ғылым] түйткілдері басқа бір нәрсемен шатасып кетсе, оны түзету міндеті талғампаз сыншының мойнында». ■


DXаттарды Махмұд Дауадиге <m.thawad43@gmail.com> жолдауға болады.

1. Khaldun I. (1980 English edition, tr. F. Rosenthal) *The Muqaddimah* [(1980 жылғы ағылшын басылымы, Ф. Розенталь) Мукаддима], vol. I :6-7.
2. Мобетан сөзі, Аристотельдің Саясатына ұқсас, үнділер кітабын білдіреді.

> Әлеуметтік қиял

және Бразилиядағы құқық әлеуметтануы

Франсиско Беде, IESP-UERJ, Бразилия және Габриэл С. Серкейра, Флуминенсе федералды университеті, Бразилия



Алфредо Чешкиаттидің «А Justica»-сы. Бразилияның Жоғары федералдық соты ғимаратының алдына қойылған статуя. Ұсынған: Рикардо / Creative Commons.

Казіргі Бразилияда заңның қалай жұмыс жасап жатқандығын түсіну үшін қиял концептісінің маңыздылығы артып келеді. Бұл бразилиялық құқықтың әлеуметтік жүйесі мен әлеуметтік динамика және ұлттық саясаттың басқа аспектілері арасындағы байланыстың (1) олигархтық басқару емес, өкілдері арқылы азаматтардың белсенді қатысуына негізделген демократиялық саяси өмір; (2) экономикалық автономды және тиімді ұлттық даму; (3) мемлекеттің нәтижелі қызмет етуі азаматтарының негізгі құқықтары шеңберінде жүзеге асатын индивидуалдық еркіндікке негізделген қоғамдық өмір сияқты қазіргі заманғы өмірдің орталығы болатын құндылықтар мен ұстанымдарды нақтылауға ықпалын талдаудың маңызды концептісі.

Қиялдағыны субъектінің репрезентациялары мен практикаларын қамтитын дүниетаным деп ұғынуымыз қажет, себебі олар Корнелиус Касториadis «әлеуметтік қиял» деп атаған ұжымдық динамика мен институттардың қызмет етуі үшін ортақ бағдар ретінде жұмылдырылады. Осы мағынада қиялдағы ұғымы «жалған сана» деп қана қабылданбай, нақты әрекеттеріміз үшін мән-мағына координаттарын қамтамасыз етуші мағынасындағы идеология концептісінен айырмашылығы көп емес. Сондай-ақ, дүниетаным тікелей логикалық емес (яғни қарапайым рационалдылыққа тіреп қоюға болмайтын) аспектілермен үнемі терең байланыста екендігі туралы фактіге назар аударту үшін дәл осы концептіні мобилизациялап отырмыз. Демек, әлеуметтік қиял жасырын эмоциялар мен мәндерді туындатып, көп жағдайда қалтарыста қалады.

> Заманауи құқықтың абстрактілі сипаты

Заманауи құқықтың абстрактілі сипаты – құқық әлеуметтануы қиял концепциясын инкорпорациялау мүмкіндігін қарастыруы тиіс басты себеп. Заманауи құқық әр адамды тең және еркін, автономды субъект және негізгі құқық тасымалдаушысы деп анықтайтын азаматтық институтына негізделген. Бұл құқықтың аса абстрактілі пәнін ұсынады: азаматты оның еркін және кез келген басқа азамат ие негізгі құқықтары бар екендігі анықтайды. Сәйкесінше, осы абстрактілік теңдік шеңберінен тыс шындық пен индивидтердің нақты өмірі аспектілері құқық объектісі емес, жеке өмірді өлшеудің бөлігі ретінде заңмен жоққа шығарылады. Осылайша, бір нәрсе заманауи құқық пен заманауи құқықтық тәртіптің бөлшегіне айналуы үшін ол осы абстрактілі форма (арнайы құқықтар мен азшылық «құқықтары» да азаматтардың негізгі еркіндігі мен теңдігінің көрінісі ретінде әзірленуі керек) негізінде анықталуы тиіс.

Осы абстрактілі және «әмбебап» заңды шекараларының нормативтік негізі еркін және партикулярлық қолданысқа вето салғанымен (себебі заманауи заң заңгерлер мен адвокаттардың еркі мен тәптіштеуін білдірмейді), дәл осы заңды шекаралар өз операторларын абстрактілі кодтарды нақты мәселелердегі нақты шешімдерге айналдыруға мәжбүрлейді. Осылайша, мұндағы шешуші аспект – заң жүйесінің саясатқа немесе нақты субъектілер мүдделеріне бағынышты болуында емес (егер орын алса да), ал

абстракттілі заңның нақты шешімге ауысуы барысындағы қиялдағының абстракттілі заң қамтамасыз ете алмайтын координаттарды ұсына отырып, өзін таңуы.

> Әлеуметтік қиялда заңның бекітілуі

Екінші жағынан, заманауи заңның құқықтық парадигмасына (абстракттілі) азамат ұғымын енгізу де азаматсыздық кеңістігін өндірумен ерекшеленеді. Парадокс болса да, бірақ абсолютті суверендік биліктен, «азаматтар» арасында абсолютті сувереннің саяси контентін қайта бөле отырып, халық суверинитетіне өту саяси билігі жоқ әлеуметтік дененің бір бөлігін қалдырады. Егер бұл алшақтық позитивті құқықтық тәртіп аясында анық бекітілмесе, дегенмен, ол күнделікті әлеуметтік өмірде көрініс табады. Оның қарама-қайшылығы әдетте заң операторларына жүктеледі.

Уолтер Бениамин осыны алғашқы байқағандардың бірі болды және заң мен қиялдағының арасындағы (әртүрлі көрінісіндегі) өзарабайланысты іздейтін интерпретацияны жасады. Интерпретацияға сәйкес заң институты әлеуметтік экстернализм (абстракттілі заң аясы) мен заңның іргелі озбырлығының иррационалдық зорлық-зомбылығы арасында конститутивтік бөлінген. Заң – бір уақытта (және синхронды түрде) «қисынды» контент пен еркін «иррационалды» нұсқаулық. Заңның конститутивтік тұсы туралы нарратив үнемі а posteriori құрылса, осы бөлінген элемент заңның догмалық интерпретациясымен ретроактивті жасырынған, мұны юрист Пьер Лежандр «догмалық тәртіп» деп атайды.

Осылайша, қазіргі заманның осы бөлінген құқықтық тәртібінің айналасында (дүниетанымды) қалыптастыруды қамтамасыз ететін интернализацияланған әлеуметтік қиялды қарастыратын құқық әлеуметтануын зерттеуге

есік ашылады – біз оны қиялдағыны бекіту дей аламыз. Осы бағыт арқылы ұлттық тарихи құрылымдармен белгіленген субъективтілік формаларын зерттеуге болады, олар құқықтық дайындық динамикасында және құқықтық практиканы тудыратын және құқық жүйесінде ішкі тәртіпті орнататын әлеуметтік қатынастарда (ұдайы) өндіріледі.

Бразилия заңнамасы халық және үстем таптардың заңды (емес) болуын түбегейлі іріктеу түрде, күндіз-түні, ешқандай шектеусіз реттейді. Қиялдағы тәртіп заңның ішкі қарама-қайшылықты, шиеленісті және фрагменттік бөлігін (заманауи абстракттілі заң мен оның озбыр және күш көрсететін суперегоистік субстраты арасында) алмастыру үшін әрекет етеді, ол заңдағы осы іс-қимылды қолдайды және оны заңдастырады. «Нәсіліне байланысты» адамның қылмыстық топқа қатысы бар екенін анықтайтын сот шешімін не нәрсе санкциялайды және заңдастырады? Бразилиялық фавелдегі полицияның кара және кедей халыққа қарсы заңсыз әрекеттерін, заңды дискурс арасында жасырын болса да, не заңдастырады? Немесе газет беттерінде күн сайын жарияланатын шешім қабылдауға казуистік көзқарас па? Бразилия заңнамасының күрделілігі мен қайшылықтарын түсіну үшін пәнаралық теориялық-әдіснамалық өзара іс-қимыл қажет. Бұл дәстүрлі құқық әлеуметтануының сабақтарын ғана емес, сонымен бірге философияны, психоталдау мен тарихты біріктіруді қажет етеді, онсыз заң саласындағы қиял тұжырымдамасының орталық рөлін айқындау мүмкін емес. ■

Хаттарды Франсиско Беде <franciscojuliaomb@gmail.com> мен Габриэл С. Серкейраға <gabrielscerqueira@gmail.com> жолдауға болады.